

Электр энергетикасы және жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 290 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 78 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 2 қыркүйекте № 19323 болып тіркелді.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5, 6-тармақтарына, 143-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.12.2022 № 449 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2022 № 140 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жылу энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 7-1-қосымшаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 7-2-қосымшаға сәйкес жылу өндіруші субъектілерге қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 7-3-қосымшаға сәйкес жылу тасымалдаушы субъектілерге қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

11) осы бірлескен бұйрыққа 7-4-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы;

12) осы бірлескен бұйрыққа 7-5-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты жылу энергетикасы саласындағы тексеру парағы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.12.2022 № 449 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2022 № 140 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру мақсатында электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) болмашы бұзушылықтар – технологиялық бұзушылықтардың туындауына, энергия тұтынудың белгіленген режимдерінің бұзылуына, халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін алғышарттар туғызбайтын электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы;

2) елеулі бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруіне әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, сондай-ақ технологиялық бұзушылықтар туралы есептерді, мәліметтерді, жедел хабарламалар мен электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты уақтылы ұсынбау;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) өрескел бұзушылықтар – адам өмірі мен денсаулығына, өртке, қоршаған ортаның ластануына, белгіленген энергия тұтыну режимдерінің бұзылуына әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы, сондай-ақ есептерді, технологиялық бұзушылықтар туралы есептерді, мәліметтерді, жедел хабарламалар мен электрмен жабдықтау сенімділігінің көрсеткіштері туралы ақпаратты ұсынбау және дәйексіз мәліметтерді ұсыну;

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылаудың жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің

нәтижелеріне қарай бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) технологиялық бұзушылық – электр энергиясын өндіру, беру, тұтыну процесінің бұзылуына әкеп соққан жабдықтың, электр желілерінің істен шығуы немесе зақымдануы, оның ішінде жану немесе жарылыс, белгіленген режимдерден ауытқу, жабдықтың санкцияланбаған ажыратылуы немесе жұмыс қабілеттігінің шектелуі немесе ақаулары салдарынан істен шығуы немесе зақымдануы;

10) тексеру парағы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

11) энергия беруші ұйым – шарттар негізінде электр немесе жылу энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін ұйым;

12) энергиямен жабдықтаушы ұйым – сатып алынған электр және (немесе) жылу энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

13) энергия өндіруші ұйым – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, өз мұқтаждары және (немесе) өткізу үшін электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

14) электр қондырғысы – электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, беруге және оны энергияның басқа түріне айналдыруға арналған машиналардың, аппараттардың, желілер мен қосалқы жабдықтардың (олар орнатылған құрылысжайлар және үй-жайлармен бірге) жиынтығы;

15) электр энергетикасы – электр энергиясын өндіру, беру, жабдықтау және тұтыну саласы;

16) электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жеке және заңды тұлғалар, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына бір реттен жиі болмайды.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы Профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

5. Электр энергетикасы саласындағы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

6. Объективті критерийлерді анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып жүзеге асырылады:

- 1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;
- 2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлардың, зиянның ауырлық ауқымы;
- 3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

7. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілері (объектілері) мыналар:

1) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар;

2) ажырату технологиялық бұзушылыққа, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуына, қоршаған ортаның ластануына, өртке, энергия тұтынудың белгіленген режимдерінің бұзылуына, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығына, жеке, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіруге, әлеуметтік немесе экономикалық салдарларға әкеп соғуы мүмкін электр қондырғысын пайдаланатын, сондай-ақ балансында 0,4 кВ және одан жоғары электр қондырғылары бар жеке және заңды тұлғалар, атап айтқанда:

қалалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, кәріз және жылумен жабдықтау объектілері;

әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін аэронавигациялық ұйым объектілері;

мұнай өндіру және мұнай өңдеу ұйымдары объектілері;

тау-кен өндіру және тау-кен байыту ұйымдары объектілері;

өндірістік процестің үздіксіз циклі бар металлургиялық кәсіпорындар объектілері.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Орташа тәуекел дәрежесін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) жиынтық тұтынылатын электр қуаты 10 (он) мегаватттан (бұдан әрі - МВт) жоғары электр энергиясының ірі тұтынушылары жатады.

10. Тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне (объектілеріне):

1) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;

2) электр энергетикасы саласында энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшы ұйымдар;

3) тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілері (объектілері) жатады.

11. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылмаған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

12. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

13. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы жоспардан тыс тексерулер мен профилактикалық бақылаудың қорытындылары;

2) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай жүргізілген профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды , ұсынымдар).

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты алдыңғы тексерулердің қорытындылары пайдаланылады.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі бұзушылықтың үш дәрежесіне бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі:

осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес энергия өндіруші ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес энергия беруші ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға;

осы Өлшемшарттарға 4-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға;

осы Өлшемшарттарға 5-қосымшаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты қолданылады;

осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға;

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес электр энергетика саласында энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға, энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарға және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі осы Өлшемшарттарға 7-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Бақылау субъектісін (объектісін) тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

16. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) 100 деген тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңгеріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

17. Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

18. Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

19. Болмашы бұзушылық көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

20. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейін шәкіл бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтар көрсеткіштерін қосу арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

21. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ге дейін қоса алғанда;

2) тәуекелдің орташа дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ке дейін қоса алғанда;

3) тәуекел дәрежесінің төмен дәрежесіне-тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ға дейін қоса алғанда.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің

22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

22. Талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті критерийлердің деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Өткен профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты кезекті мемлекеттік бақылау кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

23. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

24. Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

25. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтарға қарай тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қосу арқылы және осы Өлшемшарттардың (SC) 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$R_{\text{арал}} = SP + SC,$$

мұнда

$R_{\text{арал}}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

26. Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 баллға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i,$$

мұнда

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i ,

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

Ескерту. Өлшемшарттар 26-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 07.06.2023 № 214 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2023 № 101 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

27. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

мұнда

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

R_{арал} – осы Өлшемшарттардың 25-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Ескерту. Өлшемшарттар 27-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 07.06.2023 № 214 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен; орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің

22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (кұзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.	Елеулі
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	Елеулі
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.	Елеулі
	Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері;	

4	<p>3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі;</p> <p>4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі;</p> <p>5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты;</p> <p>6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.</p>	Елеулі
5	<p>Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <p>1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;</p> <p>2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері;</p> <p>3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау;</p> <p>4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.</p>	Өрескел
6	<p>Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <p>1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;</p> <p>2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері;</p>	Елеулі

	<p>3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау;</p> <p>4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.</p>	
7	<p>Технологиялық бұзушылықтардың техникалық себептерінің жіктеу белгісінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу; 2) балқытып біріктіруді, дәнекерлеуді бұзу; 3) механикалық қосылыстың бұзылуы; 4) механикалық тозу; 5) күлдің тозуы; 6) коррозиялық тозу; 7) эрозиялық тозу; 8) герметикалықтың бұзылуы; 9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету; 10) жарылыс; 11) термиялық зақымдану, қызып кету, күйіп қалу; 12) электр доғасының зақымдануы ; 13) электр окшаулауының бұзылуы; 14) электр байланысының бұзылуы; 15) механикалық бұзылу (зақымдану); 16) жану немесе өрт; 17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу; 18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу; 19) жіктелмеген себептер (ресурстың саркылуы, қож және басқалар); 20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар. 	Өрескел
	<p>Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы:</p>	

8	<p>1) жедел персоналдың қате әрекеттері; 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері; 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер; 4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру ; 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері; 6) жобаның ақаулары; 7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары; 11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері).</p>	Елеулі
9	<p>Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануына байланысты II дәрежелі істен шығулардың болуы.</p>	Елеулі
10	<p>Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.</p>	Елеулі
	<p>Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін</p>	

11	болмаған жағдайларда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылған тергеп-тексеру мерзімдерін сақтау .	Елеулі
12	Ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге жыл сайын 1 (бірінші) желтоқсанға дейінгі мерзімде жіберген электр қондырғыларының келесі күнтізбелік жылға техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын білуін біліктілік тексеруге жататын басшылар тізімінің болуы.	Елеулі
13	Көрсетілетін қызметті алушылар құрған және жыл сайын 1 (бірінші) тамыздан бастап дайындық актісін дайындау үшін жұмысты бастайтын күзгі-қысқы кезеңде көрсетілетін қызметті алушының жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның болуы.	Елеулі
14	Көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы 1 (бірінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде айқындаған күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігінің болуы.	Елеулі
15	Көрсетілетін қызметті алушылардың дайындық паспортын алу мерзімін сақтауы – жыл сайын 19 (он тоғызыншы) қазанға дейін.	Өрескел
16	Мыналардың: 1) негізгі және қосалқы жабдықтарды сынамалық іске қосумен аяқталған жабдықтарды жеке сынау және жекелеген жүйелерді функционалдық сынаудың; 2) энергия объектісін (іске қосу кешенін) пайдалануға қабылдау алдында жүргізілген жабдықтарды кешенді сынаудың болуы.	Өрескел

17	<p>Жедел хабар алмасу бойынша мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып телефон арқылы технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде берілген энергия кәсіпорындарының жедел хабарламасының болуы.</p>	Елеулі
18	<p>Энергетикалық кәсіпорындардың технологиялық бұзушылық туындаған кезден бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген жазбаша хабарламасының болуы.</p>	Елеулі
19	<p>Тұтынушыдан өтінім алғаннан кейін жаңадан енгізілетін немесе қайта жаңартылатын электр қондырғыларын қосуға энергия өндіруші ұйымдар берген техникалық шарттардың мынадай мерзімдерде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қуаты 200 киловатқа дейін (бұдан әрі - кВт) - 5 жұмыс күні ішінде; 2) қуаты 200 - ден 1000 кВт-қа дейін -10 жұмыс күні ішінде; 3) қуаты 1000 кВт жоғары - 15 жұмыс күні ішінде болуы. 	Елеулі
20	<p>Мәлімделген қуаты 10 мегаваттан (бұдан әрі – МВт) жоғары электр желісін пайдаланушыны энергия өндіруші ұйымның электр желісіне қосу кезінде жүйелік оператормен келісілген техникалық шарттардың болуы.</p>	Елеулі
21	<p>Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін сұратылатын және қажетті энергия өндіруші ұйым ұсынған уақтылы, анық және толық ақпараттың болуы.</p>	Өрескел

22	<p>Тұтынушыға (тұтынушыға, тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын пайдаланатын тұтынушы).</p>	Өрескел
23	<p>Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдардың тұтынушыға электр энергиясын толық беруді мынадай жағдайларда алдын ала ескертусіз тоқтату талаптарын сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) энергия өндіруші ұйымның электр желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау; 2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу; 3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия өндіруші ұйымның және басқа тұтынушылардың электр қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру; 4) энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін жұмыс уақытында тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында); 5) авариялық жағдайда. 	Өрескел
	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда	

24	<p>жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеуді жүргізу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі ; 4) КЕАА жасанды дискісін тежеу; 5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату. 	Өрескел
25	<p>Энергия өндірісін өндірістік-технологиялық, жедел-диспетчерлік және ұйымдастырушылық-экономикалық басқару міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйелерінің болуы, атап айтқанда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 2) диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 3) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесіне жүктеледі. 	Елеулі
26	<p>Энергия өндіруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері басшылары мен мамандарының білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден үш жылда кемінде бір рет өту мерзімін сақтау.</p>	Өрескел
27	<p>Жылына кемінде бір рет энергия өндіруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, электр техникалық және электр технологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту мерзімін сақтау.</p>	Өрескел

28	Келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың тізімін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін жіберу мерзімін сақтау.	Елеулі
29	Энергия өндіруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.	Елеулі
30	Біліктілік тексеру жүргізу үшін комиссия құру туралы энергия өндіруші ұйым басшысының бұйрығының болуы.	Елеулі
31	Энергия өндіруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы.	Елеулі
32	Білімді біліктілік тексеру қорытындысы бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасын ресімдеу.	Елеулі
33	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау: жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімін бастапқы біліктілік тексеру; қайталау; білімнің мерзімді біліктілік тексерулері; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.	Елеулі
	Жөндеу персоналымен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау:	

34	<p>жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде:</p> <p>жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімді бастапқы біліктілік тексеру; білімді мерзімді біліктілік тексеру; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.</p>	Елеулі
35	<p>Энергия өндіруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.</p>	Елеулі
36	<p>Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы: персоналды (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімін біліктілік тексеру; нұсқаулық; аварияға қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру ; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, тренажерлық дайындық орталықтарының мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері өткізу; персоналдың мерзімдік медициналық тексеруін жүргізу.</p>	Елеулі
37	<p>Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия өндіруші ұйымның бас техникалық басшысымен бекітілген жұмыскерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау үшін үлгілік бағдарламалардың болуы.</p>	Елеулі
38	<p>Лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде оқу және тағылымдама</p>	Өрескел

	аяқталғаннан кейін білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу сақтау.	
39	Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша топты растамау жағдайында лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жұмыскерді еңбек міндеттерін өту орындаудан шеттетуге талабын сақтау.	Өрескел
40	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу талабын сақтау.	Өрескел
41	Орталық комиссия төрағасына мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды тағайындау талабын сақтау.	Елеулі
42	Құрамында төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамнан тұратын энергия өндіруші ұйымның біліктілік тексерулері жөніндегі орталық комиссияның болуы.	Елеулі
43	Жұмыскерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.	Болмашы
44	Әрбір құрылымдық бөлімшеде техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
45	Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан астам желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру талабын сақтау.	Елеулі

46	<p>Жүйелік оператордың нұсқауы бойынша энергия беруші ұйымның электр желілерін мынадай мән-жайлар:</p> <p>1) адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне немесе электр қондырғылары жабдықтарына төніп тұрған қауіп-қатердің алдын алу;</p> <p>2) электр станциясындағы немесе қосу жабдықтарындағы авария;</p> <p>3) энергия өндіруші ұйымның жедел персоналының энергия беруші ұйымның немесе жүйелік оператордың диспетчерлік өкімдерін орындамауы;</p> <p>4) авариялық жағдайларды жою және оның дамуын болдырмау;</p> <p>5) еңсерілмейтін күш жағдайлары кезінде генерациялайтын қондырғылардан ажырату тәртібін сақтау.</p>	Елеулі
----	--	--------

Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

Энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергия беруші ұйым есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін жіберген технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептілікте туындаған технологиялық бұзушылықтар туралы ақпараттың болуы.	Елеулі
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді	Елеулі

	бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	
3	Энергия беруші ұйымда технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жазбаша хабарламасының болуы.	Елеулі
4	Энергия беруші ұйым берген технологиялық бұзушылық және жазатайым оқиға туралы жедел және жазбаша хабарламада мынадай мәліметтердің болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты; 6) ақпарат берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.	Елеулі
	Авария бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау: кернеуі 220 киловольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары болатын электр беру желісінің ұзақтығы 25 тәулік және одан да көп мәжбүрлі тоқтап қалуына әкеп соққан зақымы; Бірыңғай электр энергетикалық жүйенің (бұдан әрі – БЭЖ) және оның оқшауланған бөлігінің (

5	<p>энергия торабының) жиілігі 49 герцтен (бұдан әрі – Гц) төмен 30 минуттан артық немесе жиілігі 51 Гц-тен асатын жұмыс үш минуттан артық жұмыс істеуі; тұтынушыларға электр энергиясының 250 000 киловатт-сағат (кВт.сағ) және одан да көп мөлшерінде жеткіліксіз жіберілуіне әкеп соқтырған электр станциясының және (немесе) электр желісінің жұмысын бұза отырып немесе оны жекелеген бөліктерге бөле отырып , БЭЖ тұтастығының бұзылуы.</p>	Елеулі
6	<p>I дәрежелі істен шығу бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау: қуаты 50 МВт турбинаның, қуаты 60 МВт және одан жоғары генератордың, қуаты 75 МВА және одан жоғары трансформатордың, кернеуі 220 кВ және одан жоғары реактордың, ажыратқыштың, электр беру желісінің ұзақтығы 10-нан 25 тәулікке дейінгі мәжбүрлі тоқтап қалуына әкеп соққан зақым; тұтынушыларға электр энергиясының 100000-нан 250000 кВт.сағ-қа дейінгі көлемде жеткіліксіз жіберілуіне себеп болған электр станциясының және (немесе) электр желісінің жұмысын жекелеген бөліктерге бөле отырып, БЭЖ тұтастығының бұзылуы; ұзақтығы 30 минутқа дейін 49,0 Гц-тен төмен жиілікпен немесе үш минуттан аз уақытта 51 Гц жиілікпен БЭЖ немесе оның оқшауланған бөлігінің (энергия торабы) жұмысы; тұтынушыларға электр энергиясының 100000-нан 250000 кВт.сағ-қа дейін толық жіберілмеуіне себеп болған ғимараттар мен құрылыстардың көтергіш элементтерінің зақымдануы, электр станцияларының және (немесе) қосалқы станциялардың, электр беру желілерінің негізгі жабдығының (қуатына қарамастан</p>	Өрескел

	<p>) жұмыс істеу қабілеттілігін мәжбүрлі түрде өшіру немесе өнімділікті шектеу.</p>	
7	<p>II дәрежелі істен шығу бойынша технологиялық бұзушылықтар жіктемесін сақтау; Қазақстан БЭЖ ұлттық және өңірлік электр желілерінде 220 кВ және одан жоғары желілерде автоматты қайта қосумен (АҚК) жұмыс істеу жағдайларын қоспағанда қорғау құрылғыларының жұмысын тудырған энергия тұтыну режимдерінің бұзылуы; диспетчерлік байланыс құралдары мен телемеханика жүйелерінің бір тәуліктен астам мерзімге жұмыс қабілеттілігін бұзу; осы құрылғылардың сигналға жұмыс істеу жағдайларын қоспағанда, қорғаудың және (немесе) автоматиканың дұрыс емес әрекеттері; 220 кВ және одан жоғары желілердегі қуат ағынын шектеу автоматикасының әрекетімен тұтынушыларды ажырату.</p>	Елеулі
8	<p>Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен басталатын келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.</p>	Елеулі
9	<p>Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзарту мерзімдерін сақтау.</p>	Елеулі
10	<p>Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетіне келесі күнтізбелік жылға арналған білімін біліктілік тексеруге жататын басшылардың жыл сайынғы тізімін 1 желтоқсанға дейін ұсыну мерзімдерін сақтау.</p>	Елеулі

11	Ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан астам тұтынушыларды электрмен жабдықтаудан ажырату.	Өрескел
12	Тұтынушыдан еркін нысанда өтініш алғаннан кейін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тұтынушыны қосу схемасымен тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісімен бірге 5 (бес) жұмыс күні ішінде жаңадан енгізілетін немесе реконструкцияланатын электр қондырғыларын қосуға техникалық шарттардың болуы.	Өрескел
13	Электрмен жабдықтау желісіне қосылу және техникалық шарттарды беру процесіне арналған өзінің интернет-ресурсында электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған бөлімді әзірлеу; кезеңділігі кемінде 3 ай болатын қосалқы станциялардың жүктелуі туралы ақпаратты орналастыруды қосатын бөлімнің болуы.	Болмашы
14	Жүйелік операторға мәлімет беру үшін жіберілген энергия беруші ұйымның мәлімделген қуаты 1-5 МВт электр желісінің электр желісін пайдаланушыларды қосуға техникалық шарттардың болуы.	Елеулі
15	Энергия беруші ұйымдардың электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті сұратылған ақпаратты уақтылы, анық және толық ұсынуы.	Өрескел
16	Тұтынушыға электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр	Өрескел

	<p>энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушыға кемінде 30 (отыз) күнгізбелік күн бұрын).</p>	
17	<p>Электр энергиясын қабылдағыштарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желісіне өз бетінше қосу кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талаптарды толығымен сақтау.</p>	Өрескел
18	<p>Электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарынан басқа (есепке алмағанда) электр энергиясын қабылдағыштарды қосу кезінде тұтынушыны алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талаптарды толығымен сақтау.</p>	Өрескел
19	<p>Тұтынушының кінәсінен электр энергиясының сапа көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және басқа да тұтынушылардың электр қондырғыларының жұмыс істеуін бұзатын мәндерге дейін төмендету кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.</p>	Өрескел
20	<p>Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына және тұтынушының электр қондырғыларына жұмыс уақытында (іссапарға жіберілген адамның құқықтарында) жібермеу кезінде тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.</p>	Өрескел
	<p>Авариялық жағдай кезінде тұтынушыға алдын ала ескертусіз</p>	

21	электр энергиясын беруді тоқтату жөніндегі талапты толығымен сақтау.	Өрескел
22	Жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін электр энергиясын беруді тоқтату туралы тұтынушының энергия беруші ұйымына резервтік қоректендіру болмаған кезде ажыратудан кемінде күнтізбелік үш күн бұрын ескертудің болуы.	Өрескел
23	Адамдардың өміріне қауіп төндіретін, елеулі экономикалық залал келтіретін, коммуналдық шаруашылықтың аса маңызды элементтері мен электрмен жабдықтау жүйелерінің жұмыс істеуінің бұзылуына әкеп соғатын авариялардың алдын алу немесе жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін энергия беруші ұйымға тұтынушыға электр энергиясын беруді тоқтату туралы хабарламаның болуы.	Өрескел
24	Тұтынушылардың электр желілеріне қосылатын тұтынушы қосалқы тұтынушыға берген техникалық шарттардың энергия беруші ұйыммен келісуінің болуы.	Өрескел
25	Тұтынушының электр желілеріне қосылатын қосалқы тұтынушыға энергия беруші ұйымға берілген техникалық шарттарды тұтынушымен келісудің болуы.	Өрескел
26	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және энергия беруші ұйымның желілеріне өз бетінше қосылу кезінде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
27	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу кезінде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда	

28	жасалған актінің болуы және КЕА, ток және кернеу трансформаторларын қосу схемасы өзгерген кезде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
29	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА дискісін жасанды тежеу кезінде қайта есептеуді жүргізу.	Өрескел
30	Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және КЕА көрсеткіштерін бұрмалайтын айлабұйымды орнату кезінде қайта есептеу жүргізу.	Өрескел
31	Энергия беруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары мен мамандарының үш жылда кемінде бір рет білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруінің болуы.	Өрескел
32	Энергия беруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, жылына кемінде бір рет электротехникалық және электротехнологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен ауысулар жүргізуге құқығы бар басшылардың және мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруінің болуы.	Өрескел
33	Энергия беруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.	Елеулі
34	Басшының бұйрығымен бекітілген білімін біліктілік тексеру жөніндегі комиссиямен энергия беруші ұйым мамандарының білімін біліктілік тексеруінің болуы.	Елеулі

35	Энергия беруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы .	Елеулі
36	Біліміне біліктілік тексеру жүргізу қорытындылары бойынша білімге біліктілік тексеру хаттамасының болуы.	Елеулі
37	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен жұмыс жөніндегі талаптарды мынадай нысандарда сақтау: 1) оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; бастапқы біліктілік білімін тексеру; қайталауды қамтитын жаңа лауазым бойынша даярлау; 2) мерзімді біліктілік білімін тексеру; 3) аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру.	Елеулі
38	Жөндеу персоналымен келесі нысандарда жұмыс жүргізу: 1) жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістерін үйрету; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; бастапқы білімін біліктілік тексеруді қамтитын жаңа лауазым бойынша даярлау; 2) мерзімді білімін біліктілік тексеру; 3) аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру.	Елеулі
39	Энергия беруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.	Елеулі
	Персоналмен жұмыс жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы:	

40	<p>персоналды (басшыларды, мамандар мен жұмысшыларды) даярлау, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту;</p> <p>электр энергетикасы саласындағы білімді біліктілік тексерулер; нұсқау;</p> <p>апатқа қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру ;</p> <p>техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, орталықтардың және тренажерлік даярлау пункттерінің жұмысын ұйымдастыру;</p> <p>жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар өткізу және персоналмен жұмыс істеудің басқа да ұжымдық нысандары; персоналды мерзімді медициналық тексеруден өткізу.</p>	Елеулі
41	<p>Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия беруші ұйымның бас техникалық басшысы бекіткен үлгілік бағдарламалар бойынша жаңа лауазым бойынша жұмыскерлерді даярлаудың болуы .</p>	Елеулі
42	<p>Оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе энергия беруші ұйымның техникалық басшысы бекіткен үлгілік немесе жеке даярлау бағдарламасында көрсетілген мерзімде білімін бастапқы біліктілік тексерудің болуы.</p>	Өрескел
43	<p>Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі жөніндегі топ расталмаған жағдайда жұмыскерді еңбек міндеттерін орындаудан шеттетуге жөніндегі талаптарды сақтау.</p>	Өрескел
	<p>Кезектен тыс біліктілік білімін тексеру тағайындалған кезден</p>	

44	бастап біліктілікті растау күніне дейінгі кезеңде адамның атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
45	Біліктілікті тексеру жөніндегі орталық комиссия төрағасының мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамның болуы.	Елеулі
46	Біліктілікті тексеру жөніндегі орталық комиссия құрамында төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамның болуы.	Елеулі
47	Жұмыскерді өз бетінше жұмыс істеуге жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы .	Болмашы
48	Техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
49	Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан жоғары желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру.	Өрескел
50	Энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын тоқтатуға (шектеуге) өтінімі болған кезде энергия беруші ұйымның электр энергиясын толық немесе ішінара беруді тоқтатуы жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
51	Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылған тұтынушыны 1 (бір) жұмыс күні ішінде, тұтынушы бұзушылықтың жойылғанын растайтын құжаттарды және	Өрескел

	<p>қосылу үшін қызметке ақы төлеуді растайтын құжаттарды қоса бере отырып өтініш жасағаннан кейін қосу жөніндегі талаптарды сақтау.</p>	
52	<p>Оған құқығы бар ұйымның алғашқы немесе мерзімдік тексеруі туралы пломбының (таңбасының) немесе пломбалау құрылғысының болуын немесе болмауын, коммерциялық есепке алу аспабының әйнегі мен корпусының тұтастығын, коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу кезінде жарты жылда 1 (бір) рет көзбен шолып қарау кезінде энергия беруші ұйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші ұйымның пломбалау құрылғысының болуы немесе болмауын тіркей отырып, еркін нысандағы коммерциялық есепке алуды тексеру туралы актінің болуы.</p>	Өрескел
53	<p>Тәулігіне 24 сағат пайдалану сағатын ескере отырып, нақты қосылған жүктемеге сүйене отырып, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан аспайтын қайта есептеудің болуы, бұл ретте қайта есептеу кезеңі коммерциялық есепке алу аспабын соңғы ауыстырған немесе оны қосу схемасын соңғы аспаптық тексерген күннен бастап барлық уақыт үшін айқындалады, бірақ бір жылдан аспайды.</p>	Өрескел
54	<p>Меншік құқығын алған сәттен бастап нақты қосылған жүктеме бойынша пайдаланылған энергия көлемін қайта есептеу және актінің болуы, бірақ энергия беруші ұйымдардың электр желілеріне өз бетінше қосылу анықталған кезде бір жылдан аспайды.</p>	Өрескел
55	<p>Электр қондырғыларында тұтынушылардың монтаждаудағы кемшіліктер, берілген техникалық шарттардан, жобалық құжаттамадан және нормативтік-техникалық</p>	Өрескел

құжаттардың талаптарынан ауытқулар анықталған кезде электр қондырғыларын пайдалануға жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау.

Тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалау актісі берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында емес тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттарды жолдау бойынша талаптарды сақтау:

1) тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмелері;

2) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

5) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

6) техникалық шарттардың көшірмесі;

Өрескел

7) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – заңды тұлғалар ғана ұсынады.

Электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін тұтынушы таңдаған энергиямен жабдықтаушы ұйымға пломбалау актісі, электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында болатын тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттар берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде басқару жөніндегі талаптарды сақтау:

1) кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі;

2) кондоминиум объектісін басқарушы орган немесе энергия беруші ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі;

3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (жеке кәсіпкерлер үшін); жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);

4) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға берілген құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі (заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер үшін);

5) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №), заңды тұлғалар ғана ұсынады;

6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы

Өрескел

	анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі.	
58	Тұтынушының кінәсінен емес коммерциялық есепке алудың бұзылуы анықталған кезде (есепке алу аспабын орнатудың немесе аспаптық тексерудің алдыңғы актісінде көрсетілген пломбалардың тұтастығы мен сәйкестігі жағдайында) электр энергиясын есепке алу құралдары мен схемасы жарамды болған алдыңғы немесе кейінгі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығысы бойынша тұтынуды есептеу туралы талаптарды сақтау (бұл ретте есептеу кезеңі бұзушылық анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алу қалпына келтірілген күнге дейін, бірақ күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс).	Өрескел
59	Сыртқы қосылудың кемшіліктері және орындалған жұмыстардың берілген техникалық шарттарға сәйкес келмеуі анықталған кезде сыртқы қосылуды тексерген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде анықталған кемшіліктер туралы актіні беру жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
60	Құрылыс-монтаж ұйымынан (мердігерден) немесе тұтынушыдан қайта өтініш алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде сыртқы қосылуды қарап-тексеруді орындау қайта қарап-тексеруден кейін ескертулерді жоймағаны туралы жазбаша нысандағы хабарлама келесі қарап-тексеру 1 (бір) ай өткен соң жүргізілетін болатындығы жөніндегі талаптарды сақтау.	Елеулі

Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
3-қосымша

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 07.06.2023 № 214 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/с	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған шарттың болуы.	Өрескел
2	Электр энергиясын сатып алу-сату шарттары мен мәмілелер негізінде электр энергиясының көтерме сауда нарығында тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтау.	Өрескел
3	Энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын сатудың бөлшек сауда нарығында тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтауы электрмен жабдықтауға арналған шарт бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте энергиямен жабдықтаушы ұйым энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге шарт жасасады.	Өрескел
	<p>Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында емес тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым энергиямен жабдықтаушы ұйымға ұсынатын құжаттардың мынадай тізбесінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі; 2) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі; 3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), Рұқсаттар мен 	

4	<p>хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (дара кәсіпкерлер үшін) немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);</p> <p>4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;</p> <p>5) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда (заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін) жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, адамның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі;</p> <p>6) техникалық шарттардың көшірмесі;</p> <p>7) банктік деректемелер (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) – тек заңды тұлғалар ұсынады.</p>	Өрескел
5	<p>Жасалған электрмен жабдықтау шарттарына сәйкес тұтынушыларға электр энергиясын берудің жылдық, тоқсандық, айлық жоспарларына және тәуліктік кестелеріне сәйкес үздіксіз электр энергиясын жеткізу бойынша талаптарды сақтау.</p>	Өрескел
6	<p>Энергия беруші ұйымның электр энергиясын толық немесе ішінара беруді тоқтату жөніндегі талаптарды мынадай жағдайларда сақтау:</p> <p>1) электрмен жабдықтау шартында белгіленген мерзімдерде электр энергиясы үшін ақы төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген;</p> <p>2) Электрмен жабдықтау шартында белгіленген электр тұтыну режимінің бұзылуы;</p> <p>3) белгіленген мерзімдерде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның бұзушылықтарды жою туралы талаптары орындалмаған кезде.</p>	Елеулі

7	<p>Энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын толық немесе ішінара беруді тоқтату жөніндегі талаптарды мынадай жағдайларда сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) электрмен жабдықтау шартында белгіленген мерзімдерде электр энергиясы үшін ақы төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген; 2) Электрмен жабдықтау шартында белгіленген электр тұтыну режимінің бұзылуы; 3) белгіленген мерзімдерде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның бұзушылықтарды жою туралы талаптары орындалмаған кезде. 	Елеулі
8	<p>Энергиямен жабдықтаушы ұйымның энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға жіберген электр энергиясын жеткізуді тоқтатуға (шектеуге) өтінімнің болуы, тұтынушыны Шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) кемінде 5 (бес) мерзімде хабарлама жіберу арқылы жазбаша ескертеді) тұтынушыға (тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейінгі жұмыс күні, электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын пайдаланатын).</p>	Елеулі
	<p>Тұтынушыға электр энергиясын толық беруді тоқтату талаптарын алдын ала ескертусіз сақтау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) электр энергиясын қабылдағыштарды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр желісіне өз бетінше қосу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарынан басқа (есепке алмағанда) электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) Тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының 	

9	<p>көрсеткіштерін энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және басқа да Тұтынушылардың электр қондырғыларының жұмыс істеуін бұзатын мәндерге дейін төмендету ;</p> <p>4) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым мен энергетикалық қадағалау және бақылау органы өкілдерінің электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына және тұтынушының электр қондырғыларына жұмыс уақытында (іссапарға жіберілген адамның құқықтарында) жол бермеуі;</p> <p>5) авариялық жағдай.</p>	Елеулі
10	<p>Жабдықтарды жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін электр энергиясын беруді тоқтату туралы тұтынушының ескертуін орындау бойынша талаптарды сақтау, резервтік қоректендіру болмаған кезде, ажырату алдында күнтізбелік үш күннен кешіктірмей.</p>	Өрескел
11	<p>Тиісті диспетчерлік орталықпен немесе өңірлік электр желілік компанияның пунктімен диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсету туралы шарттың болуы.</p>	Елеулі
12	<p>Электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша өз контрагенттеріне, жүйелік операторға және (немесе) өңірлік электр желілік ұйымға электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының талаптарын өзгерту туралы уақтылы ескерту талаптарын сақтау.</p>	Өрескел
13	<p>Жасалған шарттың талаптарына сәйкес жеткізу-тұтыну режимдерін жүргізу бойынша энергия беруші ұйымның жедел өкімдерін орындау туралы талапты сақтау.</p>	Өрескел
14	<p>Энергия беруші ұйымға электр энергиясын сатып алу-сатуға және электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге жасалған шарттар бойынша электр</p>	Өрескел

	энергиясын жеткізу-тұтынудың тәуліктік кестелерінің болуы.	
15	<p>Электрмен жабдықтау шартын бұзу кезінде энергиямен жабдықтаушы ұйым өз тұтынушыларына және энергия беруші ұйымдарға алдын ала, кемінде күнтізбелік екі ай бұрын жіберген және электрмен жабдықтаудың тиісті шарттарын жазбаша (егер шарт жазбаша нысанда жасалған болса) немесе энергиямен жабдықтау қызметтеріне ақы төлеу шоттарында тиісті ақпаратты орналастыра отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұзу туралы электр энергиясын кепілді жеткізуші хабарламаның болуы, сондай-ақ монополияға қарсы орган (егер энергиямен жабдықтаушы ұйым үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген болса).</p>	Елеулі
16	<p>Электрмен жабдықтау объектілері кондоминиум құрамында болатын тұтынушылармен электрмен жабдықтау шартын жасасу үшін қажетті құжаттардың мынадай тізбесінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және кондоминиум құрамындағы тұтынушылар үшін тараптардың пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесін тек заңды тұлғалар береді; 2) кондоминиум объектісін басқарушы орган немесе энергия беруші ұйым жасаған электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісінің көшірмесі; 3) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін), Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме (дара кәсіпкерлер үшін), 	Елеулі

	<p>жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);</p> <p>4) ұйымның бірінші басшысын қоспағанда (заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер үшін) жеке басын куәландыратын құжатты қоса бере отырып, электрмен жабдықтау шартын жасасуға уәкілетті тұлғаға құжаттың (бұйрықтың, сенімхаттың, адамның өкілеттігін растайтын құжаттың) көшірмесі;</p> <p>5) банктік деректемелерді (банктің атауы, ағымдағы шоттың №) тек заңды тұлғалар ұсынады;</p> <p>6) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтаманың немесе құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі</p>	
17	<p>Тұтынушыны электрмен жабдықтау схемасы сенімділіктің 1 (бірінші) және 2 (екінші) санаттарының талаптарына сәйкес келген кезде тұтынушымен, энергия беруші (энергия өндіруші) және энергиямен жабдықтаушы ұйыммен бірлесіп жасалған энергиямен жабдықтаудың авариялық бронь актісінің болуы.</p>	Елеулі
18	<p>Энергиямен жабдықтаудың авариялық броньы фактісі бойынша Тараптар туындаған кезде ресімделген келіспеушіліктің болуы, дауды шешу үшін сараптама ұйымына одан әрі жүгіну.</p>	Елеулі
19	<p>Үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілеріне жатқызылған объектілерді үздіксіз электрмен жабдықтауды энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның қамтамасыз ету талаптарын сақтау.</p>	Өрескел
20	<p>Режимі өңірлік электр беру желілеріне әсер ететін өңірлік диспетчерлік орталықпен немесе режимі өңіраралық және мемлекетаралық электр беру желілеріне әсер ететін жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығымен үздіксіз энергиямен</p>	Елеулі

жабдықтау объектілеріне жатқызылған тұтынушылар объектілерін үздіксіз электрмен жабдықтаудың техникалық мүмкіндігімен келісудің болуы.

Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
4-қосымша

Жеке және заңды тұлғаларға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 07.06.2023 № 214 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 08.06.2023 № 101 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№ р/с	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Тұтынушының электрмен жабдықтау схемасы 1 және 2-ші санатты сенімділік талабына сәйкес келген жағдайда, тұтынушымен энергия беруші (энергия өндіруші) және энергиямен жабдықтаушы ұйыммен бірлесіп жасалған энергиямен жабдықтаудың авариялық бронь актісінің болуы.	Елеулі
2	Электр желілерінің күзет аймақтарында құрылыс, монтаждау, жер қазу, тиеу-түсіру жұмыстары, ұңғымалар мен шурфтардың орнатылуына байланысты іздеу жұмыстарын жүргізу, алаңдарды, автомобиль көлігі тұрақтарын жайластыру, базарларды, құрылыстарды, ғимараттарды орналастыру, материалдарды жинап қою, қоршаулар мен дуалдарды соғу, күйдіргіш коррозиялы заттар мен жанар-жағармай материалдарын шығарып тастау және төгу кезінде осы электр желілерін пайдаланушы ұйымдармен келісімнің болуы.	Өрескел
	Электр желілерінен:	

3	<p>жакын арадағы тұрғын, өндірістік және өндірістік емес ғимараттар мен құрылыстарға дейін: 1-20 кВ ӘЖ үшін 2 м, 35-110 кВ ӘЖ үшін 4 м, 150-220 кВ ӘЖ үшін 6 м өндірістік емес ғимараттар мен құрылыстардың және электр станциялары мен кіші станциялардың өндірістік ғимараттары мен құрылыстарының жақын арадағы шығыңқы бөлігіне дейін: 330 кВ ӘЖ үшін 8 м, 500 кВ ӘЖ үшін 10 м тұрғын және қоғамдық ғимараттардың, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың (электр станциялары мен кіші станциялардан басқа) жақын арадағы шығыңқы бөлігіне дейін: 330 кВ ӘЖ үшін 20 м, 500 кВ ӘЖ үшін 30 м рұқсат етілген ең аз арақашықтықты сақтау.</p>	Өрескел
4	<p>Электр желілерінің күзет аймақтарын сақтау: 1) кернеуі 1 киловольтқа (бұдан әрі – кВ) дейінгі жалаң сымды әуе желілер үшін – 2 метрден (бұдан әрі - м); 2) кернеуі 1 кВ-қа дейінгі өздігінен оқшауланған сымдар үшін – 1 м; 3) 1-ден 20 кВ-ға дейінгі әуе желілері үшін 10 м кем емес; 4) 35 кВ әуе желілері үшін 15 м кем емес; 5) 110 кВ әуе желілері үшін 20 м кем емес; 6) 220 кВ әуе желілері үшін 25 м кем емес; 7) 330-дан 500 кВ-ға дейінгі әуе желілері үшін 30 м кем емес; 8) 1150 кВ әуе желілері үшін 55 м кем емес.</p>	Өрескел
5	<p>Кернеуі 1000 вольтқа дейінгі электр желілерін (әуе электр беру желілерін, жерасты және суасты кабель желілерін, трансформаторлық және өзгертуші кіші станцияларды,</p>	Елеулі

	бөліп таратқыш құрылғылар мен ауыстырып қосқыш пункттерді) бүлдіруге жол бермеу.	
6	Кернеуі 1000 вольттан асатын электр желілерін (әуе электр беру желілерін, жерасты және суасты кабель желілерін, трансформаторлық және өзгертуші шағын станцияларды, бөліп таратқыш құрылғылар мен ауыстырып қосқыш пункттерді) бүлдіруге жол бермеу.	Өрескел
7	Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде іркіліс туғызған және залал келтірген 1000 вольтқа дейінгі әуе электр беру желілерін зақымдауға жол бермеу.	Елеулі
8	Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз етуде іркіліс туғызған және залал келтірген 1000 вольттан жоғары әуе электр беру желілерін зақымдауға жол бермеу.	Өрескел
9	Кабельдік трассаларды қазу немесе оларға жақын жердегі жер жұмыстарын пайдаланушы ұйымның кабельдік желісін пайдаланатын жазбаша рұқсатымен, электр берілісінің кабельдік желісінің орналасуын және орналасу тереңдігін көрсете отырып, жоспарын (схемасын) қоса бере отырып жүргізу.	Өрескел
10	Кабельдердің орналасуын және олардың жату тереңдігін анықтау үшін кабель желісін пайдаланатын тұтынушының электр техникалық персоналының қадағалауымен электр берілісінің кабельдік желісін қазу алдында шурфталауды (бақылаулық ашуды) жүргізу.	Өрескел
11	Кабельден 1 м жақын қашықтықта жер қазатын машиналармен қазба жұмыстарын жүргізуге және кабельдерді төсеудің қалыпты тереңдігі кезінде 0,4 м-ден астам тереңдікте топырақты қопсыту кезінде шой балғаларын, сынықтар мен киркаларды пайдалануға, сондай-ақ	Өрескел

	кабельдерден 5 метрден кем қашықтықта соққы және дірілді тиеу механизмдерін қолдануға жол бермеу.	
12	Электр берілісінің әуе желілерінің тіректерінде олардың жер асты байланыс кабельдерімен немесе электр кабельдерімен қиылысу немесе жақындау орындарында бағыттамалар түрінде оған дейінгі қашықтықты көрсете отырып, ескерту белгілерінің болуы.	Елеулі
13	Жер пайдаланушының дала ауыл шаруашылығы жұмыстары басталғанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей (жырту, жинау, шөп әкету, лиманды суару) электр беру әуе желілерінің күзет аймақтарында, қарауында осы желілер бар ұйымдарда жазбаша хабарламасының болуы.	Өрескел
14	Қарамағында электр желілері бар электр желілерінің күзет аймақтарында жарылыс жұмыстарын жүргізуге ұйымның жазбаша келісімінің болуы.	Өрескел
15	Мәлімделген қуаты 10 мегаваттан асатын энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымды электр желісіне қосу кезінде Жүйелік оператормен келісілген техникалық шарттардың болуы.	Өрескел
16	Тұтынушылардың барлық қайта қосылатын және қайта құрылатын электр қондырғыларына арналған жобалық және техникалық қабылдау-тапсыру құжаттамасының болуы.	Өрескел
17	Тұтынушыда тиісті біліктілігі бар электр техникалық персонал және электр қондырғыларының сенімді, қауіпсіз жұмысына жауапты тұлға немесе тұрмыстық тұтынушыларды қоспағанда, қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыс істеуге рұқсаты бар персоналы бар ұйыммен электр қондырғыларына қызмет көрсетуге шарт болған	Өрескел

	кезде электр қондырғыларын пайдалануға жіберуді жүзеге асыру.	
18	Энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электрмен жабдықтау шартының болуы.	Елеулі
19	Электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі болған кезде ғана тұтынушыға электр энергиясын қосуды және босатуды жүзеге асыру	Өрескел
20	Электр энергиясын тұтынудың маусымдық сипаты бар электр қондырғыларына кернеу беру кезінде тұтынушының электр қондырғыларын техникалық куәландыру актісінің (еркін нысанда) болуы.	Өрескел
21	Тұтынылған электр энергиясы, қуаты туралы деректерді ұзақ мерзімді сақтау жады бар активті және реактивті энергияны коммерциялық есепке алу есептеуішінің және электр тұтынудың келісілген қуаты 100 кВт-тан астам электр энергиясын жеткізу тіркелген тұтынушыда жүктемелердің сағаттық графигінің болуы.	Елеулі
22	Тұтынушыларда электр тұтынудың шарттық қуаты 40-100 кВт болатын электр энергиясын еркін жеткізу тұтынушыларында тұтынылған электр энергиясы мен ең жоғары қуаты туралы деректерді ұзақ мерзімді сақтау жады бар активті және реактивті энергия есептеуішінің болуы.	Елеулі
23	Тұтынушыда электр тұтынудың шарттық қуаты 40 кВт-қа дейінгі электр энергиясын еркін жеткізу үшін белсенді энергия есептеуішінің болуы.	Елеулі
24	Салыстырып тексеруге құқығы бар энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабының қаптамасын бекітуде, ал электр есептегіш қысқыштар тағанының қақпағында, ток және кернеу	Өрескел

	трансформаторлары бөлігінің есіктерінде, ток және кернеулік сынау блоктары мен қораптарында энергия беруші ұйымның пломбаларының болуы.	
25	Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға жазбаша хабарламаның болуы және олардың электр энергиясын есепке алу схемасының өзгеруіне немесе пломба (таңба) бүтіндігінің бұзылуына байланысты жұмыс жүргізуге рұқсатының болуы.	Өрескел
26	Электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасы мен құралдарындағы бұзушылықтарды жойғаннан кейін электр желісіне қосу, қайта есептеу сомасын төлеу және қосу сомасын төлеу.	Өрескел
27	Электр энергиясын қабылдағыштарды электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралынсыз қосуға жол бермеу.	Өрескел
28	Біліктілігі бойынша тиісті электр техникалық персоналмен жинақталған энергия қызметінің не электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мамандандырылған ұйыммен шарттың болуы.	Өрескел
29	Электр қондырғыларын пайдалануды ұйымдастыру бойынша міндеттерді тікелей орындау үшін заңды тұлға басшысының тиісті құжатымен тағайындалған электр қондырғыларын пайдалануға жауапты адамның және оның орынбасарының болуы, ал жеке тұлғаларда – 1000 Вольттан жоғары кернеулі электр қондырғыларының иелері-қауіпсіз пайдалануға жауапкершілік жүктелетін мамандандырылған ұйымдармен жасалған электр қондырғыларына қызмет көрсетуге арналған шарттың болуы.	Елеулі
	Электр қондырғылары үшін жауапты адамның оның	

30	құқықтары мен жауапкершілігі көрсетілген лауазымдық нұсқаулығының;	Елеулі
31	Электр қондырғылары үшін жауапты адамды және оның орынбасарын электр қауіпсіздігі бойынша тиісті тобы беріліп, білімі тексерілгеннен кейін тағайындау: 1) V –кернеуі 1000 В жоғары электр қондырғыларында; 2) IV - кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларында болуы.	Өрескел
32	Монтаждау немесе қайта құру басталғанға дейін электр қондырғыларының: 1) энергия беруші ұйымнан техникалық шарттар; 2) орындалған жобалау құжаттамасы; 3) жоба бойынша техникалық шарттарды берген энергия беруші ұйыммен келісілген жобалық құжаттамалардыңболуы.	Өрескел
33	Жабдықты кешенді сынамалау кезінде жабдықтың және технологиялық схемалардың жұмысқа қабілеттілігін, оларды пайдалану қауіпсіздігін тексеруді орындау, бақылау мен басқарудың барлық жүйелерін, қорғау және бұғаттау құрылғыларын, сигнал беру құрылғылары мен бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру мен теңшеуді жүзеге асыру және тұтынушының не мамандандырылған ұйымның кешенді сынамалауын жүргізу.	Өрескел
34	Тұтынушының электр қондырғыларын пайдалануға тексеріп байқау және қабылдау алдында: 1) электр қауіпсіздігі бойынша топтарға сәйкес жабдықталған электр техникалық және электр технологиялық персоналдың; 2) әзірлеген және бекітілген пайдалану нұсқаулықтары, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтары және жедел схемалары, есеп беру мен есептілік бойынша техникалық құжаттаманың;	Өрескел

	<p>3) сыналған қорғану құралдарының, құрал-саймандардың, кіші бөлшектер мен материалдарын;</p> <p>4) қолданысқа енгізілген байланыс , сигнализация және өрт сөндіру, авариялық жарықтандыру мен желдету құралдарының болуы.</p>	
35	<p>Меншікті энергия көзі бар немесе электрмен жабдықтаудың өз жүйесінде электр желілерінің дербес кәсіпорны бар тұтынушыларда, сондай-ақ электр шаруашылық құрамында бас төмендеткіш станциялары, дамыған электр желілері, жоғары вольтты таратушы құрылғылар жүйесі мен цехтың төмендеткіш кіші станциялары бар ірі энергиялық сыйымды тұтынушыларда электр қондырғыларын жедел диспетчерлік басқарудың болуы.</p>	Өрескел
36	<p>Тұтынушы цехтарының (құрылымдық бөлімшелердің) электр шаруашылығы объектілерін жедел басқарудың түрлі деңгейдегі персоналы арасындағы өзара қарым-қатынастарды, сондай-ақ тұтынушының жедел персоналы мен тиісті электр тораптық кәсіпорындары (орталық диспетчерлік қызмет, өңірлік диспетчерлік орталық, желілік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы) арасындағы өзара қарым-қатынастарды регламенттейтін ережелердің, шарттардың немесе нұсқаулықтардың болуы.</p>	Елеулі
37	<p>Басқару қалқандарында (пункттерінде) байланыс құралдарының болуы.</p>	Елеулі
38	<p>Жедел басқару қалқандарында (пункттерінде) және басқа да осы мақсатқа арналған үй-жайларды барлық аппараттардың нақты жай-күйі мен олардың нөмірлері көрсетілген орындары белгіленген жедел басқарудағы электр қондырғылары электрлі жалғасуының жедел</p>	Өрескел

	схемаларының (схема-макеттерінің) болуы.	
39	Тұтынушының электр қондырғылары үшін жауапты тұлға 2 жылда 1 рет бекітетін жабдықтың қалыпты жұмыс режимдері кезіндегі барлық кернеулер электр қондырғыларының электр қосылыстарының бір желілік схемаларының болуы.	Елеулі
40	Диспетчерлік пунктте, тұтынушының электрмен жабдықтау жүйесін басқару қалқанында және персоналдың тұрақты кезекшілігібар объектіде, жоғары тұрғанжедел-диспетчерлік басқару органымен келісілген авариялардың алдын алу және жою жөніндегі жергілікті нұсқаулықтардың болуы.	Өрескел
41	Нақты кәсіпорынның (ұйымның) ерекшелігі мен құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, жедел басқару, жедел келіссөздер мен жазбалар жүргізу,жедел ауыстырып қосу және авариялық режимдерді жою жөніндегі нұсқаулықтардың болуы.	Өрескел
42	Кіші станциялардың тарату құрылғыларының, қалқандардың және құрастырмалардың электр схемаларында осы жабдық жедел басқаруда немесе қарамағында тұрған жоғары тұрған жедел персоналдың өкімі немесе рұқсатымен, ауызша (көзбе-көз байланыс кезінде) немесе телефон өкімі бойынша, кейіннен жедел журналға жаза отырып, ауыстырып қосуды орындау.	Өрескел
43	Күрделі ауыстырып қосуды орындау үшін, атап айтқанда коммутациялық аппараттармен, жерге тұйықтамайтын ажыратқыштар мен релелік қорғану аварияға қарсы және режимдік автоматика құрылғыларымен операциялардың қатаң бірізділігі талап етілетін ауыстырып қосу үшін, сондай-ақ бұғаттау құрылғыларымен жабдықталмаған немесе жарамсыз	Өрескел

	бұғаттау құрылғылары бар электр қондырғыларында ауыстырып қосу бағдармаларының немесе бланкілерінің болуы.	
44	Диспетчерлік пункттерде, кәсіпорынның (ұйымның) бас төмендеткіш кіші станциясының басқару қалқандарында тұтынушының электр қондырғыларына жауапты тұлға бекіткен күрделі ауыстырып қосу тізбесінің болуы.	Елеулі
45	Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда (жазатайым оқиға, дүлей апат, сондай-ақ аварияларды жою кезінде) оны кейіннен хабардар ете отырып және жедел журналға жаза отырып, жергілікті нұсқаулықтарға сәйкес жоғары тұрған жедел персоналға билік етпей немесе білмей қайта қосуды орындау.	Елеулі
46	Тұтынушының электр қондырғыларына жауапты адаммен бекітілген жедел коммутацияны жүзеге асыруға уәкілетті қызметкерлер тізімінің болуы.	Елеулі
47	Тұтынушының электр қондырғыларына жауапты болып бекітілген жоғары тұрған жедел қызметтер арқылы жедел келіссөздер жүргізу құқығы бар тұтынушының жедел персоналының тұлғалары тізімінің болуы және оны электржелілік кәсіпорындардың диспетчерлік қызметтеріне (өңірлік электр желілерінің (таратушы электр компанияларының) орталық диспетчерлік қызметі, өңірлік диспетчерлік орталық, жүйелікоператордың ұлттық диспетчерлік орталығы), сондай-ақ энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен кіші абоненттерге жіберу.	Елеулі
	Жедел құжаттар болып табылатын ауыстырып қосудың бағдарламалары мен бланкілерінде электр қондырғыларының электр	

48	қосылыстары схемаларында және релелік қорғаныс және автоматика тізбектерінде ауыстырып қосуларды жүргізу кезіндегі операциялардың тәртібі мен бірізділігінің болуы.	Өрескел
49	Жаңа жабдықты енгізуге, ескірген жабдықты ауыстыруға немесе ішінара бөлшектеуге, тарату құрылғыларын қайта жаңартуға байланысты, сондай-ақ релелік қорғау мен автоматиканың орнатылған құрылғыларында жаңа немесе өзгерістер енгізілуіне байланысты электр қосылыстарының басты схемасында өзгерістер болған кезде типтік бағдарламалар мен түзету ауыстырып қосу бланкілерінде түзетулердің болуы.	Өрескел
50	Кернеуі 1000 В дейінгі электр қондырғыларында ауыстырып қосуды жүргізу кезінде жедел журналда жазбаның болуы.	Елеулі
51	Тұтынушының электр қондырғыларына жауапты адам бекіткен электр жабдығын ажырату және қосуға арналған өтініштерді ресімдеу тәртібінің болуы.	Елеулі
52	Персоналдың тұрақты кезекшілігі бар электр қондырғыларында жөндеуде немесе сынауда болған жабдықты іске қосар алдында жедел персоналдың (жауапты басшының немесе жұмыс өндірушінің) қабылдап алуы туралы актінің болуы.	Өрескел
53	Тікелей ауыстырып қосуды орындайтын жедел персоналдың жұмыстан өз еркімен шығуына жол бермеу.	Өрескел
54	Блоктауды орындау кезінде жасалған блоктау бойынша операциялармен ауыстырып қосу бланкісінің болуы.	Өрескел
55	Ауыстырып қосу бланкісін ауыстыру үшін өкім алған кезекшінің толтыруы.	Елеулі
56	Ауыстырып қосу бланкісі бойынша орындалатын әрбір	Елеулі

	тапсырмаға жеке ауыстырып қосу бланкісінің болуы.	
57	Қайта қосу туралы өкімде жоғарғы тұрған жедел персонал белгілеген қажетті талдап тексерілген дәрежесі бар электр қондырғыларының схемаларында, сондай-ақ релелік қорғаныс және автоматика тізбектеріндегі операциялардың бірізділігі туралы нұсқаудың болуы.	Елеулі
58	Тұтынушының электр шаруашылығында автоматтандырылған басқару жүйесінің болуы.	Елеулі
59	Автоматтандырылған басқару жүйесінде олармен келісілген көлемде электр беруші ұйымдардың диспетчерлік пункттерімен байланыс және телемеханика құралдарының болуы.	Өрескел
60	Тәжірибелік пайдаланудан кейін ұзақтығы 6 айдан аспайтын қабылдау комиссиясының актісі негізінде басқарудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға енгізуді жүзеге асыру.	Өрескел
61	Тұтынушы басшысының автоматтандырылған басқару жүйесін пайдалануды ұйымдастыру кезінде техникалық құралдар кешеніне, бағдарламалық қамтамасыз етуге қызмет көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің міндеттері туралы бұйрығының болуы.	Елеулі
62	Кернеуі 1000 В жоғары электр беру желілері бойынша телефон байланысы мен телемеханиканың жоғары жиілікті арналарының жабдықтарын (байланыс конденсаторлары, жоғары жиілікті бөгейіш реакторлары, жерге тұйықтау пышақтары, антенналық байланыс құрылғылары, өтпелі окшаулағыштар, баптау элементтерінің разрядтағыштары және қосылу сүзгілері) пайдалануды және жөндеуді	Елеулі

	жүзеге асыру кезінде кернеуі 1000 В жоғары қондырғыға қызмет көрсететін персоналдың болуы.	
63	Тұтынушының техникалық басшысы бекіткен тізбе бойынша әрбір автоматтандырылған басқару жүйесі бойынша техникалық және пайдалану құжаттарын жүргізу.	Елеулі
64	Кіші станциялар мен диспетчерлік пункттерде телебасқарудың шығу тізбектерін жұмыстан шығару үшін арнайы жалпы кілттерді немесе ажыратқыш құрылғыларды қолдану.	Елеулі
65	Ажыратқыш қысқыштарда немесе жеке ажыратқыш құрылғыларда тиісті диспетчерлік қызметтің рұқсаты мен өтінімі бойынша телебасқару тізбектерін ажырату және жекелеген қосылуларды телесигналдандыру өндірісі.	Өрескел
66	Бекітілген графиктерге сәйкес автоматтандырылған басқару жүйесінің техникалық құралдарында жөндеу-алдын алу жұмыстарын орындау.	Елеулі
67	Электр қондырғысына жауапты және тұтынушының бас инженері бекіткен жөндеу жүргізу немесе техникалық қызмет көрсету үшін автоматтандырылған басқару жүйелерін шығару тәртібі туралы ереженің болуы.	Елеулі
68	Диспетчерлік байланыс құралдары мен телемеханика жүйелерін жұмыстан шығару кезінде жедел өтінімді ресімдеу.	Елеулі
69	Тұтынушының техникалық басшысы бекіткен электр қондырғыларының негізгі жабдықтарын жөндеудің барлық түрлеріне жылдық жоспардың (графиктің) болуы.	Елеулі
70	Кәсіпорын басшысы бекіткен өндіріс көлемінің өзгеруіне әсер ететін электр қондырғыларын жөндеу графигінің болуы.	Елеулі
71	Кәсіпорын әзірлеген электр қондырғыларын техникалық қайта жарақтандыру және қайта	Елеулі

	жаңартудың ұзақ мерзімді жоспарларының болуы.	
72	Тұтынушының техникалық басшысы басқаратын комиссияның электр жабдықтарын пайдалану мерзімі өткеннен кейін, оның құрамына сараптама ұйымының өкілін тарта отырып, осы жабдықтың жай-күйін бағалау және одан әрі жұмыс істеу мерзімін және пайдалану шарттарын белгілеу мақсатында техникалық куәландыруды жүргізу.	Өрескел
73	Техникалық куәландыру жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелерін актімен ресімдеу және оларды кейіннен куәландыру мерзімін көрсете отырып, электр жабдығының техникалық паспортына енгізу.	Өрескел
74	Тұтынушыда орнатылған электр шаруашылығы жабдықтары үшін қосалқы бөлшектер мен материалдардың болуы.	Елеулі
75	Қосалқы бөлшектер, материалдар номенклатурасының болуы және электр қондырғыларына жауапты және техникалық басшы не бірінші басшы бекіткен олардың азаймайтын қорының нормалары.	Болмашы
76	Электр жабдықтары мен электр қондырғыларына жоспарлы кезеңдік техникалық қызмет көрсету графигінің болуы.	Болмашы
77	Жөндеудің нақты мерзімдері көрсетілген кәсіпорын (ұйым) бойынша бұйрықтың негізінде электр жабдықтары мен желілерін күрделі жөндеуге шығаруды жүзеге асыру, объектілерді жөндеуге дайындауға және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды орындауға жауапты тұлғалар.	Өрескел
78	Жөндеудің нақты мерзімі көрсетілген тапсырыс беруші кәсіпорын мен мердігер ұйымның бірлескен бұйрығы негізінде мердігерлік ұйымды жөндеуге тарту кезінде электр жабдықтары мен желілерін күрделі жөндеуге	Өрескел

	шығаруды жүзеге асыру, объектілерді жөндеуге дайындауға және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шараларды орындауға жауапты тұлғалар.	
79	Жабдықты жөндеуге шығаруға жауапты тұлға және жөндеу басшысы (кәсіпорынның жөндеу бөлімшесінің басшысы немесе тартылған мердігерлік ұйымның басшысы) қол қойған электр жабдықтары мен желілерін күрделі жөндеуге тапсыру актісінің болуы.	Өрескел
80	Кәсіпорынның (ұйымның) электр қондырғыларына жауапты тұлға бекіткен электр жабдығын күрделі жөндеу туралы құжаттаманың болуы.	Елеулі
81	Жұмыстық сынаудың (сынаудың) оң нәтижелерін алған кезде қайта жаңартудан немесе күрделі жөндеуден кейін қол қойылған электр жабдықтары мен желілерін пайдалануға қабылдау актілерінің болуы.	Өрескел
82	Қайта жаңарту және жөндеу бойынша есептік техникалық құжаттаманың болуы.	Елеулі
83	Жабдықтың паспортында немесе арнайы жөндеу журналында қосалқы электр жабдықтарын жөндеу кезінде жүргізілген жұмыстар туралы жазбаның болуы.	Болмашы
84	Кәсіпорынның (ұйымның) электр қондырғыларына жауапты тұлға бекіткен электр жабдығын жаңғырту бойынша құжаттаманың болуы.	Болмашы
	Тұтынушыда мынадай техникалық құжаттамалардың: 1) кәсіпорынның, салынған ғимараттары бар объектілердің, құрылыстар мен жерасты электртехникалық коммуникацияларының бас жоспары; 2) құрылыс салу, монтаждау және реттеу барысында енгізілген өзгерістермен кейіннен пайдалануға бекітілген жобалық	

құжаттама (сызбалар, жазбаша түсіндірмелер, т.б.);

3) жасырын жұмыстарды қабылдау, электр жабдығын сынау және реттеу, электр қондырғыларын пайдалануға қабылдау актілері;

4) бастапқы және қайталама электрлік қосылыстарының атқаратын жұмыс схемалары;

5) мүліктік (баланстық) құрал-саймандар тұтынушы және энергетикамен жабдықтаушы ұйымдардың арасындағы және пайдаланушылық жауапкершілігі бойынша тораптарды шектеу актілері;

6) негізгі электр жабдығы, ғимараттар және энергетикалық объектілер құрылыстарының техникалық паспорттары, сертификаттауға жататын жабдық пен материалдардың сертификаттары;

7) электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі өндірістік нұсқаулықтар;

8) электр техникалық персоналдың лауазымдық нұсқаулықтары, жұмыс орындарында еңбекті қорғау бойынша, тасымалды электр қабылдағыштарын, қолдану бойынша нұсқаулықтар, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар, апатты болдырмау және жою бойынша нұсқаулықтар, электр энергиясын және оны ұтымды пайдалануды есепке алу жөніндегі нұсқаулықтар, электр жабдығы мен электр қондырғыларына қызмет етуші жұмыскерлерге арналған еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтардың болуы.

Елеулі

Техникалық басшы бекіткен және оған мынадай құжаттарды қоса отырып, құрылымдық бөлімшелер үшін техникалық құжаттама тізбесінің болуы:

1) электр жабдығын және олардың техникалық деректерін, сонымен бірге, соларға берілген тізімдік

түгендеу нөмірлерін көрсету арқылы электр жабдығын есепке алу журналдары (журналдарға дайындаушы зауыттардың техникалық паспорттары және пайдаланылуы жөніндегі нұсқаулықтар; жабдық пен бұйымның және материалдардың сапасын куәландыратын сертификаттар; жабдық пен электр тогын беретін желілерді сынау және өлшеу жөндеу, релелік қорғау, автоматика құрылғыларына техникалық қызмет көрсету (хаттамалары мен актілері қоса беріледі);

2) электр жабдығының, электр қондырғылары және құрылыстардың сызба жинақтары, кіші бөлшектердің сызбалары, әуе және кабельдік трассалардың атқару сызбалары және кабельдік журналдар;

3) жалғанатын муфталар қойылатын және басқа да коммуникациялармен қиысатын орындары көрсетілген, ғимараттар мен тұрақты құрылыстарға бекітілетін жерасты кабельдік трассалары және жермен қосқыш құрылғылардың сызбалары;

4) тұтынушыларда тұтастай және жекелеген цехтар мен учаскелер (бөлімшелер) бойынша құрастырылған электрмен жабдықтаудың жалпы схемалары;

5) құрылымдық бөлімшелер арасында баланстық құрал-саймандар мен пайдалану жауапкершілігі бойынша тораптарды шектеу жөніндегі актілер немесе тұтынушы басшысының жазбаша нұсқауы (қажет болған жағдайда);

6) цех пен учаскенің (бөлімшенің) электр қондырғыларын пайдалану жөніндегі өндірістік нұсқаулықтар жиынтығы және қажетті лауазымдық нұсқаулықтар мен аталған бөлімшенің (қызметтің) жұмыскерлері үшін еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың жиынтықтары;

7) қызметкерлер тізімі мынадай:

жедел ауыстыруды орындауға, шұғыл келіссөздерді жүргізуге, электр қондырғылары мен технологиялық жабдықтың электр-техникалық бөлігін жеке өзі қарап шығуға рұқсаты бар;

өкім, наряд беруші;

жұмысқа жіберуге, жұмыс өндірушінің, бақылаушының жауапты жұмыс басшысының құқығы бар;

жерасты құрылыстарының газдалуын тексеруге жіберілген; электр қондырғыларында арнайы жұмыс өндіруге білімдерін тексеруге құқығы бар жұмыскерлердің тізімі;

8) электр қондырғыларындағы қауіпті газ жер асты құрылыстарының, арнайы жұмыстардың тізбесі;

9) өшірілгеннен кейін келтірілген кернеуде болатын әуе электр беру желісі;

10) ағымдағы пайдалану тәртібінде рұқсат етілген жұмыстардың тізбесі;

11) жұмыс өндірісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар талап ететін электр қондырғыларының тізбесі;

12) электр қауіпсіздігі бойынша тиісті топтың болуы қажет инженер-техник қызметкерлер мен электротехникалық персоналдың лауазымдар тізбесі;

304	<p>Ауыспалы үш фазалы токтың төрт және бес сымды тізбектерінде кернеуі 1кВ дейін электр қондырғыларда төмендегідей орналасқан шиналардың орналасуы:</p> <p>тігінен орналасқан кезде – жоғарыдан төмен қарай А-В-С-N - RE (REN);</p> <p>көлденең немесе еңіс түрде орналасқан кезде: А - біршама алыста, RE (REN)- қызмет көрсету дәлізіне жақын;</p> <p>бірізді орналасқан кезде: орналасу реті – А-В-С-N- RE (REN)</p> <p>құрама шиналардан тармақталған кезде: егер шиналарға қызмет көрсету дәлізінен (үш дәліз болған жағдайда - орталықтан) қарайтын болсақ, RE (REN) шиналарынан бастап солдан оңға қарай.</p>	Өрескел
	Ашық таратушы құрылғыларда ауыспалы үш фазалы ток кезінде	

305	<p>төмендегідей орналасқан шиналардың орналасуы: кұрама және айналма шиналардың, сондай-ақ секциялық шиналардың барлық түрлерінің, тұйықтағыш мойнақтардың және сақиналы, біржарымдық схемалардағы мойнақтардың жоғары кернеудегі басты трансформаторы жағынан А шинасы; ашық таратушы құрылғылардағы құрама шиналардан тармақталуы егер трансформаторға шиналар жағынан қарасақ, шиналар жалғанымының солдан оңға қарай орналасуы А-В-С болатындай орындалуы; ұялардағы тармақталу шиналарының орналасуы олардың орналасуына тәуелсіз құрама шиналарға қатысты бірдей орындалуы.</p>	Өрескел
306	<p>Тұрақты ток кезінде төмендегідей орналасқан құрама шиналардың орналасуы: - тігінен орналасқан кезде: жоғары М, ортаңғы (-) және төменгі (+); - көлденең орналасқан кезде: шиналарға қызмет көрсету дәлізінен қарағанда неғұрлым алыс орналасқан М, ортадағы (-) және ең жақыны (+); - құрама шиналардан тармақталуы : шиналарға қызмет көрсету дәлізінен қарағанда сол жақ шина М, ортадағы (-) және оң жақ (+).</p>	Өрескел
307	<p>Осы токтың қалыпты режимі кезінде мынадай мәнмен қолданылатын жерге тұйықталған сыйымдылық тогы компенсациясының болуы: 1) әуе желісінде де темір-болат және металл тіректері бар 3-20 кВ желілерінде және барлық 35 кВ желілерде – 10 А жоғары; 2) әуе желісінде темір-болат және металл тіректері жоқ желілерде: кернеуі 3-6 кВ болған кезде - 30 А жоғары; 10 кВ болған кезде – 20 А жоғары; 15-20 кВ болған кезде –15 А жоғары;</p>	Өрескел

	3) 6-20 кВ схемаларының трансформатор-генератор (генераторлық кернеуде) блоктарында – 5 А жоғары.	
308	I санаттағы электр қабылдағыштар екі тәуелсіз өзара резервтегі қорек көздерінен электр энергиясымен қамтамасыз етілуінің болуы, қорек көздерінің біреуінен электрмен жабдықтауы бұзылған кезде олардың электрмен жабдықталу үзілісі қоректі автоматты қалпына келтіру уақытында болуына ғана жол беріледі.	Өрескел
309	I санаттағы электр қабылдағыштардың ерекше тобын электрмен жабдықтау үшін тәуелсіз өзара резервтейтін үшінші қорек көзінен қосымша қоректендірудің болуы.	Өрескел
310	II санаттағы электр қабылдағыштарды қоректендіру кезінде екі тәуелсіз өзара резервтейтін ток көздерінің болуы оларды электрмен жабдықтау бұзылған кезде, кезекші қызметкердің немесе жедел-көшпелі бригаданың әрекетімен резервтік қоректі қосу үшін қажет уақытқа электрмен жабдықтауда үзіліске жол беріледі	Өрескел
311	III санаттағы электр қабылдағыштар үшін электрмен жабдықтау жүйесінің зақымдалған элементін жөндеуге немесе ауыстыруға арналған электрмен жабдықтаудағы үзіліс уақыты 1 күнтізбелік күннен аспаса, бір электрмен жабдықтау қорек көзінің болуы.	Елеулі
312	Жиынтық шиналардан шиналық тармақтар бөлгіш сөрелерге дейін және соңғысындағы оқшауланған өткізгіш болуы.	Елеулі
	Тұтынушыға иелігіндегі кіші станцияда белсенді электр энергиясының коммерциялық есептеуіштерінің болуы: 1) энергожүйенің басқа кіші станциясымен электр байланысы	

313	<p>болмаған кезде немесе коректеуші кернеуде басқа тұтынушы болмаған кезде – тұтынушының кіші станциясына электр беру желілерінің кіргізілімінде (қабылдау соңында);</p> <p>2) энергожүйенің басқа кіші станциясымен электр байланысы болса немесе коректеуші кернеуде басқа тұтынушы болған кезде – тұтынушының кіші станциясы трансформаторларының жоғары кернеу жағына орнатылады;</p> <p>3) егер жоғары кернеу жағында басқа мақсаттар үшін өлшеу трансформаторларын қолдану талап етілмесе, күштік трансформаторлардың орташа және төменгі кернеулері жағына;</p> <p>4) егер өз қажеттіліктеріне босатылған электр энергиясы ӨҚ трансформаторларында басқа есептеуіштермен есепке алынбаса; бұл ретте есептеуіштерді төменгі кернеу жағына орнату қажет;</p> <p>5) егер тұтынушылардың желілерінен немесе трансформаторларынан олардан басқа дербес теңгерімдегі сыртқы тұтынушы (субабонент) қоректенетін болса, негізгі тұтынушы мен сыртқы тұтынушының шекара бөлінісінде орнатылады.</p>	Елеулі
314	<p>Санауыштардың механикалық зақымдану немесе олардың ластану қаупі бар жерлерде немесе бөгде адамдар үшін қолжетімді орындарда (өту жолдары, баспалдақ торлары), сондай-ақ төмен кернеу жағында есепке алуды орындау кезінде санауыштарды және Ток трансформаторларын бірлесіп орналастыру үшін ұқсас шкафтардың болуы (тұтынушылардың кіргізілімінде).</p>	Елеулі
315	<p>Төменгі кернеу жағында (тұтынушылардың кіргізілімінде) есепке алуды орындау кезінде есептеуіштер мен ток</p>	Болмашы

	трансформаторларын бірлестіре жайғастыру үшін осыған ұқсас шкафтардың болуы.	
316	Есептік есептеуіштерге арналған электр сымдарында дәнекерлеудің болуына жол бермеу.	Өрескел
317	Есептеуіш алдында ұзындығы 110 мм нөлдік сым окшауламасының немесе қабығының айрықша бояуының болуы.	Болмашы
318	Электр энергиясын жеке есепке алатын бірнеше жалғанымдары бар объектіде есептеуіштердің панельдерінде жалғанымдар атаулары жазылуының болуы.	Болмашы
319	Тұтынушылардың өз иелігінде кәсіпорындарда (есептеуіштер мен өлшеуіш трансформаторлар) техникалық есепке алу аспаптарының болуы.	Елеулі
320	Кернеуі 110 кВ және одан жоғары желілердің бүлінген орнын анықтау үшін белгілеу аспаптарының немесе бүлінген орынды анықтау функциясы қоса орнатылған релелік қорғау және автоматиканың микропроцессорлық құрылғысының болуы.	Елеулі
321	Қалыпты режимде электр тоғымен зақымданудан қорғау үшін тікелей жанасудан қорғаудың болуы, ол мынадай шарттарды орындау арқылы жеке немесе үйлесімді қолданылады: 1) ток өткізгіш бөліктердің негізгі окшауламасы; 2) қоршаулар мен қабықтар; 3) тосқауылдарды орнату; 4) қолжетімді аймақтан тыс орналастыру; 5) аз кернеуді қолдану.	Өрескел
	Окшаулама бүлінген жағдайда электр тоғынан зақымданудан қорғау үшін жанама жанасу кезінде қорғаудың болуы, ол мынадай шарттарды орындау арқылы жеке немесе үйлесімді қолданылады: 1) қорғаныстық жерге тұйықтау; 2) қоректендіруді автоматты ажырату;	

322	<p>3) әлеуетті теңдестіру;</p> <p>4) әлеуетті деңгейлестіру;</p> <p>5) екі қабатты немесе күшейтілген окшаулама;</p> <p>6) аз кернеу;</p> <p>7) тізбекті қорғаныстық электрлік бөліктеу;</p> <p>8) өткізбейтін (оқшауланған) үй-жай, аймақтар, алаңдар.</p>	Өрескел
323	Жанама жанасу кезінде егер электр қондырғыларда кернеу 42 В ауыспалы және 110 В тұрақты токтан аспаса, барлық жағдайда қорғаныстың болуы.	Өрескел
324	Кернеуі 1 кВ жоғары желідегі трансформатор арқылы байланысқан, оқшауланған бейтараптамасы бар 1 кВ дейінгі электр желісі трансформатордың жоғары және төмен кернеу орамдарының арасындағы окшаулама бұзылған жағдайда тесетін сақтандырғышпен қорғаныстың болуы.	Өрескел
325	Әрбір трансформатордың төмен кернеу жағында бейтараптамасында немесе фазада тесетін сақтандырғыштың болуы.	Өрескел
326	Оқшауланған немесе тиімді жерге тұйықталған бейтараптамасы бар кернеуі 1 кВ жоғары электр қондырғыларында электр тогының зақымдауынан қорғау үшін ашық өткізгіш бөліктерін қорғаныстық жерге тұйықтаудың болуы.	Өрескел
327	Қауіпсіздік шарттары бойынша (көшпелі кіші станциялар мен механизмдерді қоректендіретін желілер үшін) қажет болған жағдайларда барлық электрлі байланысқан желілердегі ажыратуға әрекет ете отырып жерге тұйықталудан қорғаныстың болуы.	Өрескел
328	Негізгі оқшаулама әуе аралығымен қамтамасыз етілсе, қабықтары, қоршаулар, тосқауылдар немесе қол жету аймағынан тыс жерде орналасқан ток өткізгіш бөліктерге тікелей	Өрескел

	жанасудан немесе оларға қауіпті арақашықтыққа жақындаудан қорғаныстың болуы.	
329	Тек арнайы кілт немесе сайман арқылы немесе ток өткізгіш бөліктерден кернеу алынғаннан кейінгі жағдайды қоспағанда, қоршаудан өтуге немесе қабықты ашуға жол бермеу.	Өрескел
330	Тосқауылдар кернеуі 1 кВ дейінгі электр қондырғыларына кездейсоқ жанасудан немесе кернеуі 1 кВ жоғары электр қондырғыларының ток өткізгіш бөліктеріне қауіпті арақашықтыққа жақындаудан қорғану үшін оқшаулама материалдан тосқауылдың болуы.	Өрескел
331	Электр қондырғыларды сыртқы қоршауды жерге тұйықтағыш құрылғыға қосуға жол бермеу.	Өрескел
332	Трансформаторды қоршауда орнатуға жол бермеу.	Өрескел
333	Кернеуі 6-10/0,4 кВ кіші станциялар үшін бір ортақ жерге тұйықтау құрылғысының болуы, оған мыналар жалғанады: 1) 1 кВ дейінгі тараптағы трансформатордың бейтараптамасы; 2) трансформатордың корпусы; 3) кабельдердің металл қабықтары мен сауыты; 4) кернеуі 1 кВ дейін және одан жоғары электр қондырғылардың ашық өткізуші бөліктері; 5) сыртқы өткізуші бөліктер.	Өрескел
334	Кіші станция алып жатқан алаңның айналасында кіші станция ғимараты іргетасының шетінен немесе ашық орнатылған жабдық іргетасының шетінен кемінде 0,5 тереңдікте және 1 м аспайтын арақашықтықта жерге тұйықтау құрылғысына жалғанған жабық көлденең жерге тұйықтағыш (контур) болуы.	Өрескел
335	Жасанды жерге тұйықтауыштарды бояуға жол бермеу.	Өрескел
	Мыналарды қорғайтын өткізгіштер ретінде қолдануға жол бермеу:	

336	<p>1) окшаулаушы құбырлар мен түтікті сымдардың металл қабықтары, аркансымды электр өткізгішінің салмақ түсетін аркансымдары, сондай-ақ сымдар мен кабельдердің қорғасын қабықтары;</p> <p>2) газбен жабдықтау құбырлары, жанармайлар және жарылыс қаупі бар заттар мен қоспалардың басқа құбырлары, кәріз және орталық жылыту құбырлары;</p> <p>3) оларда окшаулау ендірмелері болған кезде су өткізу құбырлары.</p>	Өрескел
337	<p>Басқа тізбектер бойынша қоректендірілетін электр жабдықты нөлдеу үшін бір тізбектердің нөлдік қорғаушы өткізгіштерін қолдануға, сондай-ақ оларға қорғаушы өткізгіштерін керекті жерде қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін зауытта шығарылған шина өткізгіштері мен жиынтық құрылғылардың қабықтары мен тірек конструкцияларын қоспағанда, электр жабдықтардың ашық өткізуші бөліктерін басқа электр жабдықтар үшін нөлдік қорғаушы өткізгіштер ретінде қолдануға жол бермеу.</p>	Өрескел
338	<p>Оқшауланбаған қорғаушы өткізгіштер коррозиядан қорғаныстың, өткізгіштердің кабельдермен, құбыржолдармен, темір жолдармен қиылысқан жерлерінде олардың ғимараттарға кіру жерлерінде және механикалық зақымдануы мүмкін басқа жерлерде қорғаушы өткізгіштердің болуы.</p>	Өрескел
339	<p>Қиыстырылған нөлдік өткізгіш ретінде бөтен өткізгіш бөліктерді қолдануға жол бермеу.</p>	Өрескел
340	<p>Жерге тұйықтаушы, қорғаушы өткізгіштерді және әлеуеттерді теңдестіру және теңестіру жүйесінің өткізгіштерін дәнекерлеу арқылы орындалған қосудың немесе жалғаудың болуы</p>	Өрескел
	<p>Жерге тұйықтаушы және қорғаушы өткізгіштерін ашық</p>	

341	өткізуші бөліктерге бұрандалық жалғанымдар немесе дәнекерлеудің көмегімен жалғаудың болуы.	Өрескел
342	Қорғайтын өткізгішке ашық өткізуші бөліктерді кезектілікпен қосуға жол бермеу.	Өрескел
343	Өткізуші бөліктерді әлеуеттерді теңдестірудің негізгі жүйесіне қосу кезінде жеке тармақталудың болуы	Елеулі
344	Жанама жанасу кезінде адамдар мен жануарларды қорғау үшін қоректендіруді автоматты ажыратылудың болуы.	Өрескел
345	Кабельдер салынатын кабель жайларының және жанбайтын материалдардан жасалған конструкциялардың болуы.	Өрескел
346	Кабельдік құрылыстарда қандай да бір уақытша құрылғылардың, оларда материалдар мен жабдықтарды сақтауға жол бермеу	Өрескел
347	Ашық салынған кабельдер, және барлық кабельдік муфталар кабель биркаларында және шеткі муфталарында маркасын, кернеуі, қимасы, желістің нөмірі немесе атауы, қосылыс муфталарында – муфталардың нөмірі немесе монтаждалған күні көрсетілген биркалардың болуы.	Елеулі
348	Кабель жайларында салынған кабельдерде ұзындық бойынша әрбір 50 м-ден жиі емес орнатылған биркалардың болуы.	Елеулі
349	Жерде және салынып бітпеген жерлерге салынған кабель желістерінің қорғаныс аймағында ақпараттық белгілердің болуы.	Елеулі
350	500 м сайын және кабель желісі бағытының өзгертін жерлерінде ақпараттық таңбалардың болуы.	Елеулі
351	Ақпараттық белгілерде кабель желілерінің қорғау аймағының ені туралы ақпараттың және кабель желісі иелерінің телефон нөмірлерінің болуы.	Елеулі
	Жерде (траншеяларда), туннельдерде, блоктарда,	

352	каналдарда, эстакадаларда, галереяларда және ғимарат қабырғаларында салынған өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарында кабельдік желілердің болуы.	Өрескел
353	Туннельдерде, қораптарда, каналдарда, құбырларда, жерде (траншеяларда), жерүсті темір-бетон лотоктарында, эстакадаларда және галереяларда төселген кіші станциялар мен тарату құрылғыларының аумақтарында кабельдік желілердің болуы.	Өрескел
354	Көшенің өтпейтін бөлігі бойынша (тротуарлар астында), аулалар мен көгалдар түріндегі техникалық жолақтар бойынша жерде (траншеяларда) салынған қалалар мен кенттерде жеке кабельдік желілердің болуы.	Өрескел
355	Жер асты коммуникацияларымен қаныққан көшелер мен алаңдарда, ағындарда, коллекторлар мен кабельдік туннельдерде салынған ағында саны 10 және одан да көп кабель желілерінің болуы.	Өрескел
356	Блоктарда немесе құбырларда салынған көшелер мен жетілдірілген жамылғылары бар және қарқынды қозғалысы бар алаңдарды қиылысқан кезде кабель желісінің болуы.	Өрескел
357	Ғимараттардың конструкциялары бойынша (ашық және қораптарда немесе құбырларда), каналдарда, блоктарда, туннельдерде, едендер мен жабындарда төселген құбырларда, сондай-ақ машиналардың іргетастары бойынша, шахталарда, кабельдік қабаттарда және қос едендерде салынған ғимараттардың ішінде кабельдік желілердің болуы.	Өрескел
	Жерде немесе суда төселетін кабельдік желілер үшін негізінен брондалған кабельдерді қолдану, бұл ретте осы кабельдердің металл қабықшалары химиялық әсерлерден қорғау үшін сыртқы қабаты болуы тиіс, ал сыртқы	

358	қорғаныс жабындарының басқа конструкциялары бар кабельдер (броньдалмаған) блоктар мен құбырларда созу кезінде топырақтың барлық түрлерінде төсеу кезінде механикалық әсерлерге қажетті төзімділігі, сондай-ақ пайдалану-жөндеу жұмыстары кезінде жылу және механикалық әсерлерге қатысты төзімділігі болуы тиіс.	Елеулі
359	Қораптарда, бұрыштық болаттарда, механикалық зақымданудан қорғау үшін құбырларда кемінде 2 м биіктікте төселген кабель құрылыстарынан тыс кабель желілерінің болуы.	Өрескел
360	Ашық төсемдер кезінде жанғыш полиэтиленді оқшауламасы бар күштік және бақылаудағы кабельдерді пайдалануға жол бермеу.	Өрескел
361	Кабельдер салынатын металл қаптамаларымен олар салынатын металл беттері тоттануға қарсы жабынды қорғанысының болуы.	Өрескел
362	Темір жол көпірлері және көліктің қарқынды қозғалысы бар көпірлер бойынша төсеу кезінде алюминий қабықшадағы брондалған кабельдерден жасалған кабельдік желілердің болуы.	Өрескел
363	Нөлдік талсымдарды фазалықтан бөлек салуға жол бермеу.	Өрескел
364	Қоректендіретін бақтар май қысымының көрсеткіштерімен жабдықталып, тікелей күн сәулесі қорғанысының болуы.	Елеулі
365	Төмен қысымдағы маймен толтырылған кабель желілерінде шеткі, бекіткіш және жалғағыш муфталар жерге тұйықталуының болуы.	Елеулі
366	Кабельдерді 5 м және одан да көп биіктікте орналастыру кезінде оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін арнайы алаңдар мен өткелдердің болуы.	Елеулі
367	Өтпелі кабель шахталарының кіретін есігі болуы тиіс және	Елеулі

	сатылармен немесе арнайы құралының болуы.	
368	Кабельдерді құбыржолдарының астына және үстіне параллель төсеуге жол бермеу.	Өрескел
369	Кабель желісін жылу құбырымен қатар төсеу кезінде жарықтағы кабель мен жылу құбыры қабырғасының арасындағы арақашықтықтың кемінде 2 м болуы.	Елеулі
370	Кабель желілерін теміржол кабельдерімен қатар салу кезінде, кабельдер жолдың темір жол қарауына алынған аймақтан тыс салу қажет.	Елеулі
371	Кабель желілерін трамвай жолымен қатар салу кезінде, кабельден трамвай жолының осіне дейінгі арақашықтықтың кемінде 2,75 м болуы.	Елеулі
372	Кабель желілерін I және II санаттағы автокөлік жолдарымен қатар салу кезінде, кабельдер кюветтің сыртқа жағынан 1 м арақашықтықта немесе бордюр тасынан 1,5 м арақашықтықтың болуы.	Елеулі
373	Кабель желілерін 110 кВ және одан жоғары әуе желісімен қатар салу кезінде кабельден шеткі сым арқылы өтетін вертикальды жазықтыққа дейінгі арақашықтықтың кемінде 10 м болуы.	Елеулі
374	Кабель желілерінен 1 кВ-дан жоғары әуе желісі тіректерінің жерге тұйықтағыштарына және жерге тұйықтау бөліктеріне дейінгі арақашықтықтың 35 кВ дейінгі кернеуде 2 м аспауы, 110 кВ 10 болуы.	Елеулі
375	Кабель құрылыстарынан ұзындығы кемінде 25 м болғанда Г және Д санатты өндірістері бар үй-жайларға кемінде екі шығу жолының болуы.	Елеулі
376	Кабель құрылыстарының мықты бітелген өздігінен жабылатын есіктерінің болуы.	Елеулі

377	Кабель құрылыстарының шығатын есіктері сырттан ашылатын және кабель жайынан кілтсіз ашылатын болуы тиіс, ал отсектер арасындағы есіктер жақын шығатын жердің бағыты бойынша ашылуы және оларды жабық күйінде ұстап тұратын құрылғылармен жабдықталуының болуы.	Елеулі
378	Кабельдік шаруашылыққа қызмет көрсетумен байланысты емес адамдарға эстакадаға еркін кіруге мүмкіндік бермейтін есіктердің болуы.	Өрескел
379	Эстакаданың ішкі жағынан кілтсіз ашылатын өздігінен жабылатын құлпы бар есіктерінің болуы.	Елеулі
380	Туннельдердің бөліктерінің арасында саты салуға жол бермеу.	Өрескел
381	Туннельдерде дренаждымеханизмдердің болуы.	Елеулі
382	Кабель құдықтарының тереңдігі кемінде 1,8 м болуы.	Елеулі
383	Құдық еденінде топырақ суын және жауын суын жинайтын шағын шұңқырдың болуы.	Елеулі
384	Кабель құдықтары металл баспалдақтардың болуы.	Болмашы
385	Кабель құдықтары мен туннельдердегі люктердің диаметрінің кемінде 650 мм болуы.	Елеулі
386	Кабель құдықтары мен туннельдердегі люктері екі металл қақпақпен жабылуы керек, оның астыңғысы құлыппен жабылуға арналады және туннель жағынан кілтсіз ашылу.	Елеулі
387	Кабель құдықтары мен туннельдердің люгін алуға арналған құралдың болуы.	Болмашы
388	Кабельдік құрылыстарда, эстакадалардан, жалғастырушы муфталарға арналған құдықтардан, каналдар мен камералардан басқа табиғи немесе жасанды желдету болуы, әрі әрбір бөлікті желдету тәуелсіз болуы тиіс.	Елеулі

389	Өндірістік үй-жайларда кабель желілерінің еденнен 1,8 м кем емес биіктікте орналасуы.	Елеулі
390	Май құбырларының және жанар май құбырларының астымен және үстімен вертикалды жазықтықта кабельдерді параллель салуға жол бермеу.	Өрескел
391	Еденге және қабатаралық жабуларға салынатын кабельдер каналдарда немесе құбырларда жүргізіледі оларды кабельмен бітеп тастауға жол бермеу.	Өрескел
392	Өндірістік орындарда желдеткіш каналдармен кабель жүргізуге жол бермеу.	Өрескел
393	Өндірістік орындарда баспалдақ торы бойымен кабельді ашық салуға жол бермеу.	Өрескел
394	Әуе желісінің орман алаптары және көк орай егістіктері бойымен өтетін болса, өзін көтеретін окшауланған сымдардың (ӨҚС) болуы.	Елеулі
395	Бір әуе желісі сымдарының екі қиылысуының болуы.	Елеулі
396	Әуе желісі магистралінде бірқималысымдардың болуы.	Елеулі
397	Әуе желісі магистралінің фазалы сымдарының қимасы 120 мм ² фазалы сымдарын пайдалануға жол бермеу.	Елеулі
398	Әуе желісі ғимаратқа енгізуге 25 м аспайтын тармақталу аралығының болуы немесе тармақталу аралығының ұзындығы 25 м артық болған кезде қосымша аралық тіректің болуы.	Елеулі
399	ӘЖ-дан тармақталған жерлерде көпмойынды немесе қосымша окшаулағыштар қолданылады.	Елеулі
400	Қиылысу аралықтарын шектейтін кереуі 1 кВ-қа дейінгі әуе желісі тіректерінің сондай-ақ бірге ілу жүргізілетін тіректердің ілгектері, істіктері және арматуралары жерге тұйықталуының болуы.	Өрескел
	Әуе желісі тіректеріне орналастырылған қорғаныс аппараттары найзағай кернеуінен	

401	сақтау үшін жермен байланыстырғышқа жеке түсіріп байланыстыруының болуы.	Өрескел
402	Топырақты шайып кететін немесе мұз көшкінінің әсерінен трассаның су басатын учаскелеріне тірек орнатар кезде қатайтылған тіректердің болуы.	Өрескел
403	Елді мекенде және елсіз мекенде әуе желісі сымдарынан жер беті мен көшенің көлік жүретін бөлігіне дейін кемінде 6 метр арақашықтықтың болуы.	Өрескел
404	Әуе желісі сымдарынан көлденең арақашықтықты сақтау, ғимаратқа , құрылымға және құрылысқа дейін аздаған ауытқу болған жағдайда: 1) 1,5 м - балконға, террасаларға және терезеге дейін; 2) 1 метр – бітеу қабырғаға дейін кем болмауы тиіс.	Өрескел
405	ӘЖ-дан ғимараттарға кірер жолдарға тармақталуларды қоспағанда, ғимараттардың, құрылыстар мен ғимараттардың үстінен окшауланбаған сымдары бар әуе желісінің өтуіне жол бермеу.	Өрескел
406	Әуе желісінің сымдарынан жол белгілеріне және олардың көтергіш арқандарына дейінгі қашықтықты сақтау әуе желісінің автомобиль жолдарымен қиылысуы және жақындауы кезінде 1 м кем емес, бұл ретте ӘЖ қиылысатын жерлердегі көтергіш арқандар жерге тұйықтау құрылғысының кедергісімен 10 Ом артық емес жерге тұйықталуы тиіс.	Өрескел
407	Әуе желісі арқан жолдың астымен жүргізілген жағдайда немесе құбыр астымен жүрсе, әуе желісі сымдары олардан арқан жолдың торларын қоршап тұрған өткелге дейін немесе құбырға дейін – кемінде 1 метр арақашықтықты сақтау.	Өрескел
	Әрбір қорғаныс аппаратында, өзі қорғайтын желілеріне қажетті қалыпты ток деңгейі көрсетілген,	

408	босатқыш тетігі мен балқымалы ендімесінің қалыпты тогы көрсетілген таңбасының болуы.	Елеулі
409	Электр желілерінде токтың қысқа тұйықталуы кезінде өшірілу уақыты мүмкіндігінше аз болатындай және іріктеу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей қорғаныстың болуы.	Өрескел
410	Сақтандырғышты нөлдік өткізгіштерге орнатуына жол бермеу.	Өрескел
411	Трансформатордың ажыратылуы тұтынушылардың электрқондырғыларын токтан ажыратуға әкеп соқтыратын электр жүйелерінің кіші станцияларында қуаты 1 Мвх-тан артық барлық жеке төмендетуші трансформаторларда ажыратқышы және қоректендіруші жағынан ең жоғары ток қорғанышы бар автоматты қайта қосу құрылғыларының болуы.	Елеулі
412	Кернеу трансформаторын екінші реттік тізбектерінің қысқа тұйықталуынан автоматты ажыратқыштармен қорғанысының болуы.	Елеулі
413	Тарату құрылғыларының барлық металдан жасалған бөліктерінің боялу немесе коррозияға қарсы басқа жабындысының болуы.	Елеулі
414	Коммутациялық аппараттардың жетектерінде "Қосылған" және "Ажыратылған" деген жағдайлардың нақты көрсетілуінің болуы.	Өрескел
415	Тарату құрылғыларды ашық ауада орналастырғанда мынадай талаптардың сақталуын орындау: 1) құрылғы жоспарланған ауданда, аудан деңгейінен 0,2 м-ден кем емес орналасуы тиіс және де қоршаған ортаның шарттарына сәйкес келетін конструкциясы болуы керек. Биіктігі 1 м және одан жоғары қар үймелері байқалатын аудандарда шкафтар жоғарылатылған іргетаста орналастырылады.	Елеулі

	2) шкафтарда аппараттардың, реленің, өлшеу құралдары мен есепке алу құралдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін жергілікті жылыту қарастырылуы тиіс.	
416	Қоршаған ауаның температурасы минус 25 оС төмен болған жағдайда ашық тарату құралғыларында, жинақталған тарату құралғыларында және жылытылмайтын жабық тарату құрылғыларында майлы ажыратқыштарда май қыздырылуының болуы.	Елеулі
417	Тарату құрылғылары мен кіші станцияларының шиналануы алюминий, болат алюминий және болат сымдардан, электр техникалық мақсаттағы алюминий профилінен және алюминий қорытпалары тілкемінен, құбырлардан және шиналардан алынатын бірдей қималы сымдардан жасалуы.	Елеулі
418	3 кВ және одан жоғары тарату құрылғыларында мынадай іс-әрекеттерге: 1) жерге тұйықтау пышақтары мен қысқа тұйықтауыштарға ажыратқыштарды, бөлгіштерді және айырғыштарды қосуға; 2) кернеу астындағы шиналауыштан айырғыштармен бөлінбеген шиналауышқа жерге тұйықтау пышақтарын қосуға; 3) егер бұл аппарат конструкциясында көзделмеген болса, жүктеме тогын ажыратқыштармен және ажыратқыштармен ажырату және қосу. Бөгде адамдар үшін қол жетімді ажыратқыштар жетектерінде оларды құлыптармен өшірілген және қосылған жағдайларда жабуға арналған құралдар болуы тиіс.	Өрескел
419	Жерге тұйықтау пышақтарында желі жағынан желілік ажыратқыштардың тек ажыратқыш жетегі бар және жерге тұйықтау пышақтарын	Өрескел

	ажыратылған күйде құлыптармен жабуға арналған құрылғылары бар механикалық бұғаттаудың болуы.	
420	Механикалық (кілтті) жедел бұғаттаудың электр қосылыстарының қарапайым схемалары бар тарату құрылғыларында, ал қалған барлық жағдайларда – электромагнитті қолдану.	Өрескел
421	Жетектерде бөгде адамдар үшін қол жетімді ажыратқыштардың, оларды құлыптармен өшірілген және қосылған жағдайларда жабуға арналған құрылғылардың болуы.	Өрескел
422	Тарату құрылғылары мен кіші станцияларында электр жарықтануының болуы.	Елеулі
423	Ашық тарату құрылғысы мен кіші станциялардың аумағында майды жинауға және жоюға арналған құрылғының болуы, оларда қалыпты пайдалану жағдайларында аппараттық май шаруашылығынан, май қоймаларынан, машина үй-жайларынан, сондай-ақ жөндеу және басқа да жұмыстар кезінде трансформаторлар мен ажыратқыштардан майдың ағуы орын алуы мүмкін.	Өрескел
424	Екі не одан көп секциялар үстінде немесе жинақталған шиналар жүйесі үстінде бір аралықпен шиналаушыны ілуге рұқсат етілмеу.	Өрескел
425	Ашық тарату құрылғылары ток өткізгіш бөліктері үстінен және астынан әуе жарықтандырушы желілерін, байланыс желілерін және сигнал беру желілерін жүргізуге тыйым салу.	Өрескел
426	Май толтырылған трансформаторлардың немесе жанбайтын материалдан жасалған аппараттардың астында іргетастың болуы.	Өрескел
	Трансформаторлық үй-жайлар мен жабық тарату құрылғыларын мына жерлерде орналастыруға жол бермеу:	

427	<p>1) ылғал технологиялық үдерісі бар өндіріс үй-жайларының, суға түсетін бөлмелердің, дәретханалар, душтар астында. Тарату құрылғылары мен кіші станциялардың үй-жайларына ылғал тиюдiң алдын алу гидроокшаулау шаралары сенiмдi қабылданған жағдайда ғана рұқсат етiледi;</p> <p>2) ЖТҚ және трансформаторлық үй-жайдың жабылған жер үстiнде немесе астында 1 сағаттан артық уақыт аралығында 50-ден астам адам болатын үй-жайларда, құрғақ немесе жанбайтын затпен толтырылған трансформаторлар орналасқан трансформаторлық үй-жайларды коспағанда.</p>	Өрескел
428	Тарату құрылғылары есiктерi басқа үй-жайларға немесе сыртқа шығарылуы тиiс және де тарату құрылғы жағынан кiлтсiз ашылатын өздiгiнен жабылатын құлыптарының болуы.	Елеулi
429	Бiр тарату құрылғы бөлiктерi немесе екi тарату құрылғы арасындағы көршiлес үй-жайлар арасындағы есiктердi жабық күйде ұстап тұратын және олардың екi бағытта да ашылуына кедергi етпейтiн құрылғының болуы.	Елеулi
430	1 кВ дейiнгi төмен кернеулi тарату құрылғыларының жағына ашылатын түрлi кернеулi тарату құрылғыларының үй-жайлары (бөлiктерi) арасындағы есiктердiң болуы.	Елеулi
431	Бiр кiлтпен ашылатын бiр кернеулi тарату құрылғылары үй-жайлары есiктерiнiң құлыптарының болуы, тарату құрылғылары және басқа үй-жайлары кiреберiс есiктерiнiң кiлттерi камералардың құлыптарына сәйкес келмеуi тиiс.	Елеулi
432	Жарылыс дәлiздерiнде ашық ток өткiзгiш бөлiктерi бар жабдықтың болмауы.	Өрескел
433	Ажыратқыш жетегiнiң құлыпқа жабылуын орындау.	Өрескел

434	Сақтандырғыштар мен айырғыштың көмегімен орындалған жоғары кернеу желісіне трансформатордың қосылуының болуы.	Өрескел
435	Әуе желісінің соңғы тірегінде ажыратқыштың болуы.	Елеулі
436	Қуаты 35 кВ дейін 0,4 МВА артық емес трансформаторлық кіші станциясының тірек (бағандық) жерден 1 кВ дейінгі әуе желісінің окшауламасына дейінгі арақашықтықтың кемінде 4 м болуын сақтау.	Елеулі
437	20-500 кВ ашық тарату құрылғыларының және ашық кіші станцияларының найзағай түсуден қорғанысының болуы.	Өрескел
438	35 кВ және одан жоғары әуе желілерінің тарату құрылғыларына (кіші станцияларға) енетін жері маңында найзағай түсуден тросс жайтартқышымен қорғанысының болуы.	Өрескел
439	110 кВ бактік майлы ажыратқыштары бар 110 кВ кіші станцияларда окшауламалық майлардың екі стационарлық резервуарынан тұратын ашық қоймасының болуы.	Елеулі
440	Ауаны құрғату сүзгілері, май деңгейінің көрсеткіштері, ағызып алу патрубогындағы сынақтық іске қосушы краны бар майды сақтау резервуарларының болуы.	Елеулі
441	Кернеуді алып тастамай, май көрсеткіштеріндегі майдың деңгейін бақылауға ыңғайлы да қауіпсіз жұмыс шарттарын қамтамасыз етумен трансформатор орнатуды орындау.	Елеулі
442	Егер жалпы жарықтану жеткіліксіз болса, онда май көрсеткіштеріндегі май деңгейін қараңғы мезгілде бақылау үшін май көрсеткіштері жарықтануының болуы.	Болмашы
	Бірінші қабатта орналасқан және ғимараттың басқа үй-жайларынан	

443	окшауланған үй-жайлар ішінде орналастырылған әрбір май трансформаторы үшін жеке камераның болуы.	Елеулі
444	Жасанды түрде суытылатын трансформаторлар суыту жүйесін автоматты түрде іске қосу және тоқтату үшін құрылғылардың болуы.	Елеулі
445	Жасанды түрде суытылатын трансформаторларда май, суытушы су циркуляциясының немесе үрлеу желдеткіштерінің тоқтағаны туралы, сондай-ақ резервтік суытқыш немесе резервтік қоректендіру көзінің автоматты түрде іске қосылғаны туралы сигнал берудің болуы.	Елеулі
446	Жүктеме астындағы кернеуді реттеу құрылғылары жетектерінің шкафтары үшін автоматты түрде басқарылатын электрлік жылытудың болуы.	Елеулі
447	220 кВ кіші станцияларда алынатын сыртқабы жоқ, алмалы-салмалы белсенді бөлігінің салмағы 25 т-дан астам трансформаторлар бар болса, оларды жөндеу үшін трансформатордың іргетасымен темір жол арқылы жалғанатын стационарлық немесе инвентарлық жүктергіш құрылғылардың болуы.	Болмашы
448	Түрлендіргіштің корпусында түрлендіргіштің бос жүрісіндегі кернеуі көрсетілген ескерту белгісінің болуы.	Болмашы
449	Зарядтау және қайта зарядтау қозғалтқыш-генераторларында кері ток пайда болған жағдайда ажырататын құрылғылардың болуы.	Елеулі
450	Аккумуляторлық батарея тізбегінде тораптың қорғау аппараттарына қатысты таңдамалы түрде жұмыс істейтін автоматты ажыратқыштың болуы.	Елеулі
451	Аккумуляторлық батареялар үшін ажыратылған желдетуде	Елеулі

	батареяның элементі 2,3 В жоғары кернеумен зарядталуға мүмкіндік бермейтін бұғаттаудың болуы.	
452	Үй-жайда авариялық жарық беру желісіне қосылған бір жарық шамының аккумуляторлық батареясының болуы.	Елеулі
453	Салқын мезгілде аккумулятор батареясы үй-жайындағы аккумуляторлар орналасқан деңгейдегі температурасы +100С-тан төмен болмауын, ал кезекшілікте персоналы қарастырылмаған кіші станцияларда, егер аккумулятор батареясы ажыратқышты қосып, ажырату есебінен таңдалса, онда 00С-тан төмен емес көрсетілген температураны сақтау.	Елеулі
454	Аккумулятор батареясының үй-жайынан тыс жерде орналасқан және жылы ауаны вентиляциялық канал арқылы беретін, осы үй-жайды жылыту үшін калориферлік құрылғының болуы.	Елеулі
455	Құбырлардың айрықша боялуының болуы.	Елеулі
456	Монтаж алаңдарында электр машиналарының зәкірлерін орналастыру үшін бағандарды орнату орындары осы зәкірлер мен бағандардың салмағы жүктемесіне есептелуі және ерекше боялу түсіне ие болуы тиіс .	Болмашы
457	Монтаж алаңдарында ең көп рұқсат берілетін жүктеменің мағынасы көрсетілген жазбаның болуы.	Елеулі
458	Қуаты 1 МВт-тан асатын электр машиналарын майлау жүйелерінде май деңгейінің көрсеткіштері, май температурасын бақылау аспаптары мен мойынтіректердің, ал циркуляциялық майлау болған жағдайда, бұдан басқа майдың ағуын бақылау аспаптарының болуы.	Елеулі
459	Арматурасы бар құбырларды жалғау мүмкіндігі үшін фланцтердің болуы.	Елеулі

460	Электр машиналарының мойынтіректеріне майды жағу орындарында тікелей орнатылған диафрагмалар мен вентильдердің болуы.	Елеулі
461	Әрбір құбырда кемінде екі оқшаулау аралықтың немесе ұзындығы кемінде 0,1 м оқшауланған ендіріменің болуы.	Елеулі
462	Электр қозғалтқыштарының айналатын бөліктері және электр қозғалтқыштарын механизмдермен (муфталар, шкивтер) жалғайтын бөліктерде кездейсоқ жанасудан қоршаудың болуы.	Елеулі
463	Электр қозғалтқыштарын тоқтату кезінде қоршаған ауаның тартылуын болдырмау үшін ысырманың болуы.	Елеулі
464	Электр қозғалтқыштарының желдеткіш жүйесі тұйықталған кезде ауа мен салқын су температурасын бақылап тұратын аспаптардың болуы.	Болмашы
465	Вибро оқшауланған негіздерде орнатылған, негіздеменің қозғалмалы және қозғалмайтын бөліктері арасында орнатылған электр қозғалтқышына жалғанған кабельдер мен сымдардың иілмелі мыстан жасалған талшықтарының болуы.	Болмашы
466	Электр қозғалтқышы тізбегіндегі кернеу астында тұрған барлық өткізгіштерді бірдей бір уақытта тораптардан ажырататын коммутациялық аппараттардың болуы.	Елеулі
467	Аппаратты бастапқы күйге мәжбүрлі әкелгенге дейін электр қозғалтқышты қашықтан немесе автоматты іске қосу мүмкіндігін болдыртпайтын орнатылған авариялық ажырату аппаратының болуы.	Елеулі
468	Басты тізбектердегі кернеуді қалпына келтіру кезінде электр қозғалтқыш кездейсоқ қосылып кетпеу үшін кернеу жоғалып кеткен барлық жағдайларда басты тізбекті автоматты түрде	Елеулі

	ажырататын блоктаушы байланыстың болуы.	
469	Қорек желісінің нөлдік жұмыс сымна немесе тораптың нөлдік нүктесіне орамаларды фазалық кернеуге қосқанда жалғанған жеке оқшауланған сымға жалғанған нөлдік шықпасының болуы.	Өрескел
470	Электр қозғалтқышы корпусының температурасы жоғарылап кеткен жағдайда ажыратуға және сигнал беруге әсер ететін қорғаныстың болуы.	Елеулі
471	Мойынтіректерін мәжбүрлі майлайтын электр қозғалтқыштарында температура көтерілгенде немесе майлауы біткенде электр қозғалтқышты ажырататын және сигнал беруге әсер ететін қорғаныстың болуы.	Елеулі
472	Мәжбүрлі желдеткіші бар электр қозғалтқыштарында температура көтерілгенде немесе желдетілмей қалғанда электр қозғалтқышын ажырататын және сигнал беруге қорғаныстың болуы.	Елеулі
473	Екі немесе одан да көп параллель тармақтары бар конденсаторлық батареялар үшін тармақтар токтарының тепе-теңдігі бұзылған кезде іске қосылатын қорғаныстың болуы.	Елеулі
474	Жалпы үй-жайларда орнатылған конденсаторлық қондырғылардың торлы қоршаулары немесе қорғау қаптары, сонымен қатар конденсатор корпусының бүтіндігі бұзылғанда кабельдік арналар және үй-жай едендеріне синтетикалық сұйықтықтың ағуын болдырмайтын және үй-жайдан сұйықтықтың буын жоюды қамтамасыз ететін құрылғылардың болуы.	Өрескел
475	Үй-жайда немесе конденсаторлық қондырғының шкафында жеке табиғи желдетудің болуы.	Елеулі
476	Тарату құрылғыларын, трансформаторлық кіші станцияларын кез келген кластың жарылыс қауіпті аймақтар үй-жайларының үстінде және	Өрескел

	астында орналастыруға жол бермеу.	
477	Тарату құрылғылары мен трансформаторлық кіші станциялары арқылы өрт және жарылыс қауіпті, сондай-ақ зиянды және улы заттармен құбырлар салуға жол бермеу.	Өрескел
478	Мынадай мерзімде білімді мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту: 1) әкімшілік-техникалық қызметкерлер, басшылар және мамандар (инспекторлар) қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтерінің бір реттен кем емес үш күнтізбелік жылдың; 2) Электр техникалық және электр технологиялық персонал, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандар, сондай-ақ әкімшілік-техникалық персоналды қоспағанда, іссапарға жіберілген персоналға теңестірілген және құрылыс-монтаж, іске қосу – жөндеу және жөндеу жұмыстарын (оның ішінде өлшеу мен сынақтарды) орындайтын қызметкерлер-күнтізбелік жылда кемінде бір рет.	Өрескел
479	Білімді біліктілік тексеру қорытындысы бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасын ресімдеу.	Елеулі
480	Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергетикалық қондырғыларды басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен мынадай нысандарда: 1) оқытудан, оның ішінде: жұмыс орнындағы тағылымдамадан; білімді бастапқы біліктілік тексеруден; қайталаудан тұратын жана лауазым бойынша дайындау; 2) білімді мерзімді біліктілік тексерулер;	Елеулі

	<p>3) аварияға және өртке қарсы бақылау мақсатындағы жаттығулар;</p> <p>4) нұсқамалар;</p> <p>5) біліктілікті арттыру жұмысын жүргізу.</p>	
481	<p>Жөндеу персоналымен мынадай нысандарда:</p> <p>1) жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістеріне оқытудан;</p> <p>жұмыс орнындағы тағылымдамадан;</p> <p>білімді бастапқы біліктілік тексеруден тұратын жаңа қызмет бойынша дайындаудан тұратын;</p> <p>2) білімді мерзімді біліктілік тексерулер;</p> <p>3) аварияға және өртке қарсы бақылау мақсатындағы жаттығулар;</p> <p>4) нұсқамалар;</p> <p>5) біліктілікті арттыру жұмыс жүргізу.</p>	Елеулі
482	<p>Басшы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.</p>	Елеулі
483	<p>Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың:</p> <p>персоналды дайындау (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды), оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқытудан өту;</p> <p>электр энергетикасы саласындағы білімді біліктілік тексеру;</p> <p>нұсқамалар;</p> <p>аварияға қарсы бақылау мақсатындағы жаттығулар;</p> <p>біліктілігін арттыру;</p> <p>техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, жаттығу дайындықтарының орталықтары мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру;</p> <p>жұмыс орындарын тексеру;</p> <p>кәсіби шеберлік және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері бойынша жарыстар өткізу;</p>	Елеулі

	персоналды мерзімдік медициналық тексерулерден өткізу болуы.	
484	Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және бас техникалық басшысы бекіткен қызметкерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау жөніндегі үлгілік бағдарламаларының болуы .	Елеулі
485	Оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшысы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу.	Өрескел
486	Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулығына сәйкес білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша тобын растамаған жағдайда, қызметкердің міндеттерін орындаудан шеттету.	Өрескел
487	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу.	Өрескел
488	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссияның төрағасы етіп тағайындау.	Елеулі
489	Электр қауіпсіздігі бойынша төрттен кем емес рұқсат тобы бар кемінде үш адамнан тұратын ұйымды біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссияны құру.	Елеулі
490	Дайындықтан өткен қызметкердің өз бетінше жұмысқа жіберілуін ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжатпен ресімдеу.	Елеулі

491	Техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.	Елеулі
492	Мырышталмаған металл тіректердің және темірбетон және ағаш тіректердің металл бөлшектерінің, сондай-ақ болат арқандар мен тіректердің тартқыштарының тоттануға қарсы жабынының болуы.	Өрескел
493	Жедел және жедел емес персоналдың қате іс-әрекеттері, басшы персоналдың жұмысындағы кемшіліктер, энергия жабдықтарына немесе ғимараттарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанғысыз ұйымдастыру нәтижесінде туындаған және энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымдағы аварияға немесе І дәрежелі істен шығуға әкеп соққан технологиялық бұзушылықтардың болуы.	Өрескел
494	Жедел және жедел емес персоналдың қате іс-әрекеттері нәтижесінде туындаған 2 және одан да көп технологиялық бұзушылықтардың, басшы персоналдың жұмысындағы кемшіліктердің, энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымның электр жабдықтарының ІІ-дәрежесінің істен шығуына әкеп соққан жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастырудың болуы.	Елеулі
495	Жедел және жедел емес персоналдың қате іс-әрекеттері, басшы персоналдың жұмысындағы кемшіліктер, энергия өндіруші немесе энергия беруші ұйымда жазатайым оқиғаға әкеп соққан жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанғысыз ұйымдастыру нәтижесінде туындаған технологиялық бұзушылықтардың болуы.	Елеулі

496	Электр желілері техникалық көрсеткіштерінің жобалық немесе белгіленген тәртіппен өзгертілген деректерге (кернеу кластарыбойынша ұзындығы, 35 кВ және одан жоғары шағын станциялар трансформаторларының, 6-10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станциялардың саны және белгіленген қуаты) сәйкес келмеуі.	Өрескел
497	Негізгі және кіші энергетикалық жабдықтардың, ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйін қанағаттанғысыз бағалау.	Елеулі
498	Электр энергиясын тұтынушылардың энергетикалық объектілерді техникалық пайдалану деңгейінің мынадай жабдықтар болған кезде электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмеуі.	Өрескел
499	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның шешімдері бойынша іс-шараларды орындамау.	Өрескел
500	Технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру актілері негізінде әзірленген іс-шараларды уақтылы немесе толық орындамау.	Өрескел
501	Жедел және диспетчерлік тәртіпті сақтау бойынша талаптарды орындамау.	Өрескел
502	Цифрлық майнерде жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымның желілеріне қосылу кезінде онда орнатылған желілермен біріздендіруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, телекоммуникация жүйесінің болуы.	Өрескел
	Цифрлық майнерде: 1) энергия беруші ұйыммен жасасқан электр энергиясын	

503	<p>коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі;</p> <p>2) телекоммуникация жүйесін қабылдау актісі;</p> <p>3) жүктемені ажырату құрылғысын енгізу туралы шешім;</p> <p>4) рұқсат берілген тобы бар білікті персоналдан тұратын не жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларымен жұмыс істеуге рұқсат етілген персоналы бар ұйыммен жасасқан электр қондырғыға қызмет көрсету шартының болуы.</p>	Өрескел
504	<p>Қуаты кемінде бір мегаватт болатын кернеуі 35 киловольт және одан жоғары трансформаторлық кіші станциялардан ғана электр желілеріне қосылуға энергия беруші ұйымдар берген цифрлық майнерлерге арналған техникалық шарттардың болуы.</p>	Өрескел
505	<p>Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын белгіленген квоталар шеңберінде электр энергиясының орталықтандырған сауда-саттығында орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушымен жасасқан шартының болуы.</p>	Өрескел
506	<p>Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндігі шеңберінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірілген орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.</p>	Елеулі
	<p>Цифрлық майнерде электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасасқан электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты жоқ жаңартылатын энергия көздерін</p>	

507	пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.	Елеулі
-----	--	--------

Электр энергетикасы
саласындағы тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
5-қосымша

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.	Елеулі
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.	Елеулі
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның	Елеулі

	технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.	
4	<p>Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты; 6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы. 	Елеулі
5	<p>Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы. 	Өрескел
	Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және	

6	<p>бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі; 2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері; 3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау; 4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы. 	Елеулі
7	<p>Технологиялық бұзушылықтардың техникалық себептерінің жіктеу белгісінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу; 2) дәнекерлеуді, дәнекерлеуді бұзу ; 3) механикалық қосылыстың бұзылуы; 4) механикалық тозу; 5) күлдің тозуы; 6) коррозиялық тозу; 7) эрозиялық тозу; 8) герметикалықтың бұзылуы; 9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету; 10) жарылыс; 11) термиялық зақымдану, қызып кету, күйіп қалу; 12) электр доғасының зақымдануы ; 13) электр окшаулауының бұзылуы; 14) электр байланысының бұзылуы; 15) механикалық бұзылу (зақымдану); 16) жану немесе өрт; 	Өрескел

	<p>17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу; 18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу; 19) жіктелмеген себептер (ресурстың сарқылуы, қож және басқалар); 20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар.</p>	
8	<p>Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жедел персоналдың қате әрекеттері; 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері; 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер; 4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру ; 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері; 6) жобаның ақаулары; 7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары; 11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері). 	Елеулі
9	<p>Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы</p>	Елеулі

	станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануына байланысты II дәрежелі істен шығулардың болуы.	
205	<p>Жинақтарда (қатарларда) басқару пульттері мен релелік қорғаныс, автоматика және телемеханика құрылғыларының қысқыштардың тікелей, қосылудың қосылуын немесе ажыратылуын тудыратын кездейсоқ қосылу, жедел ток тізбектерінде немесе синхронды генератордың (э л е к т р қозғалтқышының, компенсатордың) қоздыру тізбектерінде қысқа тұйықталу жақын жерде болмауы.</p>		
	<p>Жедел персоналдың релелік қорғау, автоматика және телемеханика құрылғыларының</p>		

206	<p>панельдерінде (шкафтарында) кілттердің, контактілі жапсырмалардың, сынақ блоктарының және басқа да құрылғылардың көмегімен операцияларды релелік қорғау, автоматика және телемеханика құрылғыларының панельдерінде (шкафтарында) пайдаланылатын режимдерге арналған релелік қорғаудың, автоматика және телемеханиканың көрсетілген ауыстырып қосқыш құрылғыларының орналасу графигінің болуы.</p>		
207	<p>Релелік қорғау, автоматика және телемеханика құрылғыларын ауыстырып қосу жөніндегі операциялар туралы жедел журналда жазбаның болуы.</p>		
	<p>Авариялық режимдерде жазуды Автоматты жеделдететін өздігінен жазатын аспаптардың, авариялық жазбаның Автоматты осциллографтарының, оның ішінде оларды іске қосу құрылғыларының, кіші станцияларда немесе тарату құрылғыларында орнатылған, релелік қорғау, автоматика</p>		

208	және телемеханика құрылғыларының жұмысын талдау үшін және электр берілісінің әуе желілерінің жарамды, жұмыс жағдайында бұзылған жерін анықтау үшін пайдаланылатын бекітетін аспаптардың (индикаторлардың) және құрылғылардың болуы.		
209	Жерге тұйықтау өткізгішінің дәнекерлеумен орындалған жерге тұйықтау құрылғысына және жерге тұйықтау құрылымдарына, ал басты жерге тұйықтау қысқышына, аппараттардың корпустарына, әуе желілерінің машиналары мен тіреулеріне бұрандамалық қосылыммен (өлшеу жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін) жалғауының болуы.		
210	Жерге тұйықтауға немесе жерге тұйықтау желісіне нөлдеуге немесе жеке өткізгішпен нөлдеуге жататын электр қондырғының әрбір бөлігінің қосылуының болуы.		
	Жерге тұйықтау (нөлдеу) өткізгіштермен электр		

211	кондырғының бірнеше элементтерін тізбектеп жалғауға жол бермеу.		
212	Ашық төселген жерге тұйықтағыш өткізгіштерде тоттанудан және қара түсті бояудан қорғаудың болуы.		
213	<p>Пайдаланудағы ж е р г е тұйықталатын әрбір құрылғыда мынадай ш а р т т а р қамтылатын паспорттың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) күрделі құрылыстарда бекітілуімен құрылғының атқару сұлбасы; 2) жерүсті және ж е р а с т ы коммуникациялары мен және басқа да ж е р г е тұйықталатын құрылғылармен байланыс туралы нұсқау; 3) пайдалануға енгізілген күні; 4) ж е р г е тұйықтағыштардың негізгі параметрлері (материалы, пішіні, сызықтық өлшемдері); 5) ж е р г е тұйықталатын құрылғылардың ток жайылу кедергісінің шамасы; 6) топырақтың меншікті кедергісі; 7) жанау кернеуі бойынша деректер (қажет болған жағдайда); 8) жасанды жерге қосқыштардың тот 		

	<p>басу деңгейі бойынша деректері; 9) жабдықтың жерге тұйықтау құрылғыларымен металды байлам (бекітілу) кедергісі бойынша деректері; 10) қарап шығу және айкындалған ақаулардың ведомосы; 11) ақаулар мен ескертпелерді жою жөніндегі акпарат.</p>		
214	<p>Трансформатордың төменгі кернеу жағында бейтарапта немесе фазада орнатылған оқшауланған бейтарабы бар 1000 В-қа дейінгі желілерде сынама сақтандырғышпен қорғандық болуы.</p>		
215	<p>Тұтынушының электр қондырғыларында найзағайлы және ішкі асқын кернеуден қорғаныстың болуы .</p>		
216	<p>Электр беру желілерінде, ашық тарату құрылғыларында, жабық тарату құрылғыларында, тарату құрылғыларында және кіші станцияларда найзағайдың тікелей соққысынан және электр беру желілерінен өтетін найзағайлы асқын кернеулердің толқынынан қорғаудың болуы.</p>		

217

Найзағайдан қорғайтын құрылғыны монтаждағаннан кейін қабылдау кезінде мынадай техникалық құжаттамалардың болуы:

- 1) уәкілетті органдарда бекітілген және энергия беруші ұйымдарымен келісілген найзағайдан қорғаудың техникалық жобасы ;
- 2) оларды монтаждағанға дейін және одан кейін вентильдік және желілік емес кернеу шектегіштерді сынау актілері;
- 3) түтікше разрядтағыштарды орнату актілері;
- 4) разрядтағыштарды және жайтаратқыштарды жерге қосу кедергілерін өлшеу хаттамалары.

218

Қысқы уақытта (немесе оның жекелеген айларында) ажыратуға рұқсат етілетін ашық тарату құрылғыларында дауылды жел соғатын, көк тайғақ болатын, ауаның температурасы күрт өзгертін және ластануы қарқынды аудандарда найзағайлы асқын кернеулерден

	<p>қорғауға арналған вентильді разрядтағыштарды қоспағанда, вентильді разрядтағыштар мен барлық кернеулердің асқын кернеуін шектегіштердің тұрақты жұмыс жағдайында болуы.</p>		
219	<p>Торапта жерге тұйықталу болған кезде доға сөндіргіш реакторлардың ажыратылуына жол бермеу.</p>		
220	<p>Адамдардың электр қауіпсіздігі шарттары бойынша жоғары талап қойылатын (тау-кен рудаларын өнеркәсіп ұйымдарда, шымтезек әзірлейтін ұжымдарда және т.б .) электр тораптарында жерге бір фазалы тұйықтау жұмысына жол бермеу.</p>		
221	<p>Адамдардың электр қауіпсіздігі шарттары бойынша жоғары талап қойылатын (тау-кен өнеркәсібі, шымтезек әзірлейтін ұйымдарда және т.б.) электр тораптарында жерге кіші станциялардан басқа жаққа таралатын барлық желілер жерге тұйықталудан қорғалатын</p>		

	құрылғылардың болуы.		
222	Мынадай мәндері асып түсетін сыйымдылықтық токтардың болуы кезінде доға сөндіргіш реакторлармен ж е р г е тұйықталатын сыйымдылықтық т о к т ы ң компенсациясын қолдану: тораптың номинал кернеуі, кВ/ сыйымдылықтық ток, А: 6 кВ/30 А, 10 кВ/20 А, 15-20 кВ/15 А, 35 кВ және жоғары/10 А.		
223	Кемінде екі электр беру желісімен орнын толтырумен байланысты кіші станцияларда жерге тұйықтайтын доға сөндіргіш реакторлар болуы.		
224	Доға сөндіргіш реакторларды тұйық кіші станцияларда орнатуға жол бермеу.		
225	Доға сөндіргіш реакторды ажыратқыштар ар қ ы л ы трансформатордың бейтараптарына косуды орындау.		
226	"Жұлдыз-Үшбұрыш" орамдарын косу схемасы арқылы трансформаторды пайдалана отырып, доға сөндіргіш реакторды косудың болуы.		
	Доға сөндіргіш реакторды		

227	балқымалы сақтандырғыштармен қорғалған трансформаторларға қосуға жол бермеу.		
228	Қосуға арналған жерге доға сөндіргіш реакторды кірмесін ток трансформаторы арқылы ортақ жерге қосатын құрылғымен жалғаудың болуы.		
229	Доғалы сөндіргіш реакторларда дыбыс резонансты баптаудың болуы.		
230	Желілік кірмелерге, вентильді ажыратқыштарға немесе асқын кернеулерді шектегіштерге қарағанда оқшаулау деңгейі төмен трансформатордың бейтараптарының асқын кернеулерінен қорғанудың болуы.		
231	Конденсаторлық қондырғыны автоматты түрде басқару, конденсаторлар батареясының жұмыс режимін реттеудің болуы.		
232	Конденсаторлық қондырғының тұтынушының техникалық басшысы бекіткен жұмыс режимдерінің болуы.		
	Конденсаторлық қондырғыдағы конденсаторлар орналасқан жерде		

233	коршаған ауаның температурасын өлшеуге арналған құралдың болуы.		
234	Конденсаторлар корпустарының қабырғасына бекітілген конденсаторлар батареяларының таңбаланған тақтайшаларында зауыттық нөмірлерінің болуы.		
235	Конденсатор корпусының бетінде реттік нөмірлердің болуы.		
236	Конденсаторлық қондырғыларда: 1) тиісті номиналды токтарға (дайындаушы зауыт конденсаторлар қорғанысы сақтандырғыштармен қарастырылған құрылғылар үшін) сақтандырғыш патрондардың резервтік қоры; 2) конденсаторлардың бақылау разрядына арналған арнаулы штанга; 3) алғашқы өртке қарсы құралдар (өрт сөндіргіштер, құм салынған жәшік және қалақша) болуы.		
237	Камера есіктерінің, сондай-ақ конденсаторлық батареялар шкафтарының сыртқы жағында жуылып кетпейтін бояу жағылған электр қауіпсіздігі белгісі, сондай-ақ батареялардың		

	диспетчерлік атауын көрсететін жазудың болуы.		
238	<p>Конденсаторлық кондырғыны тексеру кезінде тексеруді орындау:</p> <p>1) қоршаулар мен ілмектердің жарамдылығы, бөгде заттардың болмауы;</p> <p>2) кернеудің, токтың, қоршаған ауаның температурасының мәндері, жекелеген фазалар жүктемесінің біркелкілігі;</p> <p>3) аппараттардың, жабдықтардың, түйіспелі қосылыстардың техникалық жай-күйі, оқшаулаудың тұтастығы мен ластану дәрежесі;</p> <p>4) сіндіретін сұйықтықтың тамшылап ағуының және конденсаторлар корпустары қабырғаларының рұқсат етілмеген кебуінің болмауы;</p> <p>5) өрт сөндіру құралдарының болуы және жай-күйі.</p> <p>Сондай-ақ жедел құжаттамада тексеру нәтижелері туралы тиісті жазбаны орындау.</p>		
239	Аккумуляторлық үй-жайда бекітпе құрылғылардың (құлыптар) болуы.		

240	<p>Әрбір аккумуляторлық үй-жайда:</p> <p>1) электролитті дайындауға және оны ыдыстарға үстемелеп құюға арналған сыйымдылығы 1,5-2 л шүмекті шыны немесе фарфор (полиэтиленді) саптыаяқтың (немесе құмыраның);</p> <p>2) қышқыл батареяларға арналған ас содасының 2,5% бейтараптандырушы ерітіндісі және сілті батареяларына арналған бор қышқылының немесе сіркелі эссенцияның 10% ерітіндісі (судың сегіз бөлігіне суға бір бөлік);</p> <p>3) қолды жууға арналған судың;</p> <p>4) сүлгінің болуы.</p>		
241	<p>Электролит, тазартылған су және бейтараптандырғыш ерітінділері бар барлық ыдыстарда тиісті жазулардың (атаулардың) болуы.</p>		
242	<p>Аккумуляторлық үй-жайда тілімшілерді балқыту, шіндеу немесе жылыту құбырларын дәнекерлеу жұмыстарын орындау кезінде нарядтың болуы.</p>		
	<p>Электр энергиясын өлшеу және есепке алудың барлық құралдарын, сондай-ақ</p>		

243	ақпараттық-өлшеу жүйелерін тексеруді орындау және салыстырып тексеру туралы сертификаттың немесе салыстырып тексерушінің таңбасының болуы.		
244	Есепке алу аспабын ауыстыру кезінде есепке алу аспабын ауыстыру актісін ресімдеу		
245	Тұтынушының негізгі жабдығы өнеркәсіптік пайдалануға енгізілгенге дейін ақпаратты-өлшеу жүйелерінің метрологиялық аттестаттауы болуы және оларды пайдалану процесінде кезеңдік тексерулерді орындау.		
246	Электр энергиясын өлшеу және есепке алу құралдарына барлық жөндеу, калибрлеу және тексеру туралы белгіленері бар паспорттардың (немесе журналдардың) болуы.		
247	Электр энергиясын есепке алудың әрбір өлшегіш кешеніне паспорт-хаттаманың болуы		
248	Есеп айыратын есептегіштердің калибрлену кезеңділігі мен көлемінанықтайтын жергілікті нұсқаулықтың болуы.		

249	<p>Электр жабдығы мен электр беру желілерінің жұмыс режимі бақыланатын тұрақты өлшеу құралдарында өлшенетін шаманың номинал мәніне сәйкес келетін белгінің болуы.</p>		
250	<p>Электр энергиясын есепке алу жүргізілетін электр энергиясын есепке алудың әрбір құралында (есептегіште) жалғаудың атауын көрсететін жазудың болуы, бұл ретте егер жазудың әрбір есептегішке тиесілігі жазу бір жақты белгіленетін болса, есептегішпен қатар тұрған панельде жазу рұқсат етіледі.</p>		
251	<p>Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылар арасында есеп айырысу жүргізілетін есеп айырысу есептегіштерді ауыстыру және тексеру кезінде энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың келісімінің болуы.</p>		
	<p>Салыстырып тексерілген есеп айыру есептегіштердің қаптама бекітпелерінде тексеруді жүргізген ұйымның</p>		

252	пломбалары, ал есептегіш қыспақтары қалыбының қақпағында - энергиямен жабдықтаушы ұйымның пломбасының болуы.		
253	Электр өлшегіш құралдарында, коммутациялық аппараттарда және есепке алу тізбектерінде электр тізбектерінің а ж ы р а қ қосылыстарында а р н а й ы белгілерімен таңбалаудың болуы.		
254	Авариялық жарықтандырудың ш ы р а қ шамдарының жұмыс шырақ шамдарынан белгілері немесе реңінің ерекшелігі болуы.		
255	Жалпы ток көзін істен ажырату кезінде тәуелсіз коректендіру көзінде (аккумуляторлық батареяға) авариялы жарықтандыру торабының автоматты ауыстырып қосуының болуы.		
256	Жобадан өзгеше схемалар бойынша авариялық жарықтандыру желілерін коректендіруге жол бермеу.		
	Авариялық және ж ұ м ы с жарықтандыру		

257	желілеріне осы жарықтандыруға жатпайтын жүктемелердің кез келген басқа түрлерін жалғауға жол бермеу.		
258	Авариялық жарықтандыру желісін штепсель розеткаларсыз орындау.		
259	Жарықтандыру торабының қалқандары мен құрамаларының беткі жағында электрлік схема мен диспетчерлік атауына сәйкес нөмірі, атауы көрсетілген жазудың (таңбаның) болуы		
260	Жарықтандыру торабының қалқандары мен құрамаларының ішкі жақтарында (мысалы, есіктерінде) балқымалы ендірілген токтың немесе автоматты ажыратқыштарының номинал тогының мәндері және олар арқылы қорек алатын электр қабылдағыштардың атаулары көрсетілген бір сызықты схеманың болуы.		
261	Сақтандырғыштарды, автоматты және автоматты емес бір полюстік ажыратқыштарды нөлдік жұмыс өткізгіштеріне (N) және		

	REN-өткізгіштерге орнатуға жол бермеу		
262	Қауіптілігі жоғары және айрықша жоғары үй-жайларда тасымалды (қолмен) шырақ шамдардың қуат алуы үшін 42 В-тан аспайтын кернеу, ал электр тогымен зақымдану қаупі жоғары үй-жайларда және сыртқы қондырғыларда - 12 В-тан аспайтын керек болуы.		
263	Барлық штепсельді розеткаларда номинал кернеуі көрсетілген жазбаның болуы		
264	12-42 В кернеудегі тораптың шырақ шамдарын қоректендіру үшін автотрансформаторларды пайдалануға жол бермеу		
265	Ішкі, сыртқы тораптарды, сондай-ақ кәсіпорындар, құрылыстар, тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар, ашық кеңістіктер және көшелердің күзет жарықтандыруы жеке желілер бойынша қоректендірудің болуы.		
266	Кіші станциялар мен тарату құрылғылардың екі жақтан шығатын дәліздерінде және үңгі-жолдардағы өтпелерде жарықтандыруды		

	екі жақты басқарудың болуы.		
267	Электр жарығының тораптарына қызмет көрсетуші жедел персоналда осы тораптың калибренген балқымалы ендірілетін қорлары, схемасы, жарықтандырудың осы торабының барлық кернеулі шырақ шамдары мен шамдарының болуы.		
268	Тұтынушының немесе нысанның жедел және жедел-жөндеуші персоналында дербес қоректенетін тасымалды электрлік қолшамдарының болуы.		
269	С ы р т қ ы жарықтандырудың жарықтандырғыш құралдарының жерге тұйықтауын орындау кезінде РЕ ж ә н е PEN-өткізгіштеріне темір бетонды және металл тіректердің қосылуының болуы		
270	Шырақ шамдар корпусын жерге тұйықтау кезінде нөлдік жұмыс өткізгішінен тармақталуына жол бермеу.		
	Стационарлық жабдықтың, апаттық және жұмыс жарықтандырудың электр сымдарының жай-күйін тексеру, электрмен		

271	жарыктандыру торабын пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ одан әрі электр кондырғысына жауапты адам бекіткен график бойынша, бірақ үш жылда бір рет орындалатынсымдар, кабелдер және жерге тұйықтау құрылғыларының оқшаулау кедергісін сынау және өлшеу нәтижелері туралы актілердің (хаттамалардың) болуы		
272	Электрмен дәнекерлеу кондырғысының бірінші реттік тізбегінде коммутациялық (істен ажыратушы) және қорғаныстық электр аппаратының болуы		
273	Индукциялық балқытқыш пештерде балқытуды жүргізу кезінде оқшауламалы сабы бар аспаптардың болуы		
274	Энергетика жүйесі жағынан кернеу жоғалған жағдайда тұтынушылардың авариялық немесе резервтік технологиялық электр станцияларының автоматты қосылу құрылғысының болуы.		
	Тұтынушылардың технологиялық электр		

275	станцияларының қызмет көрсетуі үшін электр қауіпсіздігі бойынша тиісті білікті тобы бар дайындалған персоналдың болуы		
276	Тасымалданатын және жылжымалы электрқабылдағыштарды, оларға кіші жабдықты оқтын-оқтын тексеру мен жөндеуді, инвентарлық есепке алуды тіркеу журналының болуы.		
277	Электр қондырғыларында жұмыстарды орындайтын қызметкерлердің жұмыс сипатына сәйкес келетін кәсіби даярлығының болуы.		
278	Электр қондырғылары орнатылған үй-жайлардың, камералардың, қалқандар мен құрастырмалардың есіктерінде бекітетін құрылғының болуы.		
279	Жұмысты өз бетінше жүргізуге, сондай-ақ нарядпен немесе өкіммен белгіленген жұмыс орындарын және тапсырыс көлемін кеңейтуге жол бермеу.		
	Жергілікті жедел персонал бар (үй кезекшілігінен басқа) электр қондырғыларында		

280	нарядтар және өкімдер бойынша орыңдалатын жұмыстар туралы есеп жүргізу журналында жазбаның болуы.		
281	Журналдың тиісті бағандарында жедел журналда ғана жазылатын, жедел жұмыс атқаратын персоналдың бакылауымен орындалатын жұмыстардан басқа наряд бойынша берілетін рұқсаттама, ол жұмыстың толық аяқталуы, жұмысқа өкім бойынша берілетін рұқсаттама және оның аяқталуы туралы жазбаның болуы.		
282	Жұмысқа наряд бойынша алғаш рет берілетін және күн сайынғы рұқсаттамалар туралы жедел журналда жазбаның болуы.		
283	Нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды есепке алу журналының болуы, оны жергілікті жедел персоналдың жүргізуі және оны соңғы жазбадан кейін 6 ай сақтау.		
	Кернеуі 1000 В-тан жоғары электр жабдықтарын күрделі жөндеуді орындау үшін,		

284	сондай-ақ сымдарда (тростарда) және оларға қатысты окшаулағыштар мен арматураларда, кернеудегі сымдардан, тростардан жоғары орналасқан жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық карталардың немесе өндірістік жұмыстар жобаларының болуы.		
285	Жұмыс жүргізушіні (бақылаушыны) қоса алғанда наряд бойынша жұмыс кезінде бригадада кемінде екі адам болуы.		
286	Жерге тұйықталған ток өткізуші бөліктер кернеудегі ток өткізуші бөліктерден көзге көрінетін үзіктің болуы.		
287	Барлық тарату құрылғыларында және желі токтан ажыратылған секцияланушы коммутациялық аппараттарда кернеуі 1000 В жоғары әуе желілерінің жерге тұйықталуының болуы.		
288	Қарнақтық аралықта монтаждау кезінде, сондай-ақ әуе желісінің монтаждалған учаскесінің қарнақтық тіректерінде тұзақты жалғағаннан кейін,		

	<p>сымдар (тростар) бастапқы қарнақты тіректе және шеткі аралық тіректердің (шеткі қарнақтық тіректің алдында) бірінде жерге тұйықталудың болуы.</p>		
289	<p>Діңгекті трансформаторлық кіші станцияларда, ауыстырып қосу пункттерінде және қоршаулары жоқ басқа құрылғыларда айырғыштардың, жүктеме ажыратқыштардың жетектері, кернеуі 1000 В жоғары шкафтарда құлыптың болуы.</p>		
290	<p>Ұйымдардың, елді мекендердің аумағында, сондай-ақ жер асты коммуникацияларының (электр кабельдері, байланыс кабельдері, газ құбырлары) қорғалатын аймақтарында жер жұмыстарын жүргізу кезінде ұйым басшылығының (тиісінше) жергілікті атқарушы органның және осы коммуникациялардың иесінің жазбаша рұқсатының болуы</p>		
291	<p>Кабельдерді ілу үшін көршілес кабельдер мен құбырларды пайдалануға жол бермеу.</p>		
	<p>Қазылып алынған кабельдерді жауып</p>		

292	тұратын қораптарда "ТОҚТА! КЕРНЕУ" белгісінің (плакат) болуы.		
293	Ілмектері бар соңғы тіректеуіш кермелерде сақтандырғыш құлыптардың болуы .		
294	Әуе желілерінің трассасын ағаштардан тазарту жұмыстарын орындау кезінде нарядтың болуы.		
295	Кернеуін алмай 0,38 кВ оқшаулағыш жабыны бар сымдармен әуе желісінде жұмыстарды орындау кезінде нарядтың болуы.		
296	Э л е к т р жабдығының сынақтары, оның ішінде жылжымалы сынақ қондырғысын пайдаланып өткізілетін электр қондырғысынан тыс сынақтар бойынша жұмыстарды орындау кезінде нарядтың болуы		
297	Компрессорлық-сигналық қондырғылар үй-жайында желдетуді қамтамасыз ететін құрылғылардың болуы		
	Металл элементтері (сауыт жабын, қабықтар, қашықтан коректендірудің мыс талсымдары) бар оптикалық кабельдер пайдаланылған		

298	талшықты оптикалық байланыс желілерін найзағайдан және жоғары кернеу желілерінің әсерінен қорғаудың болуы		
299	Жер асты кәбілдік құрылыстарда, қызмет көрсетілмейтін алыстағы пункттің (қызмет көрсетілмейтін тарату пунктінің) камераларында табиғи немесе мәжбүрлі желдетудің болуы.		
300	Қашықтықтан қоректендіру аппаратурасын сынау алдында барлық қызмет көрсетілмейтін қашықтағы пункттер (қызмет көрсетілмейтін тарату пункттері) мен оларды қоректендіретін қашықтағы пункттер арасында телефон байланысының болуы.		
301	Әрбір электр қондырғысында атаулары бір шиналардың бірдей түстік және әріптік-цифрлық белгілерінің болуы		
	Шиналардамынадай белгілердің болуы: 1) ауыспалы үш фазалы ток кезінде: А фазалы шиналар - сары түспен, В фазалы – жасыл, С фазалы – қызыл, нөлдік жұмыс –		

көгілдір, нөлдік қорғаушы ретінде қолданылатын осы шина – сары және жасыл түсті жолақпен;

2) ауыспалы бір фазалы ток кезінде: ток көзі орамының басына қосылған А шинасы – сары түспен, орамының ұшына қосылған В шинасы – қызыл түспен;

3) бір фазалы ток кезінде егер шиналар үш фазалы жүйенің тармағы болған жағдайда тиісті үш фазалы ток шиналары ретінде белгіленуі;

4) тұрақты ток кезінде: оң шина (+) – қызыл түспен, теріс (-) – көк және нөлдік жұмыс М – көгілдір түспен;

5) резервті шина – резервтелетін негізгі шина ретінде, егер резервті шина негізгі шиналардың кез келгенін ауыстыра алатын болса, онда ол негізгі шиналардың түстерінің көлденең жолақтарымен белгіленуі.

Зауытта жасалған жиынтық таратушы құрылғыларын қоспағанда, таратушы құрылғыларында шиналардың болуы, олар төмендегідей орналастырылады:

- ауыспалы үш фазалы ток кезінде жабық таратушы құрылғыларында

303	<p>шиналарды былайша орналастыру қажет: құрама және айналма шиналары, сондай-ақ секциялық шиналардың барлық түрлері тігінен орналасқан кезде - А-В-С – жоғарыдан төмен; көлденең, еңіс немесе үшбұрыш тәріздес орналасқан кезде - А - біршама алыста, В- ортада, С - қызмет көрсету дәлізіне жақын;</p> <p>- құрама шиналардан тармақталуы: егер шиналарға қызмет көрсету дәлізінен (үш дәліз болған жағдайда - орталықтан) қарайтын болсақ, солдан оңға қарай А-В-С.</p>		
304	<p>Ауыспалы үш фазалы токтың төрт және бес сымды тізбектерінде кернеуі 1кВ дейін электр қондырғыларда төмендегідей орналасқан шиналардың орналасуы: тігінен орналасқан кезде – жоғарыдан төмен қарай А-В-С-N - RE (REN) ; көлденең немесе еңіс түрде орналасқан кезде: А - біршама алыста, RE (REN)- қызмет көрсету дәлізіне жақын;</p>		

	<p>бірізді орналасқан кезде: орналасу реті – А-В-С-N- RE (REN)</p> <p>құрама шиналардан тармақталған кезде: егер шиналарға қызмет көрсету дәлізінен (үш дәліз болған жағдайда - орталықтан) қарайтын болсақ, RE (REN) шиналарынан бастап солдан оңға қарай.</p>		
305	<p>Ашық таратушы құрылғыларда ауыспалы үш фазалы ток кезінде төмендегідей орналасқан шиналардың орналасуы: құрама және айналма шиналардың, сондай-ақ секциялық шиналардың барлық түрлерінің, тұйықтағыш мойнақтардың және сақиналы, біржарымдық схемалардағы мойнақтардың жоғары кернеудегі б а с т ы трансформаторы жағынан А шинасы; ашық таратушы құрылғылардағы құрама шиналардан тармақталуы егер трансформаторға шиналар жағынан қарасақ, шиналар жалғанымының солдан оңға қарай орналасуы А-В-С болатындай орындалуы;</p>		

	<p>ұялардағы тармақталу шиналарының орналасуы олардың орналасуына тәуелсіз құрама шиналарға қатысты бірдей орындалуы.</p>		
306	<p>Тұрақты ток кезінде төмендегідей орналасқан құрама шиналардың орналасуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тігінен орналасқан кезде: жоғары М, ортаңғы (-) және төменгі (+); - көлденең орналасқан кезде: шиналарға қызмет көрсету дәлізінен қарағанда неғұрлым алыс орналасқан М, ортадағы (-) және ең жақыны (+); - құрама шиналардан тармақталуы: шиналарға қызмет көрсету дәлізінен қарағанда сол жақ шина М, ортадағы (-) және оң жақ (+). 		
307	<p>Осы токтың қалыпты режимі кезінде мынадай мәнмен қолданылатын жерге тұйықталған сыйымдылық тогы компенсациясының болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) әуе желісінде де темір-болат және металл тіректері бар 3-20 кВ желілерінде және барлық 35 кВ желілерде – 10 А жоғары; 2) әуе желісінде темір-болат және металл тіректері жоқ желілерде: 		

	<p>кернеуі 3-6 кВ болған кезде - 30 А жоғары; 10 кВ болған кезде – 20 А жоғары; 15-20 кВ болған кезде –15 А жоғары;</p> <p>3) 6-20 кВ схемаларының трансформатор-генератор (генераторлық кернеуде) блоктарында – 5 А жоғары.</p>		
308	<p>I санаттағы электр қабылдағыштар екі тәуелсіз өзара резервтегі қорек көздерінен электр энергиясымен қамтамасыз етілуінің болуы, қорек көздерінің біреуінен электрмен жабдықтауы бұзылған кезде олардың электрмен жабдықталу үзілісі қоректі автоматты қалпына келтіру уақытында болуына ғана жол беріледі.</p>		
309	<p>I санаттағы электр қабылдағыштардың ерекше тобын электрмен жабдықтау үшін тәуелсіз өзара резервтейтін үшінші қорек көзінен қосымша қоректендірудің болуы.</p>		
	<p>II санаттағы электр қабылдағыштарды қоректендіру кезінде екі тәуелсіз өзара резервтейтін ток көздерінің болуы.</p> <p>оларды электрмен жабдықтау</p>		

310	<p>бұзылған кезде, кезекші қызметкердің немесе жедел-көшпелі бригаданың әрекетімен резервтік қоректі қосу үшін қажет уақытқа электрмен жабдықтауда үзіліске жол беріледі.</p>		
311	<p>III санаттағы электр қабылдағыштар үшін электрмен жабдықтау жүйесінің зақымдалған элементін жөндеуге немесе ауыстыруға арналған электрмен жабдықтаудағы үзіліс уақыты 1 күнтізбелік күннен аспаса, бір электрмен жабдықтау қорек көзінің болуы.</p>		
312	<p>Жиынтық шиналардан шиналық тармақтар бөлгіш сөрелерге дейін және соңғысындағы оқшауланған өткізгіш болуы.</p>		
	<p>Тұтынушыға иелігіндегі кіші станцияда белсенді электр энергиясының коммерциялық есептеуіштерінің болуы: 1) энергожүйенің басқа кіші станциясымен электр байланысы болмаған кезде немесе қоректеуші кернеуде басқа тұтынушы болмаған</p>		

кезде – тұтынушының кіші станциясына электр беру желілерінің кіргізілімінде (қабылдау соңында);

2) энергожүйенің басқа кіші станциясымен электр байланысы болса немесе коректеуші кернеуде басқа тұтынушы болған кезде – тұтынушының кіші станциясы трансформаторларының жоғары кернеу жағына орнатылады;

3) егер жоғары кернеу жағында басқа мақсаттар үшін өлшеу трансформаторларынан қолдану талап етілмесе, күштік трансформаторлардың орташа және төменгі кернеулері жағына;

4) егер өз қажеттіліктеріне босатылған электр энергиясы ӨҚ трансформаторларында басқа есептеуіштермен есепке алынбаса; бұл ретте есептеуіштерді төменгі кернеу жағына орнату қажет;

5) егер тұтынушылардың желілерінен немесе трансформаторларынан олардан басқа дербес теңгерімдегі сыртқы тұтынушы (субабонент) коректенетін болса,

	негізгі тұтынушы мен сыртқы тұтынушының шекара бөлінісінде орнатылады.		
314	Санауыштардың механикалық зақымдану немесе олардың ластану қаупі бар жерлерде немесе бөгде адамдар үшін қолжетімді орындарда (өту жолдары, баспалдақ торлары), сондай-ақ төмен кернеу жағында есепке алуды орындау кезінде санауыштарды және Т о к трансформаторлары н бірлесіп орналастыру үшін ұқсас шкафтардың болуы (тұтынушылардың кіргізілімінде).		
315	Төменгі кернеу жағында (тұтынушылардың кіргізілімінде) есепке алуды орындау кезінде есептеуіштер мен т о к трансформаторлары н бірлестіре жайғастыру үшін осыған ұқсас шкафтардың болуы.		
316	Есептік есептеуіштерге арналған электр сымдарында дәнекерлеудің болуына жол бермеу.		
317	Есептеуіш алдында ұзындығы 110 мм нөлдік сым окшауламасының		

	немесе қабығының айрықша бояуының болуы.		
318	Электр энергиясын жеке есепке алатын бірнеше жалғанымдары бар объектіде есептеуіштердің панельдерінде жалғанымдар атаулары жазылуының болуы.		
319	Тұтынушылардың өз иелігінде кәсіпорындарда (есептеуіштер мен өлшеуіш трансформаторлар) техникалық есепке алу аспаптарының болуы.		
320	Кернеуі 110 кВ және одан жоғары желілердің бүлінген орнын анықтау үшін белгілеу аспаптарының немесе бүлінген орынды анықтау функциясы қоса орнатылған релелік қорғау және автоматиканың микропроцессорлық құрылғысының болуы.		
321	Қалыпты режимде электр тогымен зақымданудан қорғау үшін тікелей жанасудан қорғаудың болуы, ол мынадай шарттарды орындау арқылы жеке немесе үйлесімді қолданылады: 1) ток өткізгіш бөліктердің негізгі оқшауламасы; 2) қоршаулар мен қабықтар;		

	<p>3) тосқауылдарды орнату;</p> <p>4) қолжетімді аймақтан тыс орналастыру;</p> <p>5) аз кернеуді қолдану.</p>		
322	<p>Оқшаулама бүлінген жағдайда электр тоғынан зақымданудан қорғау үшін жанама жанасу кезінде қорғаудың болуы, ол мынадай шарттарды орындау арқылы жеке немесе үйлесімді қолданылады:</p> <p>1) қорғаныстық жерге тұйықтау;</p> <p>2) қоректендіруді автоматты ажырату;</p> <p>3) әлеуетті теңдестіру;</p> <p>4) әлеуетті деңгейлестіру;</p> <p>5) екі қабатты немесе күшейтілген оқшаулама;</p> <p>6) аз кернеу;</p> <p>7) тізбекті қорғаныстық электрлік бөліктеу;</p> <p>8) өткізбейтін (оқшауланған) үй-жай, аймақтар, аландар.</p>		
323	<p>Жанама жанасу кезінде егер электр қондырғыларда кернеу 42 В ауыспалы және 110 В тұрақты токтан аспаса, барлық жағдайда қорғаныстың болуы.</p>		
	<p>Кернеуі 1 кВ жоғары желідегі трансформатор арқылы байланысқан,</p>		

324	<p>оқшауланған бейтараптамасы бар 1 кВ дейінгі электр желісі трансформатордың жоғары және төмен кернеу орамдарының арасындағы оқшаулама бұзылған жағдайда тесетін сақтандырғышпен қорғаныстың болуы .</p>		
325	<p>Әрбір трансформатордың төмен кернеу жағында бейтараптамасында немесе фазада тесетін сақтандырғыштың болуы.</p>		
326	<p>Оқшауланған немесе тиімді жерге тұйықталған бейтараптамасы бар кернеуі 1 кВ жоғары электр қондырғыларында электр тогының зақымдауынан қорғау үшін ашық өткізгіш бөліктерін қорғаныстық жерге тұйықтаудың болуы .</p>		
327	<p>Қауіпсіздік шарттары бойынша (көшпелі кіші станциялар мен механизмдерді қоректендіретін желілер үшін) қажет болған жағдайларда барлық электрлі байланысқан желілердегі ажыратуға әрекет ете отырып жерге</p>		

	тұйықталудан қорғаныстың болуы .		
328	Негізгі оқшаулама әуе аралығымен қамтамасыз етілсе, қабықтары, қоршаулар, тосқауылдар немесе қол жету аймағынан тыс жерде орналасқан ток өткізгіш бөліктерге тікелей жанасудан немесе оларға қауіпті арақашықтыққа жақындаудан қорғаныстың болуы .		
329	Тек арнайы кілт немесе сайман арқылы немесе ток өткізгіш бөліктерден кернеу алынғаннан кейінгі жағдайды қоспағанда, қоршаудан өтуге немесе қабықты ашуға жол бермеу.		
330	Тосқауылдар кернеуі 1 кВ дейінгі электр қондырғыларына кездейсоқ жанасудан немесе кернеуі 1 кВ жоғары электр қондырғыларының ток өткізгіш бөліктеріне қауіпті арақашықтыққа жақындаудан қорғану үшін оқшаулама материалдан тосқауылдың болуы .		
331	Электр қондырғыларды сыртқы қоршауды жерге тұйықтағыш		

	құрылғыға қосуға жол бермеу.		
332	Трансформаторды қоршауда орнатуға жол бермеу.		
333	<p>Кернеуі 6-10/0,4 кВ кіші станциялар үшін бір ортақ жерге тұйықтау құрылғысының болуы, оған мыналар жалғанады :</p> <p>1) 1 кВ дейінгі тараптағы трансформатордың бейтараптамасы;</p> <p>2) трансформатордың корпусы;</p> <p>3) кабельдердің металл қабықтары мен сауыты;</p> <p>4) кернеуі 1 кВ дейін және одан жоғары электр қондырғылардың ашық өткізуші бөліктері;</p> <p>5) сыртқы өткізуші бөліктер.</p>		
334	<p>Кіші станция алып жатқан алаңның айналасында кіші станция ғимараты іргетасының шетінен немесе ашық орнатылған ж а б д ы қ іргетасының шетінен кемінде 0,5 тереңдікте және 1 м а с п а й т ы н арақашықтықта жерге тұйықтау құрылғысына жалғанған жабық көлденең жерге тұйықтағыш (контур) болуы.</p>		

	тұйықтауыштарды бояуға жол бермеу.		
336	<p>Мыналарды қорғайтын өткізгіштер ретінде қолдануға жол бермеу:</p> <p>1) оқшаулаушы құбырлар мен түтікті сымдардың металл қабықтары, арқансымды электр өткізгішінің салмақ түсетін арқансымдары, сондай-ақ сымдар мен кабельдердің қорғасын қабықтары;</p> <p>2) газбен жабдықтау құбырлары, жанармайлар және жарылыс қаупі бар заттар мен қоспалардың басқа құбырлары, кәріз және орталық жылыту құбырлары;</p> <p>3) оларда оқшаулау ендірілген болған кезде су өткізу құбырлары.</p>		
337	<p>Басқа тізбектер бойынша қоректендірілетін электр жабдықты нөлдеу үшін бір тізбектердің нөлдік қорғаушы өткізгіштерін қолдануға, сондай-ақ оларға қорғаушы өткізгіштерін керекті жерде қосу мүмкіндігін қамтамасыз ететін зауытта шығарылған шина өткізгіштері мен жиынтық құрылғылардың қабықтары мен</p>		

	<p>т і р е к конструкцияларын қоспағанда, электр жабдықтардың ашық өткізуші бөліктерін басқа электр жабдықтар үшін нөлдік қорғаушы өткізгіштер ретінде қолдануға жол бермеу.</p>		
338	<p>Оқшауланбаған қорғаушы өткізгіштер коррозиядан қорғаныстың, өткізгіштердің кабельдермен, құбыржолдармен, темір жолдармен қиылысқан жерлерінде олардың ғимараттарға кіру жерлерінде және механикалық зақымдануы мүмкін басқа жерлерде қорғаушы өткізгіштердің болуы.</p>		
339	<p>Қиыстырылған нөлдік өткізгіш ретінде бөтен өткізгіш бөліктерді қолдануға жол бермеу.</p>		
340	<p>Жерге тұйықтаушы, қорғаушы өткізгіштерді және элеуеттерді теңдестіру және теңестіру жүйесінің өткізгіштерін дәнекерлеу арқылы орындалған қосудың немесе жалғаудың болуы.</p>		
	<p>Жерге тұйықтаушы және қорғаушы өткізгіштерін ашық өткізуші бөліктерге бұрандалық</p>		

341	жалғанымдар немесе дәнекерлеудің көмегімен жалғаудың болуы.		
342	Қорғайтын өткізгішке ашық өткізуші бөліктерді кезектілікпен қосуға жол бермеу.		
343	Өткізуші бөліктерді әлеуеттерді теңдестірудің негізгі жүйесіне қосу кезінде жеке тармақталудың болуы		
344	Жанама жанасу кезінде адамдар мен жануарларды қорғау үшін коректендіруді автоматты ажыратылудың болуы.		
345	Кабельдер салынатын кабель жайларының және жанбайтын материалдардан жасалған конструкциялардың болуы.		
346	Кабельдік құрылыстарда қандай да бір уақытша құрылғылардың, оларда материалдар мен жабдықтарды сақтауға жол бермеу.		
347	Ашық салынған кабельдер, және барлық кабельдік муфталар кабель биркаларында және шеткі муфталарында маркасын, кернеуі, қимасы, желістің нөмірі немесе атауы		

	, қосылыс муфталарында – муфталардың нөмірі немесе монтаждалған күні көрсетілген биркалардың болуы.		
348	Кабель жайларында салынған кабельдерде ұзындық бойынша әрбір 50 м-ден жиі емес орнатылған биркалардың болуы.		
349	Жерде және салынып бітпеген жерлерге салынған кабель желістерінің қорғаныс аймағында ақпараттық белгілердің болуы.		
350	500 м сайын және кабель желісі бағытының өзгеретін жерлерінде ақпараттық таңбалардың болуы.		
351	Ақпараттық белгілерде кабель желілерінің қорғау аймағының ені туралы ақпараттың және кабель желісі иелерінің телефон нөмірлерінің болуы.		
352	Жерде (траншеяларда), туннельдерде, блоктарда, каналдарда, эстакадаларда, галереяларда және ғимарат қабырғаларында салынған өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтарында кабельдік желілердің болуы.		

353	<p>Туннельдерде, қораптарда, каналдарда, құбырларда, жерде (траншеяларда), жерүсті темір-бетон лотоктарында, эстакадаларда және галереяларда төселген кіші станциялар мен т а р а т у құрылғыларының аумақтарында кабельдік желілердің болуы.</p>		
354	<p>Көшенің өтпейтін бөлігі бойынша (тротуарлар астында), аулалар мен көгалдар түріндегі техникалық жолақтар бойынша ж е р д е (траншеяларда) салынған қалалар мен кенттерде жеке кабельдік желілердің болуы.</p>		
355	<p>Ж е р а с т ы коммуникациялары мен қаныққан көшелер мен алаңдарда, ағындарда, коллекторлар мен кабельдік туннельдерде салынған ағында саны 10 және одан да көп кабель желілерінің болуы.</p>		
356	<p>Блоктарда немесе құбырларда салынған көшелер мен жетілдірілген жамылғылары бар және қарқынды қозғалысы бар алаңдарды қиылысқан кезде кабель желісінің болуы.</p>		

357	<p>Ғимараттардың конструкциялары бойынша (ашық және қораптарда немесе құбырларда), каналдарда, блоктарда, туннельдерде, едендер мен жабындарда төселген құбырларда, сондай-ақ машиналардың іргетастары бойынша, шахталарда, кабельдік қабаттарда және қос едендерде салынған ғимараттардың ішінде кабельдік желілердің болуы.</p>		
358	<p>Жерде немесе суда төселетін кабельдік желілер үшін негізінен брондалған кабельдерді қолдану, бұл ретте осы кабельдердің металл қабықшалары химиялық әсерлерден қорғау үшін сыртқы қабаты болуы тиіс, ал сыртқы қорғаныс жабындарының б а с қ а конструкциялары бар кабельдер (броньдалмаған) блоктар мен құбырларда созу кезінде топырақтың барлық түрлерінде төсеу кезінде механикалық әсерлерге қажетті төзімділігі, сондай-ақ пайдалану-жөндеу жұмыстары кезінде жылу және</p>		

	механикалық әсерлерге қатысты төзімділігі болуы тиіс.		
359	Қораптарда, бұрыштық болаттарда, механикалық зақымданудан қорғау үшін құбырларда кемінде 2 м биіктікте төселген кабель құрылыстарынан тыс кабель желілерінің болуы.		
360	Ашық төсемдер кезінде жанғыш полиэтиленді оқшауламасы бар күштік және бақылаудағы кабельдерді пайдалануға жол бермеу.		
361	Кабельдер салынатын металл қаптамаларымен олар салынатын металл беттері тоттануға қарсы жабынды қорғанысының болуы.		
362	Темір жол көпірлері және көліктің қарқынды қозғалысы бар көпірлер бойынша төсеу кезінде алюминий қабықшадағы брондалған кабельдерден жасалған кабельдік желілердің болуы.		
363	Нөлдік талсымдарды фазалықтан бөлек салуға жол бермеу.		
	Қоректендіретін бактар май		

364	қысымының көрсеткіштерімен жабдыкталып, тікелей күн сәулесі қорғанысының болуы.		
365	Төмен қысымдағы м а й м е н толтырылған кабель желілерінде шеткі, бекіткіш және жалғағыш муфталар ж е р г е тұйықталуының болуы.		
366	Кабельдерді 5 м және одан да көп биіктікте орналастыру кезінде оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін арнайы алаңдар мен өткелдердің болуы.		
367	Өтпелі кабель шахталарының кіретін есігі болуы тиіс және сатылармен немесе арнайы құралының болуы.		
368	Кабельдерді құбыржолдарының астына және үстіне параллель төсеуге жол бермеу.		
369	Кабель желісін жылу құбырымен қатар төсеу кезінде жарықтағы кабель мен жылу құбыры қабырғасының арасындағы арақашықтықтың кемінде 2 м болуы.		
370	Кабель желілерін теміржол кабельдерімен қатар салу кезінде, кабельдер жолдың		

	темір жол қарауына алынған аймақтан тыс салу қажет.		
371	Кабель желілерін трамвай жолымен қатар салу кезінде, кабельден трамвай жолының осіне дейінгі арақашықтықтың кемінде 2,75 м болуы.		
372	Кабель желілерін I және II санаттағы автокөлік жолдарымен қатар салу кезінде, кабельдер кюветтің сыртқа жағынан 1 м арақашықтықта немесе бордюр тасынан 1,5 м арақашықтықтың болуы.		
373	Кабель желілерін 110 кВ және одан жоғары әуе желісімен қатар салу кезінде кабельден шеткі сым арқылы өтетін вертикальды жазықтыққа дейінгі арақашықтықтың кемінде 10 м болуы.		
374	Кабель желілерінен 1 кВ-дан жоғары әуе желісі тіректерінің жерге тұйықтағыштарына және жерге тұйықтау бөліктеріне дейінгі арақашықтықтың 35 кВ дейінгі кернеуде 2 м аспауы, 110 кВ 10 болуы.		
375	К а б е л ь құрылыстарынан ұзындығы кемінде 25 м болғанда Г және Д санатты өндірістері бар		

	үй-жайларға кемінде екі шығу жолының болуы.		
376	К а б е л ь құрылыстарының мықты бітелген өздігінен жабылатын есіктерінің болуы.		
377	К а б е л ь құрылыстарының шығатын есіктері сырттан ашылатын және кабель жайынан кілтсіз ашылатын болуы тиіс, ал отсектер арасындағы есіктер жақын шығатын жердің бағыты бойынша ашылуы және оларды жабық күйінде ұстап тұратын құрылғылармен жабдықталуының болуы.		
378	Кабельдік шаруашылыққа қызмет көрсетумен байланысты емес адамдарға эстакадаға еркін кіруге мүмкіндік бермейтін есіктердің болуы.		
379	Эстакаданың ішкі жағынан кілтсіз ашылатын өздігінен жабылатын құлпы бар есіктерінің болуы.		
380	Туннельдердің бөліктерінің арасында саты салуға жол бермеу.		
381	Туннельдерде дренаж дымеханизмдердің болуы.		
382	К а б е л ь құдықтарының		

	тереңдігі кемінде 1,8 м болуы.		
383	Құдық еденінде топырақ суын және жауын суын жинайтын шағын шұңқырдың болуы.		
384.	Кабель құдықтары металл баспалдақтардың болуы.		
385	Кабель құдықтары мен туннелдердегі люктердің диаметрінің кемінде 650 мм болуы.		
386	Кабель құдықтары мен туннелдердегі люктері екі металл қақпақпен жабылуы керек, оның астыңғысы құлыппен жабылуға арналады және туннел жағынан кілтсіз ашылу.		
387	Кабель құдықтары мен туннельдердің люгін алуға арналған құралдың болуы.		
388	Кабельдік құрылыстарда, эстакадалардан, жалғастырушы муфталарға арналған құдықтардан, каналдар мен камералардан басқа табиғи немесе жасанды желдету болуы, әрі әрбір бөлікті желдету тәуелсіз болуы тиіс.		
389	Өндірістік үй-жайларда кабель желілерінің еденнен 1,8 м кем емес биіктікте орналасуы .		

390	Май құбырларының және жанар май құбырларының астымен және үстімен вертикалды жазықтықта кабельдерді параллель салуға жол бермеу.		
391	Еденге және қабатаралық жабуларға салынатын кабельдер каналдарда немесе құбырларда жүргізіледі оларды кабельмен бітеп тастауға жол бермеу .		
392	Өндірістік орындарда желдеткіш каналдармен кабель жүргізуге жол бермеу.		
393	Өндірістік орындарда баспалдақ торы бойымен кабельді ашық салуға жол бермеу.		
394	Әуе желісінің орман алаптары және көк орай егістіктері бойымен өтетін болса, өзін көтеретін оқшауланған сымдардың (ӨҚС) болуы.		
395	Бір әуе желісі сымдарының екі қиылысуының болуы.		
396	Әуе желісі магистралінде бірқималысымдардың болуы.		
	Әуе желісі магистралінің ф а з а л ы		

397	сымдарының қимасы 120 мм ² фазалы сымдарын пайдалануға жол бермеу.		
398	Әуе желісі ғимаратқа енгізуге 25 м аспайтын тармақталу аралығының болуы немесе тармақталу аралығының ұзындығы 25 м артық болған кезде қосымша аралық тіректің болуы.		
399	ӘЖ - дан тармақталған жерлерде көпмөйінды немесе қосымша оқшаулағыштар қолданылады.		
400	Қиылысу аралықтарын шектейтін кереуі 1 кВ-қа дейінгі әуе желісі тіректерінің сондай-ақ бірге ілу жүргізілетін тіректердің ілгектері, істіктері және арматуралары ж е р г е тұйықталуының болуы.		
401	Әуе желісі тіректеріне орналастырылған қорғаныс аппараттары найзағай кернеуінен сақтау үшін жермен байланыстырғышқа жеке түсіріп байланыстыруының болуы.		
402	Топырақты шайып кететін немесе мұз көшкінінің әсерінен трассаның су басатын		

	учаскелеріне тірек орнатар кезде қатайтылған тіректердің болуы.		
403	Елді мекенде және елсіз мекенде әуе желісі сымдарынан жер беті мен көшенің көлік жүретін бөлігіне дейін кемінде 6 м е т р арақашықтықтың болуы.		
404	Әуе желісі сымдарынан көлденең арақашықтықты сақтау, ғимаратқа, құрылымға және құрылысқа дейін аздаған ауытқу болған жағдайда: 1) 1,5 м - балконға, террасаларға және резеге дейін; 2) 1 метр – бітеу қабырғаға дейін кем болмауы тиіс.		
405	ӘЖ - дан ғимараттарға кірер жолдарға тармақталуларды қоспағанда, ғимараттардың, құрылыстар мен ғимараттардың үстінен оқшауланбаған сымдары бар әуе желісінің өтуіне жол бермеу.		
406	Әуе желісінің сымдарынан жол белгілеріне және олардың көтергіш арқандарына дейінгі қашықтықты сақтау әуе желісінің автомобиль жолдарымен қиылысуы және жақындауы кезінде		

	<p>1 м кем емес, бұл ретте ӘЖ қиылысатын жерлердегі көтергіш арқандар жерге тұйықтау құрылғысының кедергісімен 10 Ом артық емес жерге тұйықталуы тиіс.</p>		
407	<p>Әуе желісі арқан жолдың астымен жүргізілген жағдайда немесе құбыр астымен жүрсе, әуе желісі сымдары олардан арқан жолдың торларын қоршап тұрған өткелге дейін немесе құбырға дейін – кемінде 1 метр арақашықтықты сақтау.</p>		
408	<p>Әрбір қорғаныс аппаратында, өзі қорғайтын желілеріне қажетті қалыпты ток деңгейі көрсетілген, босатқыш тетігі мен балқымалы ендімесінің қалыпты тогы көрсетілген таңбасының болуы.</p>		
409	<p>Электр желілерінде токтың қысқа тұйықталуы кезінде өшірілу уақыты мүмкіндігінше аз болатындай және іріктеу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей қорғаныстың болуы .</p>		
410	<p>Сақтандырғышты нөлдік өткізгіштерге орнатуына жол бермеу.</p>		

411	<p>Трансформатордың ажыратылуы тұтынушылардың электрқондырғыларын токтан ажыратуға әкеп соқтыратын электр жүйелерінің кіші станцияларында қуаты 1 Мвх-тан артық барлық жеке төмендетуші трансформаторларда ажыратқышы және қоректендіруші жағынан ең жоғары ток қорғанышы бар автоматты қайта қосу құрылғыларының болуы.</p>		
412	<p>Кернеу трансформаторын екінші реттік тізбектерінің қысқа тұйықталуынан автоматты ажыратқыштармен қорғанысының болуы.</p>		
413	<p>Тарау құрылғыларының барлық металдан жасалған бөліктерінің боялу немесе коррозияға қарсы басқа жабындысының болуы.</p>		
414	<p>Коммутациялық аппараттардың жетектерінде "Қосылған" және "Ажыратылған" деген жағдайлардың нақты көрсетілуінің болуы.</p>		
	<p>Тарау құрылғыларды ашық ауада орналастырғанда мынадай</p>		

415	<p>талаптардың сақталуын орындау:</p> <p>1) құрылғы жоспарланған ауданда, аудан деңгейінен 0,2 м-ден кем емес орналасуы тиіс және де қоршаған ортаның шарттарына сәйкес келетін конструкциясы болуы керек. Биіктігі 1 м және одан жоғары қар үймелері байқалатын аудандарда шкафтар жоғарылатылған іргетаста орналастырылады.</p> <p>2) шкафтарда аппараттардың, реленің, өлшеу құралдары мен есепке алу құралдарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін жергілікті жылыту қарастырылуы тиіс.</p>		
416	<p>Қоршаған ауаның температурасы минус 25 оС төмен болған жағдайда ашық тарату құралғыларында, жинақталған тарату құралғыларында және жылытылмайтын жабық тарату құрылғыларында майлы ажыратқыштарда май қыздырылуының болуы.</p>		
	<p>Тарату құрылғылары мен кіші</p>		

417	<p>станцияларының шиналануы алюминий, болат алюминий және болат сымдардан, электр техникалық мақсаттағы алюминий профілінен және алюминий қорытпалары тілкемінен, құбырлардан және шиналардан алынатын бірдей қималы сымдардан жасалуы.</p>		
418	<p>3 кВ және одан жоғары тарату құрылғыларында мынадай іс-әрекеттерге: 1)жерге тұйықтау пышақтары мен қысқа тұйықтауыштарға ажыратқыштарды, бөлгіштерді және айырғыштарды қосуға; 2) кернеу астындағы шиналауыштан айырғыштармен бөлінбеген шиналауышқа жерге тұйықтау пышақтарын қосуға; 3) егер бұл аппарат конструкциясында көзделмеген болса, жүктеме тогын ажыратқыштармен және ажыратқыштармен ажырату және қосу. Бөгде адамдар үшін қол жетімді ажыратқыштар жетектерінде оларды құлыптармен өшірілген және қосылған жағдайларда жабуға</p>		

	арналған құралдар болуы тиіс.		
419	Жерге тұйықтау пышақтарында желі жағынан желілік ажыратқыштардың тек ажыратқыш жетегі бар және жерге тұйықтау пышақтарын ажыратылған күйде құлыптармен жабуға арналған құрылғылары бар механикалық бұғаттаудың болуы.		
420	Механикалық (кілтті) жедел бұғаттаудың электр қосылыстарының қарапайым схемалары бар тарату құрылғыларында, ал қалған барлық жағдайларда – электромагнитті қолдану.		
421	Жетектерде бөгде адамдар үшін қол жетімді ажыратқыштардың, оларды құлыптармен өшірілген және қосылған жағдайларда жабуға арналған құрылғылардың болуы.		
422	Тарату құрылғылары мен кіші станцияларында электр жарықтануының болуы.		
	Ашық тарату құрылғысы мен кіші станциялардың аумағында майды жинауға және жоюға арналған		

423	<p>құрылғының болуы, оларда қалыпты пайдалану жағдайларында аппараттық май шаруашылығынан, май қоймаларынан, машина үй-жайларынан, сондай-ақ жөндеу және басқа да жұмыстар кезінде трансформаторлар мен ажыратқыштардан майдың ағуы орын алуы мүмкін.</p>		
424	<p>Екі не одан көп секциялар үстінде немесе жинақталған шиналар жүйесі үстінде бір аралықпен шиналаушыны ілуге рұқсат етілмеу.</p>		
425	<p>Ашық тарату құрылғылары ток өткізгіш бөліктері үстінен және астынан әуе жарықтандырушы желілерін, байланыс желілерін және сигнал беру желілерін жүргізуге тыйым салу.</p>		
426	<p>Май толтырылған трансформаторлардың немесе жанбайтын материалдан жасалған аппараттардың астында іргетастың болуы.</p>		
	<p>Трансформаторлық үй-жайлар мен жабық тарату құрылғыларын мына жерлерде орналастыруға жол бермеу:</p>		

427	<p>1) ылғал технологиялық үдерісі бар өндіріс үй-жайларының, суға түсетін бөлмелердің, дәретханалар, душтар астында. Т а р а т у құрылғылары мен кіші станциялардың үй-жайларына ылғал тиюдің алдын алу гидрооқшаулау шаралары сенімді қабылданған жағдайда ғана рұқсат етіледі;</p> <p>2) ЖТҚ және трансформаторлық үй-жайдың жабылған жер үстінде немесе астында 1 сағаттан артық уақыт аралығында 50-ден астам адам болатын үй-жайларда, құрғақ немесе жанбайтын затпен толтырылған трансформаторлар орналасқан трансформаторлық үй-жайларды қоспағанда.</p>		
428	<p>Т а р а т у құрылғылары есіктері басқа үй-жайларға немесе сыртқа шығарылуы тиіс және де тарату құрылғы жағынан кілтсіз ашылатын өздігінен жабылатын құлыптарының болуы.</p>		
	<p>Бір тарату құрылғы бөліктері немесе екі тарату құрылғы арасындағы көршілес үй-жайлар арасындағы</p>		

429	есіктерді жабық күйде ұстап тұратын және олардың екі бағытта да ашылуына кедергі етпейтін құрылғының болуы.		
430	1 кВ дейінгі төмен кернеулі тарату құрылғыларының жағына ашылатын түрлі кернеулі тарату құрылғыларының үй-жайлары (бөліктері) арасындағы есіктердің болуы.		
431	Бір кілтпен ашылатын бір кернеулі тарату құрылғылары үй-жайлары есіктерінің құлыптарының болуы, тарату құрылғылары және басқа үй-жайлары кіреберіс есіктерінің кілттері камералардың құлыптарына сәйкес келмеуі тиіс.		
432	Жарылыс дәліздерінде ашық ток өткізгіш бөліктері бар жабдықтың болмауы.		
433	Ажыратқыш жетегінің құлыпқа жабылуын орындау.		
434	Сақтандырғыштар мен айырғыштың көмегімен орындалған жоғары кернеу желісіне трансформатордың қосылуының болуы.		
435	Әуе желісінің соңғы тірегінде		

	ажыратқыштың болуы.		
436	Қуаты 35 кВ дейін 0,4 МВА артық емес трансформаторлық кіші станциясының тірек (бағандық) жерден 1 кВ дейінгі әуе желісінің оқшауламасына дейінгі арақашықтықтың кемінде 4 м болуын сақтау.		
437	20-500 кВ ашық т а р а т у құрылғыларының және ашық кіші станцияларының найзағай түсуден қорғанысының болуы.		
438	35 кВ және одан жоғары әуе желілерінің тарату құрылғыларына (кіші станцияларға) енетін жері маңында найзағай түсуден тросс жайтартқышымен қорғанысының болуы.		
439	110 кВ бактік м а й л ы ажыратқыштары бар 110 кВ кіші станцияларда оқшауламалық майлардың екі стационарлық резервуарынан тұратын ашық қоймасының болуы.		
440	Ауаны құрғату сүзгілері, май деңгейінің көрсеткіштері, ағызып алу патрубогындағы сынақтық іске қосушы краны бар майды сақтау		

	резервуарларының болуы.		
441	Кернеуді алып тастамай, май көрсеткіштеріндегі майдың деңгейін бақылауға ыңғайлы да қауіпсіз жұмыс шарттарын қамтамасыз етумен трансформатор орнатуды орындау.		
442	Егер жалпы жарықтану жеткіліксіз болса, онда май көрсеткіштеріндегі май деңгейін қараңғы мезгілде бақылау үшін май көрсеткіштері жарықтануының болуы.		
443	Бірінші қабатта орналасқан және ғимараттың басқа үй-жайларынан оқшауланған үй-жайлар ішінде орналастырылған әрбір май трансформаторы үшін жеке камераның болуы.		
444	Жасанды түрде суытылатын трансформаторлар суыту жүйесін автоматты түрде іске қосу және тоқтату үшін құрылғылардың болуы.		
445	Жасанды түрде суытылатын трансформаторларда май, суытушы су циркуляциясының немесе үрлеу желдеткіштерінің тоқтағаны туралы, сондай-ақ резервтік суытқыш немесе		

	резервтік қоректендіру көзінің автоматты түрде іске қосылғаны туралы сигнал берудің болуы.		
446	Жүктеме астындағы кернеуді реттеу құрылғылары жетектерінің шкафтары үшін автоматты түрде басқарылатын электрлік жылытудың болуы.		
447	220 кВ кіші станцияларда алынатын сыртқабы жоқ, алмалы-салмалы белсенді бөлігінің салмағы 25 т-дан астам трансформаторлар бар болса, оларды жөндеу үшін трансформатордың іргетасымен темір жол арқылы жалғанатын стационарлық немесе инвентарлық жүктергіш құрылғылардың болуы.		
448	Түрлендіргіштің корпусында түрлендіргіштің бос жүрісіндегі кернеуі көрсетілген ескерту белгісінің болуы.		
449	Зарядтау және қайта зарядтау қозғалтқыш-генераторларында кері ток пайда болған жағдайда ажырататын құрылғылардың болуы.		
	Аккумуляторлық батарея тізбегінде		

450	<p>тораптың қорғау аппараттарына қатысты таңдамалы түрде жұмыс істейтін автоматты ажыратқыштың болуы.</p>		
451	<p>Аккумуляторлық батареялар үшін ажыратылған желдетуде батареяның элементі 2,3 В жоғары кернеумен зарядталуға мүмкіндік бермейтін бұғаттаудың болуы.</p>		
452	<p>Үй-жайда авариялық жарық беру желісіне қосылған бір жарық шамының аккумуляторлық батареясының болуы.</p>		
453	<p>Салқын мезгілде аккумулятор батареясы үй-жайындағы аккумуляторлар орналасқан деңгейдегі температурасы +100С-тан төмен болмауын, ал кезекшілікте персоналы қарастырылмаған кіші станцияларда, егер аккумулятор батареясы ажыратқышты қосып, ажырату есебінен таңдалса, онда 00С-тан төмен емес көрсетілген температураны сақтау.</p>		
	<p>Аккумулятор батареясының үй-жайынан тыс жерде орналасқан</p>		

454	және жылы ауаны вентиляциялық канал арқылы беретін, осы үй-жайды жылыту үшін калориферлік құрылғының болуы.		
455	Құбырлардың айрықша боялуының болуы.		
456	Монтаж алаңдарында электр машиналарының зәкірлерін орналастыру үшін бағандарды орнату орындары осы зәкірлер мен бағандардың салмағы жүктемесіне есептелуі және ерекше боялу түсіне ие болуы тиіс.		
457	Монтаж алаңдарында ең көп рұқсат берілетін жүктеменің мағынасы көрсетілген жазбаның болуы.		
458	Қуаты 1 МВт-тан асатын электр машиналарын майлау жүйелерінде май деңгейінің көрсеткіштері, май температурасын бақылау аспаптары мен мойынтіректердің, ал циркуляциялық майлау болған жағдайда, бұдан басқа майдың ағуын бақылау аспаптарының болуы.		
459	Арматурасы бар құбырларды жалғау мүмкіндігі үшін фланцтердің болуы.		

460	Электр машиналарының мойынтіректеріне майды жағу орындарында тікелей орнатылған диафрагмалар мен вентильдердің болуы.		
461	Әрбір құбырда кемінде екі оқшаулау аралықтың немесе ұзындығы кемінде 0,1 м оқшауланған ендіріменің болуы.		
462	Электр қозғалтқыштарының айналатын бөліктері және электр қозғалтқыштарын механизмдермен (муфталар, шкивтер) жалғайтын бөліктерде кездейсоқ жанасудан қоршаудың болуы.		
463	Электр қозғалтқыштарын тоқтату кезінде қоршаған ауаның тартылуын болдырмау үшін ысырманың болуы.		
464	Электр қозғалтқыштарының желдеткіш жүйесі тұйықталған кезде ауа мен салқын су температурасын бақылап тұратын аспаптардың болуы.		
465	Вибро оқшауланған негіздерде орнатылған, негіздеменің қозғалмалы және қозғалмайтын бөліктері арасында орнатылған электр қозғалтқышына		

	жалғанған кабельдер мен сымдардың иілмелі мыстан жасалған талшықтарының болуы.		
466	Электр қозғалтқышы тізбегіндегі кернеу астында тұрған барлық өткізгіштерді бірдей бір уақытта тораптардан ажырататын коммутациялық аппараттардың болуы.		
467	Аппаратты бастапқы күйге мәжбүрлі әкелгенге дейін электр қозғалтқышты қашықтан немесе автоматты іске қосу мүмкіндігін болдыртпайтын орнатылған авариялық ажырату аппаратының болуы .		
468	Басты тізбектердегі кернеуді қалпына келтіру кезінде электр қозғалтқыш кездейсоқ қосылып кетпеу үшін кернеу жоғалып кеткен барлық жағдайларда басты тізбекті автоматты түрде ажырататын блоктаушы байланыстың болуы .		
469	Қорек желісінің нөлдік жұмыс сымына немесе тораптың нөлдік нүктесіне орамаларды фазалық кернеуге қосқанда жалғанған		

	жеке оқшауланған сымға жалғанған нөлдік шықпасының болуы .		
470	Электр қозғалтқышы корпусының температурасы жоғарылап кеткен жағдайда ажыратуға және сигнал беруге әсер ететін қорғаныстың болуы .		
471	Мойынтіректерін мәжбүрлі майлайтын электр қозғалтқыштарында температура көтерілгенде немесе майлауы біткенде электр қозғалтқышты ажырататын және сигнал беруге әсер ететін қорғаныстың болуы.		
472	Мәжбүрлі желдеткіші бар электр қозғалтқыштарында температура көтерілгенде немесе желдетілмей қалғанда электр қозғалтқышын ажырататын және сигнал беруге қорғаныстың болуы .		
473	Екі немесе одан да көп параллель тармақтары бар конденсаторлық батареялар үшін тармақтар токтарының тепе-теңдігі бұзылған кезде іске қосылатын қорғаныстың болуы .		

474	<p>Жалпы үй-жайларда орнатылған конденсаторлық кондырғылардың торлы қоршаулары немесе қорғау қаптары, сонымен қатар конденсатор корпусының бүтіндігі бұзылғанда кабельдік арналар және үй-жай едендеріне синтетикалық сұйықтықтың ағуын болдырмайтын және үй-жайдан сұйықтықтың буын жоюды қамтамасыз ететін құрылғылардың болуы.</p>		
475	<p>Үй-жайда немесе конденсаторлық кондырғының шкафында жеке табиғи желдетудің болуы.</p>		
476	<p>Т а р а т у құрылғыларын, трансформаторлық кіші станцияларын кез келген кластың жарылыс қауіпті аймақтар үй-жайларының үстінде және астында орналастыруға жол бермеу.</p>		
477	<p>Т а р а т у құрылғылары мен трансформаторлық кіші станциялары арқылы өрт және жарылыс қауіпті, сондай-ақ зиянды және улы заттармен құбырлар салуға жол бермеу.</p>		
	<p>Мынадай мерзімде білімді мерзімді (</p>		

478	<p>кезекті) біліктілік тексеруден өту:</p> <p>1) әкімшілік-техникалық қызметкерлер, басшылар және мамандар (инспекторлар) қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметтерінің бір реттен кем емес үш күнтізбелік жылдың ;</p> <p>2) Электр техникалық және электр технологиялық персонал, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандар, сондай-ақ әкімшілік-техникалық персоналды қоспағанда, іссапарға жіберілген персоналға теңестірілген және құрылыс-монтаж, іске қосу – жөндеу және жөндеу жұмыстарын (оның ішінде өлшеу мен сынақтарды) орындайтын қызметкерлер-күнтізбелік жылда кемінде бір рет.</p>		
479	<p>Білімді біліктілік тексеру қорытындысы бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасын ресімдеу.</p>		
	<p>Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергетикалық</p>		

480	<p>кондырғыларды басқаруды жүзеге асыратын жедел басшылармен мынадай нысандарда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) оқытудан, оның ішінде: жұмыс орнындағы тағылымдамадан; білімді бастапқы біліктілік тексеруден; қайталаудан тұратын жаңа лауазым бойынша дайындау; 2) білімді мерзімді біліктілік тексерулер; 3) аварияға және өртке қарсы бақылау мақсатындағы жаттығулар; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру жұмысын жүргізу. 		
481	<p>Жөндеу персоналымен мынадай нысандарда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістеріне оқытудан ; жұмыс орнындағы тағылымдамадан; білімді бастапқы біліктілік тексеруден тұратын жаңа қызмет бойынша дайындаудан тұратын; 2) білімді мерзімді біліктілік тексерулер; 3) аварияға және өртке қарсы 		

	<p>бақылау мақсатындағы жаттығулар; 4) нұсқамалар; 5) біліктілікті арттыру жұмыс жүргізу.</p>		
482	<p>Басшы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.</p>		
483	<p>Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың: персоналды дайындау (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды), оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқығудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімді біліктілік тексеру; нұсқамалар; аварияға қарсы бақылау мақсатындағы жаттығулар; біліктілігін арттыру; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың жаттығу дайындықтарының орталықтары мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру;</p>		

	<p>жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері бойынша жарыстар өткізу; персоналды мерзімдік медициналық тексерулерден өткізу болуы.</p>		
484	<p>Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және бас техникалық басшысы бекіткен қызметкерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау жөніндегі үлгілік бағдарламаларының болуы.</p>		
485	<p>Оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшысы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу.</p>		
486	<p>Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулығына сәйкес білімін біліктілік тексеру кезінде электр қауіпсіздігі бойынша тобын</p>		

	растамаған жағдайда, қызметкердің міндеттерін орындаудан шеттету.		
487	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу.		
488	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссияның төрағасы етіп тағайындау.		
489	Электр қауіпсіздігі бойынша төрттен кем емес рұқсат тобы бар кемінде үш адамнан тұратын ұйымды біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссияны құру.		
490	Дайындықтан өткен қызметкердің өз бетінше жұмысқа жіберілуін ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжатпен ресімдеу.		
491	Техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама		

	нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.		
492	Тұтынушының электрмен жабдықтау схемасы 1 және 2-ші санатты сенімділік талабына сәйкес келген жағдайда, тұтынушымен энергия беруші (энергия өндіруші) және энергиямен жабдықтаушы ұйыммен бірлесіп жасалған энергиямен жабдықтаудың авариялық бронь актісінің болуы.		
493	Цифрлық майнерде жүйелік оператордың және энергия беруші ұйымның желілеріне қосылу кезінде онда орнатылған желілермен біріздендіруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, телекоммуникация жүйесінің болуы.		
	Цифрлық майнерде: 1) энергия беруші ұйыммен жасасқан электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі; 2) телекоммуникация		

494	<p>жүйесін қабылдау актісі;</p> <p>3) жүктемені ажырату құрылғысын енгізу туралы шешім;</p> <p>4) рұқсат берілген тобы бар білікті персоналдан тұратын не жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларымен жұмыс істеуге рұқсат етілген персоналы бар ұйыммен жасасқан электр қондырғыға қызмет көрсету шартының болуы.</p>		
495	<p>Қуаты кемінде бір мегаватт болатын кернеуі 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық кіші станциялардан ғана электр желілеріне қосылуға энергия беруші ұйымдар берген цифрлық майнерлерге арналған техникалық шарттардың болуы.</p>		
496	<p>Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын белгіленген квоталар шеңберінде электр энергиясының орталықтандырған сауда-саттығында орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушымен жасасқан шартының болуы.</p>		

497	<p>Цифрлық майнерде жүйелік оператор айқындайтын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндігі шеңберінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірілген орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.</p>		
498	<p>Цифрлық майнерде электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасас электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты жоқ, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде электр энергиясын сатып алуға арналған шарттың болуы.</p>		

Лауазымды тұлға (лар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
6-қосымша

Тексеру парағы

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Электр энергетикасы саласында

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптама ұйымдарына қатысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 1-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде бес сарапшы (электр-және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің жоғары		

1	<p>инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.</p>		
2	<p>Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 1-санатты сараптамалық ұйымдардың энергетикалық сараптама жүргізу саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.</p>		
3	<p>Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 2-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде үш сарапшы (электр- және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің ж о ғ а р ы инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша</p>		

	рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.		
4	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 2-санатты сараптамалық ұйымдардың энергетикалық сараптама жүргізу саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.		
5	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын 3-санатты сараптамалық ұйымдардың штатында кемінде екі сарапшысы (электр- және жылу энергетиктері), мамандығы бойынша электр энергетигі немесе жылу энергетигінің ж о ғ а р ы инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсаттама тобының (IV және одан жоғары топтар) бар болуы.		
	Энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын барлық санаттағы сарапшы ұйымдарда меншік құқығында немесе өзге заңды негізде мынадай өлшем құралдарының болуы 1) ток қармауыштары; 2) мегаомметр; 3) микроомметр;		

6	<p>4) электрэнергиясы сапасының талдағышы; 5) жерге тұйықтауыш құрылғылардың кедергісін өлшеу аспабы; 6) жоғары кернеумен сынау аспабы; 7) "ноль-фазасы" тізбегінің бір фазалы қысқа тұйық талутогын өлшеу аспабы; 8) жылукөргіш; 9) ультрадыбысты сұйықшығынын өлшеуіш; 10) түйіспесіз (инфракызыл) термометр; 11) түйіспелі термометр; 12) газталдағыш.</p>		
7	<p>Сараптамалық ұйымның энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 1-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.</p>		
8	<p>Сараптамалық ұйымның электр қондырғыларының қуаты 500 киловольтамперге дейін және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағ дейін қосылған электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 2-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.</p>		
9	<p>Сараптамалық ұйымның электр қондырғыларының қуаты 100 киловольтамперге дейін және (немесе) жылу қондырғыларының 1 Гигакалорий/сағ дейін қосылған электр және жылу энергиясын тұтынушылардың 3-санатты энергетикалық сараптамасын жүргізуі.</p>		

10	<p>Жүргізілген энергетикалық сараптама нәтижелері бойынша жасалған, онда сараптама жүргізу мәні бойынша сарапшылардың дәлелді, негізделген және толық қорытындылары көрсетілген, сондай-ақ сараптама ұйымының басшысы бекіткен және мөрімен расталған сараптамалық қорытындының болуы.</p>		
11	<p>Кіріспе, айқындаушы және қорытынды бөліктерден тұратын энергетикалық сараптама қорытындысының мәтінінің болуы:</p> <p>1) энергетикалық сараптама қорытындысының кіріспе бөлігінде құжаттың жасалған орны мен күні, сарапталатын ұйымның толық атауы, оның басшысының лауазымы, тегі және аты-жөні, энергетикалық сараптама жүргізудің атауы мен уақыты, сондай-ақ энергетикалық объектінің тексерілетін жабдықтарының тізбесі туралы мәліметтердің мазмұны;</p> <p>2) энергетикалық сараптама қорытындысының айқындаушы бөлігінде тексерілетін жабдық пен энергетикалық объектінің нақты жай-күйін, сараптама ұйымы анықтаған және сараптама жұмыстары кезеңінде жойылған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы ақпаратты көрсету;</p> <p>3) қорытынды бөлігінде нормативтік құқықтық актінің нақты тармағына</p>		

	сілтеме жасай отырып, электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына анықталған сәйкессіздікті жою жөніндегі іс-шараларды баяндау.		
12	Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға берілген энергетикалық сараптама жүргізуге қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның болуы.		
13	Берілген сараптамалық қорытындының сараптамалық жұмыстар кезеңінде зерттелетін жабдықтың және энергетикалық объектінің нақты жай-күйіне сәйкес келмеуі.		

Лауазымды тұлға (-лар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

Энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің

22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.		
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы		

	жедел хабарламаның болуы.		
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.		
4	Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты; 2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері; 3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі; 4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі; 5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты;		

	<p>6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.</p>		
5	<p>Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <p>1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;</p> <p>2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері;</p> <p>3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау;</p> <p>4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.</p>		
6	<p>Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <p>1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;</p>		

2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері;
3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау;
4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.

Технологиялық бұзушылықтардың техникалық себептерінің жіктеу белгісінің болуы:
1) қондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу;
2) балқытып біріктіруді, дәнекерлеуді бұзу;
3) механикалық қосылыстың бұзылуы;
4) механикалық тозу;
5) күлдің тозуы;
6) коррозиялық тозу;
7) эрозиялық тозу;
8) герметикалықтың бұзылуы;
9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету;
10) жарылыс;
11) термиялық зақымдану, қызып кету, күйіп қалу;
12) электр доғасының зақымдануы;
13) электр оқшаулауының бұзылуы;
14) электр байланысының бұзылуы;
15) механикалық бұзылу (зақымдану);
16) жану немесе өрт;
17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу;
18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу;

	<p>19) жіктелмеген себептер (ресурстың сарқылуы, қож және басқалар);</p> <p>20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар.</p>		
8	<p>Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жедел персоналдың қате әрекеттері; 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері; 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер; 4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру; 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері; 6) жобаның ақаулары; 7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары; 11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері). 		

9	<p>Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануына байланысты ІІ дәрежелі істен шығулардың болуы.</p>		
10	<p>Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен бастап келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 30 күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.</p>		
11	<p>Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылған тергеп-тексеру мерзімдерін сақтау.</p>		
12	<p>Ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге жыл сайын 1 (бірінші) желтоқсанға дейінгі мерзімде жіберген электр қондырғыларының келесі күнтізбелік жылға техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану</p>		

	қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын білуін біліктілік тексеруге жататын басшылар тізімінің болуы .		
13	Көрсетілетін қызметті алушылар құрған және жыл сайын 1 (бірінші) тамыздан бастап дайындық актісін дайындау үшін жұмысты бастайтын күзгі-қысқы кезеңде көрсетілетін қызметті алушының жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның болуы.		
14	Көрсетілетін қызметті алушының комиссиясы 1 (бірінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде айқындаған күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа әзірлігінің болуы.		
15	Көрсетілетін қызметті алушылардың дайындық паспортын алу мерзімін сақтауы – жыл сайын 19 (он тоғызыншы) қазанға дейін.		
16	Мыналардың: 1) негізгі және қосалқы жабдықтарды сынамалық іске қосумен аяқталған жабдықтарды жеке сынау және жекелеген жүйелерді функционалдық сынаудың; 2) энергия объектісін (іске қосу кешенін) пайдалануға қабылдау алдында жүргізілген жабдықтарды кешенді сынаудың болуы.		
	Жедел хабар алмасу бойынша мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып телефон арқылы		

17	технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде берілген энергия кәсіпорындарының жедел хабарламасының болуы.		
18	Энергетикалық кәсіпорындардың технологиялық бұзушылық туындаған кезден бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген жазбаша хабарламасының болуы.		
19	Тұтынушыдан өтінім алғаннан кейін жаңадан енгізілетін немесе қайта жаңартылатын электр қондырғыларын қосуға энергия өндіруші ұйымдар берген техникалық шарттардың мынадай мерзімдерде: 1) қуаты 200 киловатқа дейін (бұдан әрі - кВт) - 5 жұмыс күні ішінде; 2) қуаты 200 - ден 1000 кВт-қа дейін -10 жұмыс күні ішінде; 3) қуаты 1000 кВт жоғары - 15 жұмыс күні ішінде болуы.		
20	Мәлімделген қуаты 10 мегаваттан (бұдан әрі – МВт) жоғары электр желісін пайдаланушыны энергия өндіруші ұйымның электр желісіне қосу кезінде жүйелік оператормен келісілген		

	техникалық шарттардың болуы.		
21	Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органының өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін сұратылатын және қажетті энергия өндіруші ұйым ұсынған уақтылы, анық және толық ақпараттың болуы.		
22	Тұтынушыға (тұтынушыға, тұтынушыға) электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын мерзімде шарттың акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлер) хабарлама жіберу арқылы электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын пайдаланатын тұтынушы).		
	Энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымдардың тұтынушыға электр энергиясын толық беруді мынадай жағдайларда алдын ала ескертусіз тоқтату талаптарын сақтау: 1) энергия өндіруші ұйымның электр желісіне электр энергиясының қабылдағыштарын өз еркімен жалғау;		

23	<p>2) электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепсіз) электр энергиясының қабылдағыштарын қосу;</p> <p>3) тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштерін энергия өндіруші ұйымның және басқа тұтынушылардың э л е к т р қондырғыларының қызметін бұзатын мәнге дейін түсіру;</p> <p>4) энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін жұмыс у а қ ы т ы н д а тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары мен электр қондырғыларына жібермеу (іссапарға жіберілген жұмыскер құқығында);</p> <p>5) авариялық жағдайда.</p>		
24	<p>Электр энергиясын тұтынушыға бұзушылық туралы еркін нысанда жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеуді жүргізу:</p> <p>1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу;</p> <p>2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу;</p> <p>3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі;</p> <p>4) КЕАА жасанды дискісін тежеу;</p>		

	5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.		
25	<p>Энергия өндірісін өндірістік-технологиялық, жедел-диспетчерлік және ұйымдастырушылық-экономикалық басқару міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйелерінің болуы, атап айтқанда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 2) диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесіне; 3) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесіне жүктеледі. 		
26	<p>Энергия өндіруші ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері басшылары мен мамандарының білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден үш жылда кемінде бір рет өту мерзімін сақтау.</p>		
27	<p>Жылына кемінде бір рет энергия өндіруші ұйымның әкімшілік-техникалық персоналын қоспағанда, электр техникалық және электр технологиялық персоналдың, оның ішінде жедел келіссөздер мен қайта қосуды жүргізуге құқығы бар басшылар мен мамандардың білімін мерзімді (кезекті) біліктілік тексеруден өту мерзімін сақтау.</p>		
	Келесі күнтізбелік жылға білімін біліктілік		

28	<p>тексеруге жататын басшылардың тізімін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жыл сайын 1 желтоқсанға дейін жіберу мерзімін сақтау.</p>		
29	<p>Энергия өндіруші ұйым басшысының жұмысқа қабылданғаны немесе жұмыстан босатылғаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне басшы қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жолдау мерзімін сақтау.</p>		
30	<p>Біліктілік тексеру жүргізу үшін комиссия құру туралы энергия өндіруші ұйым басшысының бұйрығының болуы.</p>		
31	<p>Энергия өндіруші ұйым жыл сайын 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде жасайтын келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын мамандар тізімінің болуы .</p>		
32	<p>Білімді біліктілік тексеру қорытындысы бойынша білімді біліктілік тексеру хаттамасын ресімдеу.</p>		
	<p>Жедел және жедел-жөндеу персоналымен, энергия қондырғыларын басқаруды жүзеге асыратын жедел</p>		

33	<p>басшылармен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау:</p> <p>жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімін бастапқы біліктілік тексеру; қайталау; білімнің мерзімді біліктілік тексерулері; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.</p>		
34	<p>Жөндеу персоналымен жұмыс жүргізу нысандарын сақтау:</p> <p>жаңа лауазым бойынша даярлау, оның ішінде: жұмыстарды жүргізудің қауіпсіз әдістеріне оқыту; жұмыс орнында тағылымдамадан өту; білімді бастапқы біліктілік тексеру; білімді мерзімді біліктілік тексеру; аварияға қарсы және өртке қарсы бақылау жаттығулары; нұсқамалар; біліктілікті арттыру.</p>		
35	<p>Энергия өндіруші ұйымның басшысы әзірлеген және бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.</p>		
	<p>Персоналмен жұмыс істеу жоспарында мынадай бағыттар бойынша іс-шаралардың болуы:</p> <p>персоналды (басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды) даярлау , оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өту; электр энергетикасы саласындағы білімін</p>		

36	<p>біліктілік тексеру; нұсқаулық; аварияға қарсы бақылау жаттығулары; біліктілікті арттыру; техникалық кітапханалардың, техникалық кабинеттердің, қауіпсіздік техникасы бойынша кабинеттердің, полигондардың, тренажерлық дайындық орталықтарының мен пункттерінің жұмысын ұйымдастыру; жұмыс орындарын тексеру; кәсіби шеберлік бойынша жарыстар және персоналмен жұмыстың басқа ұжымдық түрлері өткізу; персоналдың мерзімдік медициналық тексеруін жүргізу.</p>		
37	<p>Әрбір лауазым және әрбір жұмыс орны үшін әзірленген және энергия өндіруші ұйымның бас техникалық басшысымен бекітілген жұмыскерлерді жаңа лауазым бойынша даярлау үшін үлгілік бағдарламалардың болуы .</p>		
38	<p>Лауазымға тағайындалғаннан кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде немесе техникалық басшы бекіткен даярлаудың үлгілік немесе жеке бағдарламасында көрсетілген мерзімде оқу және тағылымдама аяқталғаннан кейін білімді бастапқы біліктілік тексеруді жүргізу сақтау.</p>		
	<p>Білімін біліктілік тексеруден өтуден бас тартқан, сондай-ақ білімін біліктілік тексеру</p>		

39	кезінде электр қауіпсіздігі бойынша топты растамау жағдайында лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес жұмыскерді еңбек міндеттерін өту орындаудан шеттету талабын сақтау.		
40	Білімін кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындалған сәттен бастап біліктілік расталған күнге дейін адамды атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға жол бермеу талабын сақтау.		
41	Орталық комиссия төрағасына мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органда білімін тексеруден өткен адамды тағайындау талабын сақтау.		
42	Құрамында төртіншіден төмен емес электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат беру тобы бар кемінде үш адамнан тұратын энергия өндіруші ұйымның біліктілік тексерулері жөніндегі орталық комиссияның болуы.		
43	Жұмыскерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.		
44	Әрбір құрылымдық бөлімшеде техникалық басшы бекіткен барлық лауазымдар мен мамандықтар үшін қайталама нұсқамалар тақырыптарының жылдық тізбесінің болуы.		

45	<p>Жобалық қызметпен айналысуға лицензиясы бар мамандандырылған жобалау ұйымдары әзірлеген "Электр станциясының қуатын беру схемасы" негізінде мәлімделген электр қуаты 5 МВт және одан астам желі пайдаланушыларын электр желісіне қосуға техникалық шарттар беру талабын сақтау.</p>		
46	<p>Жүйелік оператордың нұсқауы бойынша энергия беруші ұйымның электр желілерін мынадай мән-жайлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне немесе электр қондырғылары жабдықтарына төніп тұрған қауіп-қатердің алдын алу; 2) электр станциясындағы немесе қосу жабдықтарындағы авария; 3) энергия өндіруші ұйымның жедел персоналының энергия беруші ұйымның немесе жүйелік оператордың диспетчерлік өкімдерін орындамауы; 4) авариялық жағдайларды жою және оның дамуын болдырмау; 5) еңсерілмейтін күш жағдайлары кезінде генерациялайтын қондырғылардан ажырату тәртібін сақтау. 		

Лауазымды тұлға (-лар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 290 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 27 тамыздағы
№ 78 бірлескен бұйрығына
7-1-қосымша

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы

Ескерту. Бірлескен бұйрық 7-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 22.01.2025 № 33-н/қ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 22.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) барып тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Энергетикалық кәсіпорында мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген нысан бойынша технологиялық бұзушылықтар туралы жиынтық есептіліктің ай		

	сайын, есепті айдан кейінгі айдың жетінші күніне дейін болуы.		
2	Технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде орын алған технологиялық бұзушылықтар мен жазатайым оқиғалар туралы жедел хабар алмасу жөніндегі мобильді бағдарламалар арқылы қайталай отырып, телефонмен арқылы жедел хабарламаның болуы.		
3	Облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның тиісті аумақтық департаментіне және жергілікті атқарушы органға және жүйелік операторға жіберілген энергетикалық кәсіпорынның технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап 12 (он екі) сағаттан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарламасының болуы.		
	Мынадай мәліметтерді қамтитын жедел және жазбаша хабарламалардың болуы: 1) энергетикалық кәсіпорынның атауы, технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның туындаған күні мен уақыты;		

4	<p>2) технологиялық бұзушылықтың, жазатайым оқиғаның болжамды себептері;</p> <p>3) пайдаланылған қорғаулар, автоматика және бұғаттау тізбесі;</p> <p>4) істен шыққан және жұмыста қалған жабдықтардың тізбесі;</p> <p>5) технологиялық бұзушылықтың салдары: бүлінген жабдықтың көлемі, жіберілмеуі, ажыратылған тұтынушылар саны, технологиялық бұзушылықты жою уақыты;</p> <p>6) ақпаратты берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.</p>		
5	<p>Технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерттеу және бағалау үшін авариялардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:</p> <p>1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;</p> <p>2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері;</p> <p>3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау;</p> <p>4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.</p>		

Істен шығу кезіндегі технологиялық бұзушылықтарды тергеу кезінде зерделеу және бағалау үшін энергия өндіруші ұйымның объектілерінде I және II дәрежелі істен шығулардың туындауының, дамуының барлық себептерін сипаттаудың болуы:

1) объектілер мен оларды пайдалану ұйымдарының қауіпсіздік, техникалық жай-күй және пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкестігі;

2) жөндеу, профилактикалық тексерулер мен сынақтар жүргізу, жабдықтың жай-күйін бақылау сапасы мен мерзімдері;

3) жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде технологиялық тәртіпті сақтау;

4) авариялық ошақтар мен жабдықтың ақауларын жою жөнінде шаралар қабылдаудың уақтылығы.

Технологиялық бұзушылықтардың техникалық себептерінің жіктеу белгісінің болуы:

1) кондырғы материалының, оның бөлшегінің немесе торабының құрылымын бұзу;

2) дәнекерлеуді, дәнекерлеуді бұзу;

3) механикалық қосылыстың бұзылуы;

4) механикалық тозу;

5) күлдің тозуы;

6) коррозиялық тозу;

7) эрозиялық тозу;

8) герметикалықтың бұзылуы;

- 9) дірілдің нормативтік мәнінен асып кету;
- 10) жарылыс;
- 11) термиялық зақымдану , қызып кету, күйіп қалу;
- 12) электр доғасының зақымдануы;
- 13) электр окшаулауының бұзылуы;
- 14) электр байланысының бұзылуы;
- 15) механикалық бұзылу (зақымдану);
- 16) жану немесе өрт;
- 17) электр желісінің тұрақтылығын бұзу;
- 18) аварияға қарсы автоматиканы бұзу;
- 19) жіктелмеген себептер (ресурстың сарқылуы, қож және басқалар);
- 20) өндірісті диспетчерлік және технологиялық басқару жүйелерінің жұмысындағы бұзушылықтар.

- Технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілерінің болуы:
- 1) жедел персоналдың қате әрекеттері;
- 2) жедел емес персоналдың қате әрекеттері;
- 3) энергия кәсіпорнының және (немесе) оның құрылымдық бөлімшелерінің басшы персоналының жұмысындағы кемшіліктер;
- 4) жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді қанағаттанарлықсыз ұйымдастыру;
- 5) пайдаланудың басқа да кемшіліктері;
- 6) жобаның ақаулары;

	<p>7) конструкцияның ақаулары; 8) дайындау ақаулары; 9) монтаждау ақаулары; 10) жөндеу ақаулары; 11) құрылыс ақаулары; 12) табиғи құбылыстардың әсері; 13) бөгде адамдар мен ұйымдардың әсері; 14) жіктелмеген себептер (пайдаланудағы жабдықтың пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары тозуы, құстардың, кеміргіштердің әсері).</p>		
9	<p>Қызмет ету мерзімін аяқтамаған жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 110-1150 киловольт (бұдан әрі – кВ) электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануына байланысты II дәрежелі істен шығулардың болуы.</p>		
10	<p>Энергетикалық кәсіпорын комиссия құрған жағдайларда қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға немесе жергілікті атқарушы органға (құзыреті бойынша) жіберілген барлық қосымшаларымен технологиялық бұзушылықты тексеру актісінің екінші данасының болуы.</p>		
	<p>Технологиялық бұзушылықтар туындаған сәттен бастап келесі</p>		

11	жұмыс күнінен бастап есептелетін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей басталатын және күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу мерзімдерін сақтау.		
12	Технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартылған тергеп-тексеру мерзімдерін сақтау.		
13	1) қызмет ету мерзімін әзірлемеген жабдықтың зауыттық ақауларының салдарынан зақымдануы; 2) электр станциясының жүктемені толық түсіруі; 3) 110-1150 кВ электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары қосалқы станциялардың негізгі жабдыктарының зақымдануы; 4) персоналдың қате әрекеттерімен байланысты технологиялық бұзушылықты, аварияларды, I дәрежелі істен шығуларды, сондай-ақ II дәрежелі істен шығуларды тергеп-тексерудің ресімделген нәтижелерін тергеп-тексеру актісінің болуы.		
	Ұйымдар көрсетілетін қызметті берушіге жыл сайын 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде жіберген электр қондырғыларының келесі күнтізбелік жылға техникалық жай-күйі мен		

14	<p>пайдалану қауіпсіздігін бақылау үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді жүзеге асыратын ұйымдардың басшыларында, мамандарында техникалық пайдалану қағидалары мен техника қауіпсіздігі қағидаларын білуін біліктілік тексеруге жататын басшылар тізімінің болуы .</p>		
15	<p>www.egov.kz " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылатын дайындық паспортын алуға құжаттарды қабылдау бойынша 15 (он бесінші) тамыздан бастап 30 (отызыншы) қыркүйекті қоса алғандағы мерзімді сақтау.</p>		
16	<p>Кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының басшылығы әзірлеген іс-шаралар жоспарының болуы және көрсетілетін қызметті алушы дайындық актісіне қоса берілген күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайын болмаған жағдайда оны көрсетілетін қызметті алушының комиссиясымен келісу.</p>		
	<p>Көрсетілетін қызметті беруші комиссиясының шешім қабылдауы үшін дайындық паспортын алу үшін шарттардың орындалғанын растайтын ұсынылған құжаттар мазмұнының сәйкестігі негіз болып табылатын берілген дайындық паспорттарының болуы,</p>		

